“MENTOR” ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

ÜZDIK QALAM

№44 (01) 2026

ҚР Оқу ағарту министірлігі
№20-3-20-7/1428-И хатында
тіркелген

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ

REPUBLICAN SCIENTIFIC AND
EDUCATIONAL
METHODOLOGICAL JOURNAL

WWW.MENTOR-EDU.COM

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ ЕРЕЖЕСІ

Мақсаты:

Педагогтердің ғылыми-танымдық әлеуетін дамыту. Басылымы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою туралы №KZ49VPY00083149 куәлігі 2023 жылы 04 желтоқсанында берілген, құжатқа сәйкес 2024 жылдан бастап шығарылады.

Кезеңдік басылым: 1 жылда 24 рет, қазақ, орыс және ағылшын тілінде жарық көреді. Журналда Қазақстан Республикасының арнайы және жоғары оқу орындары, мектепке дейінгі ұйым, ЖББОМ педагогтерінің шетелдік ғалымдар, ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғалымдары орындайтын (орындаған) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің, эксперименттік әзірлемелердің нәтижелері, сондай-ақ ғылымиақпараттық материалдар және т.б. жарияланады.

ЖАУАПТЫЛАР:

Бас редактор:
Нурбергенова Сауле Турмаганбетовна
Бас редактордың орынбасары:
Давлеткалиева Елизавета Султановна
Редакция алқасы:
Кадирова Зина Кадиркызы
Сулекенова Гульжан Утесиновна
Рысбекова Айнур Маратовна
Муханбедин Аружан Айбаркызы
Меншік иесі: «Mentor» әдістемелік орталығы
(Ақтөбе қаласы)

Редакцияның мекен-жайы: Индексі-030000
Ақтөбе қаласы, А.Молдагулова даңғылы 66/2
Авторлар қолжазбасы, суреттер өңделмейді және кері қайтарылмайды.
Журналда жарияланған материалдары көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, сілтеме жасалуы міндетті.
Журналға жинақтарыңызды kalam2025@mail.ru. почта арқылы жіберулеріңізге болады.

МАЗМҰНЫ

Айтқұлова Жаңагүл Есетқызы..... 4
Биадилова Карлыгаш Жаксыбаевна..... 6
Дудник Елена Андреевна..... 9
Елмұрат Бағым Елмұратқызы..... 11
Ермекбаева Зауреш Абаевна..... 13
Әбдіқадыр Аяжан Төремұратқызы..... 16
Жұмағалиев Батырбек Тәуіпұлы..... 19
Исин Ермек Геннадьевич 23
Каztуганова Райса Нурлыкановна..... 25
Кизатова-Шабанова Акмарал Еркинкызы..... 29
Кубекова Гүлжаһан Абылқайрқызы..... 31
Қалиева Гүлназ Сейілханқызы..... 37
Маханова Ақерке Ерғазықызы..... 39
Махат Гүлзира Әбдіжәмилқызы..... 40
Миянова Кенжегуль Жарасовна..... 42
Оспанкулова Дана Акылбековна..... 44
Сагатова Жулдызай Болатовна..... 46
Сәтбаева Арайлым Жұмабайқызы..... 49
Танбаева Жанзия Талгатовна..... 51
Тасбулатова Акнур Нурлановна..... 54
Тургумбаева Акмарал Маратовна..... 57
Тыныштық Асел Мадиқызы..... 62
Танжарикова Роза Едильхановна..... 65
Төлегенова Дильназ Ералықызы..... 66
Тулебаева Аяулым Туребековна..... 70
Умбетаева Гулмира Затиллаевна..... 15
Утегенова Алия Махсатовна..... 16

ҚОЗҒАЛМАЛЫ ОЙЫНДАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

Айтқұлова Жаңагүл Есетқызы
Ақтөбе облысы. Ырғыз ауданы Б. Алманов атындағы ЖББО мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Денені тәрбиелеу жүйесі қоғамдағы әр адамның денесін тәрбиелеуде жеке басының қабілетін арттыруды көздейді. Әсіресе өмірде керекті жылдамдық, күш ептілік, төзімділік және басқа да дене саласын арттыруға күш салады. Адамның осы кабілеттері негізгі қимыл мүмкіншілігі болып табылады. Осы қимылдар арқылы адамның дене дайындығын әжептәуір жақсартуға болады.

Ойынды өткізуге даярлау егер ойын алғаш рет ұсынылса және оның барысында қалыптасуы мүмкін барлық жағдаяттарда педогог алдын-ала көре алмайтың кезде өте маңызды.Ойынды таңдау ең алдымен сабақтың жалпы міндеттеріне тәуелді, оларды құру кезінде негізгі критерийлер оқушылардың жас ерекшеліктері, олар дамуы, дене даярлықтары, қатысушылардың саны болып табылады.

Ойынды таңдау кезінде сабақ формасын (сабақ, қоңырау, мереке,қыдыру) ескеру қажет. Сабақ пен қоңырау уақыт бойынша шектелген; сабаққа қарағанда қоңыраудағы ойын мазмұны мен міндеттері өзгеше; мереке кезінде негізінен әртүлі жастағы және әртүрлі дене даярлығы бар балалардың бәрі қатыса алатын көпшілік ойындар мен аттракциондар қолданылады.

Ойынды таңдау оның өткізілу орнына тікелей тәуелді. Үлкен емес, тар залда немесе аланшада сызықтық сапқа тұруы бар ойындар, кезектесіп қатысатын ойындар өткізіледі. Үлкен спорт залдарда немесе алаңдарда бытырап жүгіруі, спорттық ойындар элементі, үлкен және кіші доптарды лақтыруы бар ойындар өткізген жақсы. Қыдыру және экскурсия кезінде жер қолданылатын ойындар ойналады. Алаңда қыс болғанда шаңғыдағы, конькидегі, шанадағы ойындар өткізіледі.

Ойынды көшеде ұйымдастыру кеінде ауа-райы жағдайын ескерген жөн (әсіресе қыс күндері). Егер ауа температурасы төмен болса, қатысушылардың белсенді қозғалысы бар ойындар таңдалады. Өз кезегін күтіп, ұзақ тұратын ойындарды қолдануға болмайды. Қатысушылардың ойын тапсырмасын кезектесіп орындайтын аз қозғалмалы ойындар ыстық ауа-райы кезінде өте қолайлы. Көмекші құрал мен инвентардың болуы ойынның таңдалынуы әсер етеді. Сәйкес инвентардың болмауы немесе оны сәтсіз ауыстыру кезінде ойын құрылмауы да мүмкін.

Ойынға арналған алаңды даярлау.

Жергілікте ойналатын ойындарды өткізу кезінде жетекші онымен алдын-ала танысып, ойынға қажетті шартты шекараны белгілеп өтуі тиіс. Ойынға арналған орынды жетекші оқушылармен бірге отырып, даярлайды. Алаңды белгілеп өту көп уақытты талап ететін жағдайда бұл ойын басталмастан бұрын жасалынады. Қарапайым белгілеуді ойын шартын түсіндірумен біруақытта немесе ойын басталғанға дейін жасауға болады, ал әңгіме белгіленген шекараны көрсетумен толықтырылады. Егер ойын жиі өткізілсе, үнемі қолданылатын белгілеу жасауға болады.

Қозғалмалы ойынға арналған инвентарь даярлау.

Қозғалмалы ойын сәйкес инвентармен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл жалаушалар, түрлі-түсті бойаулар, әртүрлі көлемдегі доптар, ағаштар, сақиналар, секіргіштер және т.с.с. Инвентарь жарқын түсті, ойынды байқаулы болуы керек, бұл әсіресе бастауыш сынып оқушылары үшін маңызды, ал көлемі мен салмағы – ойыншылардың әлі келетіндей болуы тиіс. Инвентар саны алдын-ала қарастырылады.

Ойынды алдын-ала талдау.

Ойынды өткізбес бұрын жетекші ойын үрдісін ойлап табуы және ойын барысында туатын барлық мүмкін жағдаяттарды қарастыруы тиіс. Әсіресе қаламаған құбылыстардың алдын-ала, қарастыру қажет.

Ойыншылардың берілген ұжымын жақсы білетін жетекші ойыншылар ролін алдын-ала белгілеп, ойынға әлсіз және пассивті ойыншыларды қалай тарту керектігін қарастыруы керек.

Кейбір ойындарды өткізу үшін ол алдын-ала өзіне көмекшілерді таңдап алады, олардың қызметтерін анықтайды, қажет болған жағдайда оларға даярлануға мүмкіндік береді. Көмекшілер бірінші болып ойын ережесі мен оның өткізу орнымен танысады.

Ойынды түсіндіру.

Ойынның дұрыс түсіндірілуі белгілі бір мөлшерде оның жетістігіне әсер етеді. Жоғарыда айтылғандай, ойынды бастамастан бұрын жетекші оның мазмұнын анық түсініп, алдын-ала талдап алу керек, тек осыдан кейін ғана оны түсіндіруге кірісуге болады.

Әңгіме қысқа болуы тиіс: созылған түсіндіру ойынды қабылдауға кедергі келтіреді. Бастауыш сыныптардағы ойындардың ерекшелігі оларды ертегі, тартымды формада түсіндіруге болатындығында. Әңгіме логикалық, бірізді болуы тиіс. Кез-келген ойынды шамамен мына сызбада түсіндіруге болады:

1. Ойын атауы (ойынның қандай мақсатта өткізілетіндігін айтуға болады);
2. Ойнаушылардың рөлі және олардың алаңда орналасуы.
3. Ойын мазмұны;
4. Ойын мақсаты;
5. Ойын ережесі.

Ойынды түсіндіру ойыншылардың сұрақтарына жауап берумен аяқталады. Барлығына назар бөле тұрып, қатты дауыспен жауап етілуі тиіс. Ойын барысы туралы әңгімелей отырып жетекші, талассыз, ережелерді де атап өтеді, алайда әңгіме соңында балалар есінде жақсы сақтау үшін оларды тағы бір атап өту керек.

Командаларға бөлу де әртүрлі тәсілдермен жүзеге асады:

1. Жетекші күштері бойынша шамалас командаларды құру қажет етілетін жағдайлада ойнаушыларды өз қарастыруы бойынша командаларға бөледі. Мұндай тәсіл жоғары сыныптарды күрделі қозғалмалы және спорттық ойындарды өткізу кезінде жиі қолданылады. Командаларды құруға ойнаушылар қатыстырылмайды.
2. Командаларға ойнаушыларды бөлудің басқа тәсілі оқышылады бір шеренгаға тұрғызып, бір-екіге саналту, бірінші нөмірлілер-бір команданы, екіншілері-басқасын құрады. Осы тәсілімен бірнеше команда құруға болады.

Осылайша жылдам бөлу уақыт бойынша шектелген сабақ үшін де мақсатты бағыттылы, алайда мұндағы бір кемшілік командалар күштері бойынша шамалас емес.

Командалар капитанын таңдау

Командалар капитандар ролі өте зор: олар тұтасымен барлық команданың және жеке ойыншылардың тәртіптеріне жауап береді. Капитанға командадағы ролдерді бөлуге, ережелер мен тәртіптің сақталуын басқаруға құқық беріледі. Ол жетекшінің тікілей көмекшісі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ю. Тілеуғалиев «Дене тәрбиесі оқыту әдістемесі» А «Атамұра» 2013ж
2. Ю. Тілеуғалиев., Қ. Адамбеков., С. Қасымбекова «Дене тәрбиесі» 5 сынып. А. «Атамұра» 2013
3. С. Қасымбекова., Д. Мырзахмед. «Дене тәрбиесі сыныптан тыс жұмыстар». А. «Атамұра» 2011

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

SMART ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Биадилова Карлыгаш Жаксыбаевна
Жетісу облысы білім басқармасының
Көксу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
Талапты орта мектебі» КММ-нің география пәнінің мұғалімі

Аңдатпа. Қазіргі қоғамның талаптарына сай білім беру жүйесі оқушылардың тек пәндік білімін емес, сонымен қатар функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруды көздейді. Бұл – алған білімді өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдану, дербес ойлау, шешім қабылдау, ақпаратты талдау және бағалай білу қабілеттерін дамыту. Осы бағытта SMART технологиясы мен кіріктірілген оқытудың маңызы артып отыр. Әсіресе, география пәнін жаратылыстану ғылымдарымен кіріктіру – білімнің тұтастығын қамтамасыз етіп, оқушының сыни ойлауын және ғылыми сауаттылығын арттырады. SMART технологиясын қолдану арқылы сабақтар нақты мақсатқа негізделіп, оқушы жетістігін дәл бағалауға мүмкіндік береді.

Оқыту процесінде SMART технологияларды қолданудың негізгі ерекшелігі – бұл білім алушыларға өз бетімен немесе бірлескен түрде шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз-өзіне сын көзбен қарауына, ғылыми жұмыспен айналысуға мүмкіндік береді.

«**S M A R T**» терминінің аббревиатурасы:

S elf-Directed –өздігінен білім алуға бағытталған;

M otivated – білім алушының белсенді танымдық әрекетін негіздейді;

A daptive –білім беру субъектісіне бейімделген;

R esourse – қолжетімділігі еркін білім беру ресурстары;

T echnology Embedded – технологиялармен қамтамасыз етеді.

Smart education немесе ақылды білім беру – бұл ыңғайлы түрде интерактивті ортада жүзеге асырылған әлемдік деңгейдегі қолжетімді контент арқылы білім беру болып табылады. Smart education барлық білім беру үдерістерін және осы үдерісте қолданылатын барлық әдістер мен технологиялардың түгелдей жаңаруын жүзеге асырады және де ақылды тақта, ақылды экран, кез-келген жерден интернетке қосылу сияқты жаңа технологиялардың туындауына себеп болады. Осы пайда болған жаңа технологиялар контентті жасақтап, жүйелеп, пайдаланушыға жеткізеді. Соның арқасында білім беруді жүзеге асыру тек сыныпта ғана емес, кез-келген жерде: үйде немесе мұражай, кафе сияқты қоғамдық жерлерде де мүмкін болады. Яғни білім беру үдерісінің кез келген қатысушысы (оқушы немесе мұғалім) интернет желісі арқылы ортақ контентті белсенді пайдалана алады. Бұл өз кезегінде білім беру үдерісінің уақытқа немесе орынға (сынып, аудитория) тәуелділігін жояды.

Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. **Smart** технологияны қолданып, сабақты ұтымды жүргізу оқытушыдан терең білімділікті, оқу процесін шеберлікпен ұйымдастыруды талап етеді. Мұндай сабақ материалдары әр алуан ғылымдағы өзара байланыстарды оқушылардың зерделеуіне, олардың білімін арттыруға мүмкіндік береді.

Smart білім беру – кәсіби мамандардың күш-жігерін біріктіретін креативті білім беру ортасы. Smart білім беру – бұл барлық білім беру үдерістерінің күрделі байланысын қамтитын бағыт, сондай-ақ осы үдерістерде қолданылатын әдістер мен технологияларды қамтиды.

Smart-оқытудың негізгі элементтері: Smart-орта, Smart педагогика, Smart білім алушы

SMART-модельдің кезеңдері:

- Ауыстыру (Substitution): Цифрлық технологиялар дәстүрліні алмастырады (мысалы, Word бағдарламасында мәтін теру)
- Жинақтау (Augmentation): Цифрлық технологиялар оқу міндеттерін шешуде оңтайландыру құралына айналады (мысалы, Google нысандарында, Kahoot мобильді қосымшалары)
- Модификация (Modificat): Білім беру процесіндегі және оған қатысушылардың өзара ісқимылындағы елеулі функционалдық өзгерістер (мысалы, аралас оқыту технологияларын пайдалану)
- Қайта құру (Redefinition): Бұрын шешілуі керек мүмкін емес жаңа педагогикалық міндеттерді қою және шешу

SMART-оқытудың ерекшеліктері

Педагог білім алушының оқу іс-әрекетін оқытудың ең үлкен мотивациясын қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастыруы керек: жаңа ақпаратты білу және бекіту, оны бағалау, проблемалық тапсырмаларды бірлесіп талқылау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, пікірталасқа қатысу.

Smart-оқыту білім беру сапасын арттыру, педагогтердің көптеген электронды материалдарды оқуға деген ынтасы мен қызығушылығы арқылы жаңа сипаттамаларға ие болады, жаңа мүмкіндіктер ашады: тәжірибе мен идеялармен бөлісу, ғылыммен көбірек айналысу, курсты оның міндеттері мен құзыреттілігіне қарай дербестендіру, уақытты үнемдеу.

Smart-оқытуды енгізу педагогтерге өз кәсіби саласында ғана білімді болуға мүмкіндік бермейді, сонымен қатар оларға оқушылардың жаңа ғасыр әлеуетін: шығармашылық, бірлескен жұмыс және коммуникация қабілетін дамытуға, проблемаларды коллаборативті шешу кезінде сыни ойлауын дамытуға, оқытудың инновациялық технологиялар мен әдістерді пайдалануға көмектеседі.

SMART (Specific, Measurable, Achievable, Relevant, Time-bound) – нақты, өлшенетін, қолжетімді, өзекті және уақыты шектеулі мақсат қоюға негізделген технология. Сабақ барысында SMART әдісін қолдану арқылы мұғалім:

- оқу мақсатын нақты қояды;
- оқушыларға нәтижеге жету жолын түсіндіреді;
- бағалау өлшемдерін айқындайды;
- оқушылардың өз бетімен білім алуына жағдай жасайды.

География пәні – табиғат, қоғам және адам арасындағы байланысты зерттейтін кешенді ғылым. Осы ерекшелігі оны жаратылыстану ғылымдарымен кіріктіре оқытуға мол мүмкіндік береді. География пәнінің мазмұны жаратылыстану ғылымдарымен тығыз байланысты болғандықтан, кіріктірілген оқытудың тиімділігі өте жоғары. Жаратылыстану бағытындағы биология, химия, физика, информатика пәндерімен кіріктіре отырып оқыту – оқушылардың ғылыми дүниетанымын кеңейтіп, зерттеушілік қабілетін дамытады.

Мысалы:

- Физикамен кіріктіру: ауа массаларының қозғалысы, климаттық процестер;
- Химиямен кіріктіру: топырақ пен судың химиялық құрамы, атмосфераның ластануы;
- Биологиямен кіріктіру: табиғи зоналар, экожүйелер, биоалуантүрлілік;
- Информатикамен кіріктіру: картографиялық модельдеу, геоақпараттық жүйелер (ГИС), деректерді визуализациялау.

SMART технологиясын қолдану арқылы сабақтар нақты мақсатқа негізделіп, оқушы жетістігін дәл бағалауға мүмкіндік береді.

Кіріктіру:

7-9 сынып білім алушыларына «Физикалық география» бөлімінің

«Атмосфера» бөлімшесі бойынша өткізетін тақырыптарды SMART технологиясы арқылы келесі пәндермен кіріктіруге болады:

- География: климаттық белдеулерді, жаһандық жылыну карталарын талдау
- Физика: парниктік эффект, жылу өткізгіштік
- Химия: атмосферадағы CO_2 мен CH_4 газдарының рөлі
- Биология: климаттың тірі ағзаларға әсері
- Информатика: деректерді SMART платформада өңдеу, график, диаграмма арқылы ұсыну

SMART мақсат үлгісі:

- S (нақты): Оқушы климаттың өзгеру себептерін атайды
- M (өлшенетін): Инфографика арқылы жаһандық жылынудың кемінде 3 салдарын сипаттайды
- A (қолжетімді): График/картамен жұмыс істей алады
- R (маңызды): Климаттың тіршілікке әсерін түсінеді
- T (уақыт): 1 сабақ ішінде топтық талдау жасап, постер қорғайды

Нәтиже: Оқушылар пәнаралық білімді қолданып, дербес шешім қабылдайды, ғылыми ойлауы дамиды.

Функционалды сауаттылықты дамыту жолдары:

Кіріктірілген SMART оқыту технологиясы арқылы білім алушыларды келесі функционалды дағдылар қалыптасады:

1. Сыни ойлау: табиғи және әлеуметтік құбылыстарды саралап, себеп-салдарын талдау;
2. Ақпараттық сауаттылық: карта, кесте, диаграмма, график сияқты ақпарат көздерін оқу және қолдану;
3. Коммуникативтік дағды: жұптық, топтық жұмыстарда өз ойын дәлелді жеткізу;
4. Шығармашылық: жобалық тапсырмалар орындау, шешім жолдарын ұсыну;
5. Ғылыми сауаттылық: ғылыми әдіснама негізінде зерттеу жүргізу (гипотеза, тәжірибе, қорытынды).

SMART технологиясы мен кіріктірілген оқыту әдісі – оқушының функционалды сауаттылығын қалыптастырудағы заманауи әрі тиімді құрал. География пәнін жаратылыстану ғылымдарымен байланыстыра отырып оқыту – оқушылардың ғылыми дүниетанымын кеңейтіп, өмірмен байланысты нақты білім алуға мүмкіндік береді.

Географияны SMART технологиясы негізінде пәнаралық кіріктіру – оқушыны өз бетінше ізденуге, ақпаратпен жұмыс істеуге, шешім қабылдауға дағдыландырып, ғылыми ойлауын, талдау жасау қабілетін, шығармашылығын дамытады және болашақта саналы азамат ретінде қалыптасуына ықпал етеді.. Бұл әдістеме білім беруде жаңа серпін беріп, заманауи оқушыны дайындаудың тиімді жолы ретінде қарастырылады.



РАЗВИТИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ ПРИ ОСВОЕНИИ НОВОЙ ИНФОРМАЦИИ НА УРОКЕ

Дудник Елена Андреевна
учитель начальных классов КГУ
«Комсомольская общеобразовательная средняя школа
ГУ «ОО Айтекебийского района
УО Актюбинской области»

Аннотация. В статье рассматривается проблема развития критического мышления младших школьников в процессе освоения новой информации на уроке. Раскрывается актуальность формирования критического мышления в условиях обновления содержания образования и роста информационных потоков. Представлены теоретические основы технологии развития критического мышления, охарактеризованы ее основные стадии и методические приемы. Особое внимание уделено практическим заданиям, направленным на активизацию мыслительной деятельности учащихся начальных классов при изучении нового учебного материала. Статья адресована учителям начальных классов, методистам, студентам педагогических специальностей.

Ключевые слова: критическое мышление, начальная школа, новая информация, технология развития критического мышления, учебная деятельность.

Введение. Современная система образования функционирует в условиях стремительного увеличения объема информации и постоянного обновления знаний. В этих условиях приоритетной задачей школы становится не только передача готовых знаний, но и формирование у обучающихся способности самостоятельно работать с информацией, анализировать ее, делать выводы и принимать обоснованные решения. Особенно значимой данная задача является на уровне начального образования, поскольку именно в младшем школьном возрасте закладываются основы мышления, познавательной активности и учебной самостоятельности ребенка.

Основная часть. Освоение новой информации на уроке традиционно рассматривалось как процесс усвоения и воспроизведения учебного материала. Однако в условиях обновленного содержания образования акцент смещается в сторону осознанного понимания, интерпретации и критической оценки получаемых знаний. В этой связи развитие критического мышления младших школьников становится важным условием повышения качества обучения и подготовки учащихся к дальнейшему образованию.

Критическое мышление в педагогике рассматривается как способность личности анализировать информацию, сопоставлять факты, выявлять причинно-следственные связи, формулировать аргументированные выводы и оценочные суждения. Для младшего школьного возраста критическое мышление не сводится к критике как отрицанию, а проявляется в умении задавать вопросы, сравнивать, рассуждать, делать предположения и проверять их.

Одной из эффективных педагогических технологий, направленных на формирование данных умений, является технология развития критического мышления. Она предполагает активное включение учащихся в процесс познания и строится на трех взаимосвязанных стадиях:

1. **Стадия вызова** – актуализация имеющихся знаний, пробуждение интереса к теме, формулирование вопросов.

2. **Стадия осмысления** – активная работа с новой информацией, ее анализ, сопоставление с имеющимся опытом.

3. **Стадия рефлексии** – осмысление полученных знаний, формулирование выводов, оценка собственной учебной деятельности.

Данная структура позволяет организовать процесс усвоения новой информации как осознанную и рефлексивную деятельность, в ходе которой ученик становится активным субъектом обучения.

Младшие школьники воспринимают новую информацию преимущественно в наглядно-образной форме, опираясь на жизненный опыт и эмоциональное отношение к изучаемому материалу. Поэтому при организации работы по развитию критического мышления важно учитывать возрастные особенности детей: потребность в активности, игре, сотрудничестве, эмоциональной поддержке.

Освоение новой информации становится более эффективным, если ученик:

- понимает цель изучения материала;
- соотносит новые знания с уже имеющимися;
- имеет возможность высказывать собственное мнение;
- участвует в обсуждении и поиске ответов.

Технология критического мышления создает условия для такого обучения, поскольку предполагает диалог, проблемность и разнообразие видов учебной деятельности.

Примеры заданий на развитие критического мышления при изучении нового материала:

1. Прием «Верные и неверные утверждения»

Цель: активизация мыслительной деятельности на стадии вызова.

Пример: Перед изучением темы «Растения» учащимся предлагаются утверждения:

- Все растения нуждаются в свете.
- Корень растения выполняет только декоративную функцию.
- Растения могут расти без воды.

Ученики отмечают, какие утверждения считают верными, а затем возвращаются к ним после изучения темы и делают выводы.

2. Прием «Кластер».

Цель: структурирование новой информации.

Пример: В центре доски записывается ключевое понятие «Вода». В процессе изучения темы дети добавляют слова и понятия: «состояния», «свойства», «значение для человека», «круговорот». Прием помогает увидеть тему целостно и установить связи между понятиями.

3. Прием «Толстые и тонкие вопросы».

Цель: развитие умения формулировать вопросы.

Пример: После чтения текста учащиеся составляют:

- «тонкие» вопросы (Кто? Что? Где?)
- «толстые» вопросы (Почему? Зачем? Что будет, если…?)

Это упражнение способствует переходу от репродуктивного к аналитическому мышлению.

4. Прием «Синквейн».

Цель: рефлексия и обобщение информации.

Пример (тема «Осень»):

1 строка – Осень
2 строка – Золотая, дождливая
3 строка – Листопадит, охлаждает, изменяет
4 строка – Время перемен в природе
5 строка – Пора

5. Прием «Инсерт».

Цель: осознанное чтение и анализ текста.

Пример:

При чтении нового текста учащиеся делают пометки:

✓ – знаю
• – новое
– – думал иначе
? – хочу узнать больше

Итоги и выводы. Развитие критического мышления младших школьников при освоении новой информации на уроке является важным направлением современного начального образования. Использование технологии критического мышления позволяет превратить процесс усвоения знаний в активную, осмысленную и личностно значимую деятельность.

Применение разнообразных методических приемов способствует формированию у учащихся умений анализировать информацию, задавать вопросы, делать выводы и оценивать результаты своей работы. Это, в свою очередь, повышает учебную мотивацию, развивает познавательную самостоятельность и создает основу для успешного обучения на последующих ступенях образования.

Список литературы

1. Генике Е.А., Трифонова Е.А. Развитие критического мышления (базовая модель) / в сб. Учитель и ученик: возможности диалога и понимания. – Том 1 // под общ. ред. Л.И. Семиной. – М.: изд-во «Бонфи», 2022. – 239 с.

2. Калиева Г. К. Современные педагогические технологии в начальной школе. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.

3. Смагулова Г. С. Развитие критического мышления учащихся в условиях обновленного содержания образования. – Нур-Султан: ИПК «Өрлеу», 2020.

ЖАҚСЫЛЫҚ ҚЫЛСАҢ– ҚУАНЫШ

Елмұрат Бағым Елмұратқызы
Ақтөбе облыстық арнайы мектебі
КММ-нің мұғалім-дефектологы

Мақсаты: 1.Білімділік: Оқушылардың «қайырымдылық» , «қамқорлық» , «жақсылық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту. Жақсы іс пен жаман істі ажырата білуге үйрету.
2.Түзетушілік:Жақсы істер жасай білу дағдыларын дамыту.
3.Тәрбиелік:Қайырымды,қамқор болуға тәрбиелеу.
Сабақтың түрі:Жаңа білімді меңгерту
Әдіс- тәсілдері: түсіндіру,сұрақ-жауап,әңгімелеу.
Көрнекіліктер: Смайликтер, жақсылық,жамандық тақырыбындағы суреттер.

Кезең	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әркеті
Мотивациялық қозғаушы кезең	Шаттық шеңбері: Аспанға қарап күн көрдім, Жерге қарап гүл көрдім. Оңға,солға бұрылып, Егеменді ел көрдім Армысыздар ұстаздар, Армысыңдар достарым! -Күндей жадырап, жұлдыздай жарқырап сабағымызды бастайық	Оқушылар орындарынан тұрып қонақтармен, сыныптастарымен амандасады.

Ізденуші ұйымдастырушы кезең	-Оқушылар бүгін бізге көп мұғалім апайлар қонаққа келген екен, біз қонақтарға қандай ақылды, білімді екенімізді көрсетейік жарай ма? Біздің қандай екенімізді көрсету үшін мен сіздерге тосын сый әзірлеген болатынмын. -Мынау менің қолымдағы не деп ойлайсыздар? Оның ішінде не бар екен оқушылар? Бұл қораптың ішінде мен сіздерге тапсырмалар алып келдім. Тапсырманы орындауға дайынсыздар ма? **1 тапсырма**: «Суретті ребус» -Оқушылар егер ребусты дұрыс шешсек бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбымен танысатын боламыз. Берілген сөздердің алғашқы әріптерін ретімен тақтаға жазамыз: жапырақ,алма,қалам, сағат,ыдыс,лақ,ысқырғыш,қар. -Қандай сөз шықты балалар,қанекей оқимыз. -Бүгінгі біздің тақырыбымыз: «Жақсылық қылсаң – қуаныш» (тақырыпты тақтаға ілемін) **2 тапсырма:** Жақсы іс пе,жаман іс пе суреттерді екіге бөліп,тақтаға ілеміз (алған суретіңіз не себепті жақсы іс, не себепті жаман іс түсіндіріп айтып бересіздер) **3 тапсырма**: Алдарыңыздағы қағазға күнделікте үйде, көшеде,мектепте қандай жақсы игі іс жасайсыздар соны тізіп жазасыздар. Ал гүлдің қиылған күлтешелеріне адамның бойындағы жақсы қасиеттерді жазасыздар. **Сергіту сәті**: Орнымыздан тұрайық Бойымызды жазайық Иіліп оңға бір,иіліп солға бір Орнымызды табайық! **Дидактикалық ойын**: «Жақсылық жасау үшін не істеу керек?» Ойынның шарты: суреттегі берілген заттарды атап,оларға қандай жақсылық жасар едің,соны атау.	Оқушылар мұғалімді тыңдайды. Тосын сыйға таңырқап қарайды, қуанады. Оқушылар келіседі. Оқушылар суретті атайды, алғашы әрпін тақтаға жазады Ж А Қ С Ы Л Ы Қ сөзін дұрыс жазады,оқиды. Тақырыппен танысады. Суреттегі балалардың әрекеттерін атайды, ажыратады. -Мен гүл суарамын -Мен ыдыс жуамын -Мен бөпемді ойнатамын Жақсы адам: қайырымды, мейірімді,ақылды,білімді, адал болады. Бойларын сергітеді. Ойынға барлық бала белсене қатысады. Құстарға жақсылық жасау үшін оған ұя жасап,жем шашамын. Мен гүлмен дос болу үшін оған су құямын,шаңын сүртемін. Мен балапанға жем,су беремін

Рефлексивті коррекциялау	**Қорытындылау:** Оқушылар бүгін «жақсылық» деп аталатын сөздің мағынасын түсініп,білдік. Адам бойындағы құнды қасиеттердің бар екенін білдік. Біреуге жасаған жақсылығың бір күндері өзіңе қайтып оралатынына көз жеткіздік. **Мадақтау**: Сабаққа өте жақсы белсенділікпен қатысқандарыңыз үшін сиқырлы қорап сіздерге сыйлық әзірлепті (сыйлықты үлестіру). Бұл қойын дәптерге өздеріңіздің жақсы күндеріңізді, жасаған жақсылықтарыңды жазып қойсаңыздар болады.	Мұғалімді тыңдайды, келіседі. Жеткен жетістіктеріне қуанады, сыйлық қабыл алады, рахмет айтады Әдеп сақтап әманда, Әрбір адал адамға, Жасасаң бір жақсылық, Қайтарады саған да.

Күтілетін нәтиже:
Білуі керек: «қайырымдылық» , «қамқорлық» , «жақсылық» құндылықтары туралы білді.
Меңгеруі керек: . Жақсы іс пен жаман істі ажырата білуді меңгерді.
Дағды: Жақсы істер жасай білуге дағдыланды

СОПОСТАВИТЕЛЬНО-СЕМАСИОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ЛЕКСИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ СО ЗНАЧЕНИЕМ «ПРОДУКТЫ ПИТАНИЯ» (на материале русского и тюркских языков)

Ермекбаева Зауреш Абаевна
учитель русского языка и литературы, магистр филологии
КГУ «Общеобразовательная средняя школа-гимназия № 11 города Актобе»,
Республика Казахстан

***Аннотация**. В статье рассматриваются отдельные фрагменты языковой картины мира, каковой является сопоставление соотносительных номинаций и принципов наименования различных реалий путем анализа лексических единиц со значением «Продукты питания» в таких разноструктурных языках, как русский и тюркские языки.*

***Ключевые слова**: языковая картина мира, продукты питания, русский язык, тюркские языки, сопоставительный анализ разноструктурных языков.*

Национальные особенности восприятия людьми мира, различные способы мышления и интерпретации языковой и неязыковой действительности, специфика языковых картин мира наиболее ярко высвечиваются на фоне сопоставления лексики различных языков, поскольку именно при помощи лексических средств языка человек стремится передать свои знания, впечатления и мироощущения.

Сопоставительный анализ лексических единиц в неродственных языках представляет собой перспективное направление в современной сопоставительной лингвистике, нацеленное в первую очередь на достижение практических и методических целей.

Нами проведён сопоставительно-семасиологический анализ лексических единиц со значением «продукты питания» в русском и тюркских языках.

Самую большую группу слов в русском и тюркских языках представляют названия со значением «продукты питания», объединённые по общему признаку – функция, как правило, это глагольные образования.

Так, происхождение слова *сметана*(молочный продукт из кислых сливок) тянется со времён Киевской Руси, образовано от древнеславянского глагола *сметать* в значении«сгребать, собирать в кучу», поскольку сметану снимают, собирают с отстоявшегося молока; а в тюркских языках слово *каймак* (сливки, снятые с топлёного молока) образовано от глагола *қайырыу* (снимать, разделять), т.е. также по способу технологии приготовления.

Простокваша – это самый простой кисломолочный продукт, который образуется сам, без всякой искусственной помощи простым скисанием сырого молока в тёплой комнате. Поэтому в народе её и называют не только простокваша, но ещё и сырокваша и самокваша.Значит *простокваша* получила такое название, потому что заквашивается простым способом. А *катык* (тоже простокваша, но из кипячёного молока) получил своё название из тюркского глагола *катырга*в значении «твердеть», «творожиться».

Суп *затируха* существовал ещё с XV века известно доподлинно, так как в то время появились жидкие похлёбки под общим названием «Хлёбова». К ним относились всевозможные похлёбки, щи, затирухи, болтушки, относящиеся к мучным разновидностям супов. Название этого овощного супа с кусочками теста происходит от глагола «тереть», «затирать». (Существует сказка о происхождении этого блюда. Работница в богатом доме после замешивания теста для хлеба не мыла руки и так возвращалась к себе домой, где она тёрла ладони друг о друга, а получившиеся катышки теста отваривала, чтобы прокормить своих детей). Башкирское блюдо с аналогичным значением названо *ыумас,* образованное от тюркского глагола *ыуырга* – «натирать» (добавить в муку яйцо и натирать).

Блины появились на Руси ещё в древности, только раньше их называли «млинами». Существительное было образовано от глагола *молоть*. Потом произошло искажение, и возникло привычное всем название – *блины*. Аналогичное блюдо *коймак*(вид оладий из жидкого теста) образовано от тюркского глагола *койорга*– «наливать», так как при приготовлении коймака жидкое тесто льют на сковороду, а вид блинчика из кислого теста*кабартма* образован от тюркского глагола *кабарырга*в значении «подниматься» (про тесто).

Нежидкий кисломолочный продукт белого цвета, получаемый сквашиванием молока с последующим удалением сыворотки называется *творог*, буквально означает «молоко, которомупридали форму, сделали твёрдым»; в татарской и башкирской кухне этот молочный продукт называется *эремчек, эремсек,* образованныеот общетюркского отглагольного существительного *ири*– «прокисать» (о молоке), «затворожиться» и *сюзма* (кушанье из процеженного кислого молока) от глагола *сюзерга* – «процеживать, цедить».

Тюркское слово *шашлык*, проникшее к нам в первой половине XVII века, является производным от «шиш» – «вертел», и буквально обозначает «мясо, приготовленное на вертеле», т.е. «верченое».

Слово *кебаб* в ряде тюркских языков означает любое блюдо из печеного мяса, в том числе шашлык и шаурма. Это слово заимствовано из персидского языка, в котором оно означает жареное мясо, а *люля-кебаб* (тюркское *люля*–это трубка) – блюдо из печеного мяса в виде трубки из фарша, насаженной на шампур.

Бешбармак является национальным яством многих тюркоязычных народов; говоря о происхождении самого названия блюда, оно образовано от двух составных слов «беш» и «бармак», что означает в переводе

на русский «пять пальцев», раньше его ели руками, то есть пятернёй.

Русское название блюда *манты* заимствовано из тюркских языков, ближайший аналог – монгольское национальное блюдо «бууз», которое готовят так же, как манты.

Чебурек – жареный в масле плоский пирожок из пресного теста с начинкой из мясного фарша и острыми приправами, имеющий форму полумесяца. Изначально уйгурское блюдо, которое впоследствии распространилось в несколько изменённом виде среди многих тюркских народов.

Точное происхождение слова *лаваш* неизвестно, но по некоторым источникам «лав» заимствовано из арабского языка и означает «плоский», а «аш» имеет тюркские корни и переводится как «еда». Чаще всего лаваш представляет собой пресный белый хлеб, изготовленный из пшеничной муки в виде тонкой лепешки, в которую удобно заворачивать начинку.

Слово*кыстыбый* произошло от тюркского глагола *қыçтырырға* в значении «прищемить», «вставить». Начинку как бы защемляют между двумя половинками теста, при этом лепёшки остаются открытыми. В русской кухне есть аналогичное блюдо под названием *растягай*в значении «растегнутый» – это пирожок с продолговатым разрезом наверху, через который видна мясная, рыбная или грибная начинка.

Плов– блюдовосточной кухни, основу которого составляет рассыпчатый варёныйрис с добавлением животногоилирастительногожира, препятствующего слипанию крупинок. В русском и ряде других языковсловозаимствовано через тюркское и означает «вареный рис».

Блюдо, представляющее собойвиноградный лист, наполненный мясом (иногда грибами), рисом и специями называется *долма,* слово тюркского происхождения от слова *dolmak* в значении «наполниться». В русской кухне аналогичное блюдо называется *голубцы*, в отличие от долмы основой является капустный лист, в который заворачивается такая же начинка. Что касается происхождения слова *голубцы,* это кулинарное блюдо напоминает сидящего голубя, отсюда и название.

Лагман– культовое ипопулярное среднеазиатское блюдо, его название происходит от дунганского слова «люмян», что в переводе означает – «растянутое тесто».Лагман готовится из мяса, овощей, но его основой является лапша, которая раскатывается и вытягивается вручную.

Бастурма– вяленая говядина с приправами, высушенная на воздухе, является традиционным блюдом кочевников, в частноститюркимонголов. Само название *бастурма*произошло от тюркскогослова«басдирма», что в переводеозначает«мясо прессованное».

Таким образом, сравнивая средства обозначения в разных языках, сопоставляя соотносительные номинации и принципы наименования различных реалий, мы познаем национальное своеобразие этих языков и выявляем, как работает механизм языкового сознания их носителей.

Литература

1. Ишмуратова Л.Н., Фаткуллина Ф.Г. Занимательный русский язык: Учебное пособие [текст].– 2-е изд., доп. – Уфа: Изд-во, 2020. – 192 с.

2. Ишмуратова Л.Н., Галлямов А.А., Силиванец А.В. Занятия, образ жизни, традиции башкир (на материале краеведения): учебное пособие по развитию устной речи нерусских студентов. – Уфа: РИО БашГУ, 2003. – 112 с.

3. Фаткуллина Ф.Г. Отражение национальной языковой картины мира в реалиях Башкортостана: Актуальные вопросы межнационального взаимодействия и межкультурной коммуникации в образовании: материалы Городской науч. - практ. конф. Москва, 24

ноября 2014 г. – М.: ФГБОУ ВПО МГЛУ, 2014. – С. 190 – 197.
4. Шипова Е.Н. Словарь тюркизмов в русском языке. – Алма-Ата, 1976. – 444 с.
5. Юналеева Р.А. Тюркизмы русского языка. – Казань, 2000. – 171 с.

ХИМИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Әбдіқадыр Аяжан Төремұратқызы
Ақтөбе қаласы «ABYROI SCHOOL Aqtobe» жеке мектебінің химия пәнінің мұғалімі

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың тек теориялық білімін беру жеткіліксіз. Білімнің маңызды мақсаты – оны өмірде тиімді пайдалана білу, яғни функционалдық сауаттылықты қалыптастыру. Функционалдық сауаттылық – бұл адамның алған білімін, дағдыларын және құзыреттіліктерін нақты өмірлік және кәсіби жағдайларда қолдану қабілеті.

Функционалдық сауаттылық ұғымы 2000-жылдардың басында халықаралық білім беру зерттеулерінде пайда болды. Бұл ұғым білімді тек есте сақтау емес, оны нақты өмірде тиімді пайдалана білу қабілетін білдіреді.

Функционалдық сауаттылық – тұлғаның алған білімін күнделікті өмірде, әлеуметтік ортада, кәсіби қызметте тиімді қолдана алу қабілеті. Бұл ұғым тек оқу мен жазу дағдыларын меңгерумен шектелмей, ақпаратты түсіну, талдау, бағалау, шешім қабылдау және түрлі өмірлік жағдайларда дұрыс әрекет ету біліктерін қамтиды. Қазіргі білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылық оқушының өмір бойы білім алуына негіз болатын маңызды көрсеткіш ретінде қарастырылады.

Функционалдық сауаттылықтың мәні – білімнің практикамен ұштасуында. Ол оқушының логикалық ойлауын, сыни тұрғыдан ойлауын, коммуникативтік дағдыларын, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған. Функционалдық сауатты тұлға ақпараттық қоғамда еркін бағдарлай алады, өз ойын нақты жеткізеді, проблемаларды шешудің тиімді жолдарын таба біледі және қоғамның белсенді мүшесі бола алады.

Функционалдық сауаттылық ұғымы XX ғасырдың екінші жартысында халықаралық деңгейде кеңінен қолданыла бастады. Алғашында бұл түсінік халықтың оқу-жазу деңгейін анықтаумен байланысты болды. Кейінірек әлеуметтік-экономикалық даму, ғылыми-техникалық прогресс, жаһандану үдерістері функционалдық сауаттылықтың мазмұнын кеңейтті. ЮНЕСКО және басқа да халықаралық ұйымдар функционалдық сауаттылықты тұлғаның қоғамға бейімделуінің негізгі шарты ретінде қарастырды. Қазақстанда бұл ұғым білім беру реформалары аясында, әсіресе жаңартылған білім мазмұнын енгізумен байланысты өзекті бола түсті.

Қазіргі мектеп оқушысы үшін функционалдық сауаттылық – табысты әлеуметтенудің, кәсіби бағдарланудың және жеке дамудың маңызды негізі. Функционалдық сауатты оқушы алған білімін өмірде қолдана алады, ақпараттық ағынды дұрыс саралайды, өз көзқарасын дәлелдейді және өзгермелі әлем жағдайында тез бейімделеді. Сонымен қатар, функционалдық сауаттылық оқушының өзін-өзі дамытуына, жауапкершілігін арттыруға және болашақта бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

Химия пәні оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ерекше мүмкіндіктер береді. Химия – тек теориялық ғылым ғана емес, ол тәжірибе, эксперимент, аналитикалық ойлау, логикалық шешім қабылдау қабілеттерін дамытатын пән. Осыған байланысты химияны оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын жетілдіру заманауи білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі болып саналады.

Химия пәнінде функционалдық сауаттылық келесі аспектілерде көрінеді:

1. Зерттеу қабілеті: тәжірибелер жүргізу, бақылау, нәтижелерді бағалау;
2. Сын тұрғысынан ойлау: химиялық құбылыстарды талдау, себеп-салдар байланысын анықтау:
3. Математикалық сауаттылық: есептер шығару, формулаларды қолдану;
4. Коммуникациялық қабілеттер: ғылыми тілде түсіндіру, қорытынды жасау, презентация жасау:
5. Практикалық қолдану: күнделікті өмірдегі химиялық процестерді түсіну (мысалы, тұрмыстық химия, экология, медицина)

✓ **Зерттеушілік әдістер.** Зерттеушілік әдістер оқушыларды тәжірибе жүргізуге, гипотеза құруға және нәтижені талдауға үйретеді. Мысалы:

1. Ерітінділердің реакциясын бақылау:
2. Химиялық эксперименттер арқылы қорытынды шығару:
3. Жаңа материалды өз бетімен зерттеу.

✓ **Ситуациялық және проблемалық тапсырмалар.** Ситуациялық тапсырмалар – оқушыларды нақты өмірлік жағдайларға жақындату арқылы олардың білімін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар түрі. Мұндай тапсырмалар белгілі бір жағдаятты сипаттап, оқушыдан сол жағдайға сәйкес шешім қабылдауды, өз ойын дәлелдеуді және әрекет жоспарын ұсынуды талап етеді.

Ситуациялық тапсырмалар оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда маңызды рөл атқарады, себебі олар логикалық ойлауды, талдауды, коммуникативтік қабілеттерді және жауапкершілікті қалыптастырады. Сонымен қатар, бұл тапсырмалар оқушының өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, теориялық білімді нақты іс-әрекетпен ұштастыруына мүмкіндік береді.

Проблемалық тапсырмалар – оқушыларды ойлануға, ізденуге және мәселені өз бетінше шешуге бағыттайтын тапсырмалар. Бұл тапсырмаларда дайын шешім берілмейді, керісінше, оқушының алдына белгілі бір проблема қойылып, оны шешу жолдарын табу ұсынылады.

Проблемалық тапсырмалардың негізгі мақсаты – оқушылардың сыни және шығармашылық ойлауын дамыту, зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру және танымдық белсенділігін арттыру. Мұндай тапсырмалар оқушыны болжам жасауға, дәлел келтіруге, қорытынды шығаруға үйретеді.

Ситуациялық және проблемалық тапсырмалар білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді құралдары болып табылады. Олар оқушылардың алған білімін күнделікті өмірде қолдануына, түрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдауына және өз пікірін негіздеуге көмектеседі. Бұл тапсырмалар қазіргі білім беру талаптарына сай оқушының тұлғалық, зияткерлік және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етеді.

✓ **Ситуациялық және проблемалық тапсырмалар** оқушыларды нақты өмірлік жағдайларда химиялық білімді қолдануға үйретеді. Мысалы:

1. «Қандай заттарды араластырмау керек?» мәселесі тұрмыстық қауіпсіздікпен байланысты;

2. «Су тазарту әдістерін химиялық тұрғыдан түсіндір» тапсырмасы экологиялық сауаттылықты дамытады.

✓ **Интерактивті және ойын әдістері:**

1. Рөлдік ойындар (мысалы, зертханашылар, экологтар);
2. Кейс-стади әдісі (нақты ғылыми немесе әлеуметтік мәселені шешу);
3. Викториналар мен зерттеу жобалары.

Химия пәні бойынша интерактивті және ойын әдістеріне мысалдар:

1. «Химиялық лото» ойыны.

Мақсаты: химиялық элементтерді, формулаларды және ұғымдарды бекіту.

Сипаттамасы: Оқушыларға химиялық элементтердің таңбалары, атаулары немесе формулалары жазылған карточкалар таратылады. Мұғалім элементтің қасиеттерін немесе қолданылуын оқиды, ал оқушылар сәйкес карточканы табуы тиіс.

Нәтижесі: оқушылардың есте сақтау қабілеті, зейіні және пәнге қызығушылығы артады.

2. «Сәйкестендіру» интерактивті тапсырмасы.

Мақсаты: теориялық білімді жүйелеу.

Тапсырма үлгісі:

- Элемент – қасиеті
- Зат – қолданылу саласы
- Қышқыл – тұз

Оқушылар интерактивті тақтада немесе топпен жұмыс барысында берілген ұғымдарды дұрыс сәйкестендіреді.

Нәтижесі: логикалық ойлау мен талдау дағдылары қалыптасады.

3. «Химиялық детектив» ойыны.

Мақсаты: проблемалық ойлауды дамыту.

Сипаттамасы: Оқушыларға белгісіз зат туралы мәлімет беріледі (түсі, иісі, суда ерігіштігі, реакцияға түсуі). Оқушылар осы деректерге сүйене отырып, заттың атауын анықтайды.

Нәтижесі: оқушылар гипотеза құруға, дәлел келтіруге үйренеді.

4. «Рөлдік ойын: Зертханадағы жағдай».

Мақсаты: тәжірибелік дағдылар мен қауіпсіздік ережелерін меңгерту.

Сипаттамасы: Оқушылар «зертханашы», «химик», «қауіпсіздік инженері» рөлдерін алады. Берілген тәжірибені орындау барысында әр рөл өз міндетін атқарады.

Нәтижесі: жауапкершілік, коммуникация және топта жұмыс істеу дағдылары дамиды.

5. «Quizizz / Kahoot» онлайн ойыны.

Мақсаты: білімді жедел тексеру және бекіту.

Сипаттамасы: Сабақ соңында химиялық реакциялар, формулалар немесе есептер бойынша онлайн викторина өткізіледі.

Нәтижесі: оқушылардың мотивациясы артады, өз білімін бағалауға мүмкіндік туады.

6. «Химиялық тізбек» ойыны.

Мақсаты: химиялық терминологияны меңгерту.

Сипаттамасы: Бір оқушы химиялық элементтің немесе заттың атын айтады, келесі оқушы сол сөздің соңғы әрпінен басталатын басқа химиялық ұғымды атайды.

Нәтижесі: сөздік қор мен пәнге қызығушылық дамиды.

✓ **АКТ және мультимедиялық құралдарды пайдалану.** Заманауи білім беру технологиялары химияны қызықты өтеді:

1. Виртуалды зертханалар;
2. Химиялық модельдеу бағдарламалары;
3. Видеосабақтар мен инфографика.

Функционалдық сауаттылықты бағалау. Функционалдық сауаттылықты тек тест нәтижесімен бағалау жеткіліксіз. Бағалау жүйесі келесі критерийлерге сүйенуі керек:

1. Білімді қолдану – есептерді, тәжірибелерді шешу;
2. Талдау және синтез жасау – реакциялардың нәтижесін түсіндіру;

3. Жобалық жұмыс – экологиялық зерттеулер, химиялық тәжірибелер;

4.Коммуникация дағдылары – ғылыми баяндамалар, презентациялар.

Қазіргі жағдай және жетілдіру жолдары. Қазіргі кезде химия сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту мәселесі бірнеше себептерге байланысты өзекті:

1. Дәстүрлі оқыту әдістері (жай теорияны түсіндіру) жеткіліксіз;
2. Оқушылар тәжірибелік дағдылар мен проблемалық ойлауды жеткілікті меңгермейді;
3. АКТ мүмкіндіктері толық пайдаланылмайды.

Жетілдіру жолдары:

1. Оқыту бағдарламасына зерттеу-жобалық жұмстарды енгізу;
2. Сапалы тәжірибелік базаны қамтамасыз ету;
3. Мұғалімдердің функционалдық сауаттылықты дамыту әдістері бойынша кәсіби даярлығын арттыру;
4. Құзыреттілікке бағытталған бағалау жүйесін енгізу.

Функционалдық сауаттылық – оқушылардың химиялық білімді өмірде тиімді қолдану қабілеті. Оны дамыту үшін заманауи әдістерді, зерттеушілік және проблемалық тапсырмаларды, АКТ мүмкіндіктерін пайдалану қажет. Химия сабақтары тек теорияны меңгеруге ғана емес, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс.

Осылайша, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі және химия пәні бұл мақсатқа жетудің тиімді құралы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бейсенбаев М.К. Құзыреттілікке бағытталған химияны оқыту әдістемесі. Астана: Ғылым-Педагогика, 2023 ж.
2. Шарипова А.С. Тәжірибелік сабақтар арқылы химиядағы функционалдық сауаттылықты қалыптастыру. Алматы: Білім-Баспа, 2022 ж.
3. Сәдібекова Л.Т. Химия пәні арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Алматы: Қазақ университеті, 2021 ж.

ҚАЗАҚ ҚОЛӨНЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТІ

Жұмағалиев Батырбек Тәуіпұлы
Ақтөбе қаласы №78жалпы орта білім беретін мектеп –гимназиясының көркем еңбек пәні мұғалім

Қазақтың қолөнері - ұлттық мәдениетіміздің ажырамас бөлігі. Қолөнер тамыры тереңде жатқан тарихтан сөз қозғап, қазақилығымыздың даралығын айқындайды. Сондай-ақ, бес саусағынан өнер тамған шеберлердің туындыларынан талғамның жоғарылығын, әдеміліктің биік шыңын байқауға болады.

Қолөнердің өнер ретінде қалыптасып, дамуы туралы ақпарат бүгінге дейін сақталды. Ол ерте замандардан бастауын алып, түрлі тайпалардың мәдени ерекшеліктерінен құралған көрінеді. Бүгінгі жаһандану жағдайында қайта жаңғырып, дәстүрлі өнер түріне айналып отыр. Қолөнердің түрлері де сан алуан. Мәселен, зергерлік бұйымдарды дайындау, музыкалық аспаптарды жасау, киіз үй тігу немесе басу, ат әбзелдерін дайындау және тағысын тағы. Қазақ қолөнершілері кез келген бұйымды әр бөлшегіне ерекше мән беріп, ұлттық нақышта жасау үшін асқан

белсенділікпен білек сыбана кіріскен. Сол себепті қолөнершілердің ұлттық құндылықты насихаттаудағы рөлі ерекше деуге болады.

Қазақтың қолөнері – халықтың тұрмысы мен мәдениетінің ажырамас бөлігі. Ол ғасырлар бойы қазақ халқының өмір салты, рухани құндылықтары, күнделікті тіршілігімен тығыз байланысты болды. Қолөнер, бір жағынан, практикалық қажеттіліктерді қанағаттандырса, екінші жағынан, шеберлердің өнерін, шеберлік деңгейін көрсететін эстетикалық мұра ретінде маңызды. Оны адамзат тарихының ең көне өнер түрлерінің бірі десек дұрыс. Адамдар өз қолымен түрлі бұйымдар жасап, күнделікті өмірде қажетті заттарды өндіруде асқан шеберлігімен көзге түскен еді. Қолөнер материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыру құралы ғана емес, мәдениет пен дәстүрдің айқын бейнесі болды. Әр қоғамның қолөнері оның тарихы, өмір сүру салты мен мәдениетін айқындады. Десе де қазіргі технологиялық даму мен жаппай өндірістің арқасында қолөнер сирек кездесетін өнерге айналып баратыны қынжылтады.

Қолөнерді адамзаттың өнер және еңбек тарихының ажырамас бөлігі ретінде қарастырған жөн. Күнделікті қолдануға қажетті бұйымдарды жасау емес, қоғамның рухани байлығын бейнелейтін мәдениет элементі деген орынды. Қазіргі қоғамда қолөнердің маңызы қалай өзгерді, неге ол сирек кездесетін және бағалы өнер түріне айналды деген сұрақтар жиі қойылады. Осы мақсатта қолөнердің бүгінгі таңдағы өзектілігіне тоқталамыз.

Қолөнердің негізгі түрлері қандай?

Тоқыма өнері

Тоқыма өнері - қазақ қолөнерінің ең көне түрлерінің бірі. Қазақ халқы киізден, жүннен, жіптен түрлі бұйымдар жасады. Киіз үйдің ішін және сыртын сәндеу үшін қолданылған текеметтер, сырмақтар, алашалар, кілемдер қазақтың тұрмысы мен дәстүрін бейнелейтін басты элементтер. Киіз басу өнерінің қазақтың қолөнерінде алатын орны ерекше. Бұл технология арқылы жылы әрі жеңіл киіз бұйымдары жасалған.

Зергерлік өнер

Зергерлік өнер – қазақ қолөнерінің ең нәзік және көркем түрі. Зергерлер алтын, күміс, мыс секілді металдарды өңдеп, алқа, білезік, сақина, сырға сияқты әшекейлер жасаған. Әсіресе, қазақ әйелдерінің сырға, шолпы, бойтұмар сияқты дәстүрлі әшекейлері ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде танымал. Зергерлік бұйымдар сән үшін ғана емес, адамның әлеуметтік мәртебесін, рухани сенімін білдіруде маңызды рөл ойнаған.

Ағаштан жасалған бұйымдар

Ағаш өңдеу – қазақтың қолөнеріндегі тағы бір маңызды бағыт. Ағаштан ыдыс-аяқтар, термелер, ер-тоқымдар, үй жиһаздары жасалған. Қазақ шеберлері ағаштан жасалған бұйымдарға ою-өрнек салып, оларды ерекше көркемдікпен безендірген көрінеді. Ою-өрнектер көбінесе геометриялық немесе табиғат бейнелеріне ұқсас болып келеді. Табиғатпен үндестікті, өмір сүру заңдылықтарын бейнелеген болатын.

Тері және былғары өңдеу

Қазақ халқы мал шаруашылығымен айналысқандықтан, тері мен былғары өңдеу де маңызды болды. Былғарыдан аяқ киім, белбеу, қамшы, ат әбзелдері секілді күнделікті өмірде қолданылатын заттар жасалған. Теріден жасалған бұйымдар әдемі ою-өрнектермен безендіріліп, ұлттық нақышқа ие болған.

Қазақ қолөнерінің маңызы қандай?

Қазақтың қолөнері – халықтың материалдық мәдениетінің бөлігі ғана емес, ұлттық рухани байлығын көрсететін өнер түрі. Қолөнердің әрбір элементі халықтың тарихы, өмір сүру салты, рухани дүниесімен тығыз байланысты. Сонымен қатар, қолөнер ұрпақтан-ұрпаққа берілетін мұра, ұлттық бірегейлікті сақтау құралы болып табылады.

Қазіргі кезде қазақ қолөнері жаңғыртылып, әлемдік деңгейде танымал бола бастады. Бұл өнер түрі ұлттық мәдениетті сақтау үшін ғана емес, туризм

мен экономика салаларында да үлкен әлеуетке ие.

Қолөнердің тарихи мәні неде?

Қолөнердің тарихы мыңдаған жылдарға созылады. Алғашқы адамдар тастан, ағаштан, сүйектен құрал-жабдықтар жасап, тұрмыста қолданып бастаған. Кейіннен металлургия дамып, қолөнершілер темір, күміс, алтын сияқты металдардан қару-жарақ, әшекейлер, ыдыстар мен басқа да қажетті заттар жасады. Мысалы, қола дәуірінде қолөнершілер қола мен мыс секілді металдарды өңдеп, сауыт-сайман, тұрмыстық заттар дайындаған еді. Әрбір кезеңнің қолөнері сол дәуірдің мәдениеті мен экономикасына сәйкес дамып отырған.

Орта ғасырларда қолөнершілер халық арасында үлкен мәртебеге ие болды. Қолөнершілер гильдиялары өз ісінің шеберлерін біріктіретін қауымдастықтар құрып, жастарды оқытып, өнердің үздік дәстүрлерін келесі ұрпаққа жеткізетін-тін. Мұндай гильдиялар орта ғасырлық қалалар мен ауылдардағы өмірдің маңызды бір бөлігі болған еді.

Қолөнердің бүгінгі әлеуеті

Бүгінде қолөнердің маңызы айтарлықтай өзгерді. Өнеркәсіптің дамуы, жаппай өндіріс пен технологияның енгізілуі нәтижесінде қолөнер өнімдері қажеттілік ретінде емес, сән-салтанат, бірегейлік символы ретінде қарастырылады. Қазіргі кезде өнеркәсіптің дамуы және заманауи технологиялар көптеген бұйымды арзан және жылдам өндіруге мүмкіндік береді. Жаппай өндірістің арқасында бұрын тек қолөнершілер жасаған заттар енді зауыттарда жаппай шығарылатын болды. Сол себепті қолөнер бұйымдары қолжетімсіз әрі ерекше құндылыққа ие болып отыр.

Қолөнер бұйымдары бүгінде интерьер дизайнында, сыйлықтық өнімдер ретінде, сән индустриясында қолданылады. Қолөнершілердің жасаған әрбір бұйымы – жеке тарихы бар, бірегей туынды. Адамдарға бір нәрсенің ерекше екенін сезінуге мүмкіндік береді. Жаппай өндірілген бұйымдардан айырмашылығы да осында - қолөнер әрқашан бірегей.

Қолөнердің құнсыздану себептері

Қазіргі қоғамда қолөнердің сирек кездесетін өнерге айналуына бірнеше себеп бар десек болады. Біріншіден, технологияның қарқынды дамуы және жаппай өндіріс қолөнер бұйымдарына сұранысты төмендетті. Бұрын адамдар күнделікті тұрмыста қолданатын заттарды жасау үшін қолөнершілерге жүгінсе, қазір дүкендер мен интернет арқылы сол заттарды оңай сатып алуға болады. Әрі бағасы арзан.

Екіншіден, уақыт тапшылығы мен өскелең ұрпақ талғамының өзгеруі қолөнердің ұмыт болуына әсер етті. Бүгінгінің адамдары жылдам әрі қолжетімді шешімдерді таңдайды. Сондай-ақ, қолөнерге үйрену және оны дамытуға қажетті уақыт пен күш жұмсауға көбісі дайын емес. Урбанизация мен цифрландыру процестері де жастардың қолөнерге қызығушылығын төмендетіп отыр.

Үшіншіден, білім беру саласындағы өзгерістер қолөнердің құнсыздануына ықпал етеді. Бұрында мектептерде және үйірмелерде қолөнер сабағы көп болатын. Ал қазіргі таңда бұл пәндер көп жағдайда қосымша немесе екінші дәрежелі пәндер ретінде қарастырылады.

Қолөнерді қайта жандандыру

Қолөнердің сирек өнерге айналуына қарамастан, оны қайта жаңғыртуға деген сұраныс артып келеді. Бүгінгі күні көптеген адам қолөнер бұйымдарын жоғары бағалайды. Бұл сұраныстың өсуі қолөнершілерге жаңа мүмкіндіктер ашуда. Мәселен, интернет пен әлеуметтік желілердің арқасында шеберлер өз жұмыстарын әлемдік нарыққа шығарып, өз өнерін кеңінен таныта алады. Онлайн платформалар арқылы шеберлердің жұмыстары әлемдік нарыққа шығып, көпшіліктің қызығушылығын туғызуда.

Бұл қолөнершілер үшін жаңа табыс көзі ғана емес, сонымен бірге олардың өнерін насихаттаудың да құралына айналды.

Қолөнер арқылы адамдар өздерінің мәдениетін, тарихын қайта жаңғыртып, оны болашақ ұрпаққа жеткізуге тырысады. Мәселен, ұлттық қолөнер бұйымдары киіз, зергерлік әшекейлер, кілем тоқу секілді өнер түрлері қазақ халқының тарихи және мәдени мұрасының бір бөлігі болып қала бермек.

Қолөнер адамзат тарихының ажырамас бөлігі болғанымен, қазіргі заманғы өндіріс процестері оның құнсыздануына алып келді. Алайда қолөнердің бірегейлігі мен мәдени құндылығы оны толық жоғалып кетуден сақтап отыр. Қазіргі таңда оны қайта жандандыру жолдары қарастырылуда. Қолөнердің болашағы тек жаңа технологияларға емес, дәстүр мен мәдениетке деген құрметке байланысты болады. Егер біз өзіміздің ұлттық және мәдени құндылықтарымызды сақтап, оларды жас ұрпаққа жеткізсек, қолөнер әрдайым мән-маңызын жоғалтпайтын өнер түрі ретінде сақталады.

Қолөнердің қайта жаңғыру мүмкіндіктері көп. Қазіргі уақытта көптеген елде қолөнерді қолдау бағдарламалары жүзеге асырылуда. Мәдени мұра ретінде қолөнерді сақтап қалу мақсатында шеберлерге арналған курстар, көрмелер және фестивальдер ұйымдастырылады.

Қолөнердің қайта жануына ықпал ететін тағы бір фактор – экология мен тұрақты даму мәселелері. Қазіргі таңда көптеген адам табиғи материалдардан жасалған, экологиялық таза өнімдерге деген қызығушылық білдіруде. Ал қолөнер бұйымдары дәл осындай қасиеттерге ие. Себебі оларды жасау барысында табиғи ресурстар тиімді әрі ұқыпты қолданылады.

Қолөнердің мәдениеттегі рөлі қандай болды?

Қолөнер ежелден бері әртүрлі халықтардың мәдениетін бейнелейтін символдардың бірі болды. Әр қоғамның, әр халықтың өзіне тән қолөнер түрлері бар. Олар сол елдің мәдениеті мен өмір салтының ерекшеліктерін көрсетеді. Мысалы, қазақ халқының қолөнері тек тұрмыстық қажеттіліктерді қанағаттандырумен шектелмейді. Ол халықтың дүниетанымын, рухани құндылықтарын көрсетеді. Қазақтардың киіз үй жасау өнері, тері өңдеу, кілем тоқу, зергерлік әшекейлер жасау барлығы халықтың күнделікті өмірімен және оның тарихи дамуымен тығыз байланысты болды.

Бұрын қолөнершілер өз жұмыстарында табиғи материалдарды қолдана отырып, қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүрудің маңызын түсінген. Олар қолмен жасаған әрбір заттың сапасына, оның әдемілігіне мән берген. Қолөнер бұйымдары тек күнделікті өмірде қолданылатын заттар емес, мәдениет пен дәстүрдің көрінісі болып табылады.

Қолөнердің экономикадағы орны

Қолөнер - мәдениет қана емес, экономиканың да маңызды бір бөлігі. Ежелгі және ортағасырлық қоғамдарда қолөнершілердің жасаған бұйымдары сауда-саттықтың негізгі тауарларының бірі болды. Алыс елдерден келген саудагерлердің арқасында бір елдің қолөнері екінші елдің мәдениетіне ықпал етті. Мысалы, Жібек жолы бойындағы елдерде әртүрлі шеберлер өздерінің бұйымдарын сата отырып, басқа халықтармен мәдени алмасуды жүзеге асырды. Бұл процесте қолөнер тек экономикалық емес, мәдени алмасудың да маңызды құралына айналды.

Қазіргі таңда қолөнердің экономикалық рөлі өзгергенімен, ол әлі де ерекше сұранысқа ие сала ретінде қарастырылуда. Бүгінде қолөнершілер өз бұйымдарын жергілікті нарыққа ғана емес, халықаралық нарыққа да шығарып, өзіндік бірегейліктерін әлемге танытуда. Әсіресе интернеттің арқасында қолөнер бұйымдарын сату жаһандық деңгейде жаңа мүмкіндіктер ашты.

Қолөнер – бұл тек заттар жасау емес, мәдениет пен дәстүрді сақтап қалудың маңызды құралы. Қазіргі заманда

қолөнердің мәні айтарлықтай өзгергенімен, әлі де жоғары бағаланады. Технология мен жаппай өндіріс қолөнерді сирек кездесетін өнерге айналдырғанымен, оны қайта жандандыруға деген қызығушылық артып келеді. Қолөнер тек шеберлік емес, рухани байлықтың, мәдени мұраның көрінісі болып табылады. Осы өнер түрін сақтап қалу және болашақ ұрпаққа жеткізу – әрбір қоғамның алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер
1.Ануарбеков А.Н. «Қазақстан қолөнері» Алматы 2014ж
2. Давлетова К.Ш.»Көркем еңбекке баулудың әдістемесі мен практикумы» РИО ЗКГУ, 2005ж.
3.Есимова Г.Е. «Қолөнер және оның шығу тарихы» Алматы 2003ж.

ОҚУШЫ ПСИХОЛОГИЯСЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР МЕН МЕДИАНЫҢ ӘСЕРІ

Исин Ермек Геннадьевич
Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының
Қордай ауданындағы білім бөлімінің
«Қордай ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ-нің педагог-психологы

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушының жан-жақты дамуын қамтамасыз ету маңызды талаптардың біріне айналып отыр. Білім беру тек танымдық қабілеттерді дамытумен шектелмей, баланың психологиялық әлемін түсінуге, оның ішкі күйіне мән беруге бағытталуы тиіс. Әсіресе мектеп жасындағы кезең – баланың психологиялық, эмоциялық, әлеуметтік және тұлғалық тұрғыдан қарқынды дамитын кезеңі ретінде ерекше назарды талап етеді. Соңғы уақытта әлеуметтік желілер мен медиа ақпарат таратудың маңызды құралына айналды. Бұл құралдар адамның ой-санасына, эмоциясына және мінез-құлқына терең әсер етеді, әсіресе балалар мен жасөспірімдер арасында. Әлеуметтік желілер мен медианың күнделікті өмірде алатын орны мен ықпалы күннен-күнге артып келеді, бұл балалар мен жасөспірімдердің психоэмоциялық дамуына үлкен әсер етеді.

1. Әлеуметтік желілер мен медианың ерекшеліктері

Әлеуметтік желілер мен медиа — бұл ақпаратты жылдам және кең көлемде таратудың, адамдар арасындағы байланысты орнатудың жаңа тәсілдері. Бүгінде балалар мен жасөспірімдер әлеуметтік желілерді ақпарат алу, достарымен қарым-қатынас жасау, ойындар ойнау, бейнемазмұнды көру үшін жиі қолданады. Әлеуметтік желілер мен медианың негізгі түрлері:

- Әлеуметтік желілер: Facebook, Instagram, TikTok, Twitter, VK және басқа да әлеуметтік платформалар;
- Медиа: теледидар, радио, баспасөз, интернет-басылымдар және блогтар.

Бұл құралдар жастар арасында жаңа құндылықтарды қалыптастыруға, мәдениет, қоғам мен тұлғаға қатысты көзқарастарды өзгертуге үлкен ықпал етеді.

2. Әлеуметтік желілер мен медианың балаларға және жасөспірімдерге әсері

- Жаңа ақпарат пен құндылықтар жүйесін қабылдау: Әлеуметтік желілер мен медиада әртүрлі мәдени, әлеуметтік, саяси құндылықтар мен көзқарастар ұсынылады. Балалар мен жасөспірімдер осы ақпараттарды өздеріне үлгі ретінде қабылдап, жаңа идеялар мен дүниетаным қалыптастырады. Бұл, әсіресе, жасөспірімдердің өзін-өзі тану,

идентичность (өзіндік ерекшелік) қалыптастыру процесінде маңызды рөл атқарады.

➢ Қарым-қатынас дағдыларының өзгеруі: Әлеуметтік желілерде виртуалды қарым-қатынас жасау баланың тұлғалық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға оң ықпал етпейінше, кейде теріс әсер етуі мүмкін. Жасөспірімдер арасында жазбаша қарым-қатынас дәстүрлі тұлғааралық қарым-қатынасқа қарағанда біршама шектеулі және бетпе-бет қарым-қатынас дағдыларын төмендетуі мүмкін. Соның нәтижесінде, олар нақты өмірде эмоциялық жауапкершілік пен эмпатияны дамыта алмайды.

➢ Топтық қысым мен өзіндік бейнелеу: Әлеуметтік желілерде «лайктар» мен «подписчиктер» арқылы танымал болу балалар мен жасөспірімдерге үлкен мәнге ие. Бұл, әсіресе, әлеуметтік қысымның артуына, өзін-өзі төмен бағалауға, жеке өмірдің «жариялылығына» деген үнемі қажеттілікке алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, балалар виртуалды бейнесін қалыптастыру барысында өздерін басқалармен салыстыруға бейім келеді, бұл өз кезегінде өзіндік сенімсіздіктің туындауына себеп болуы мүмкін.

• Психологиялық денсаулыққа әсері: Әлеуметтік желілердегі ақпараттың көптігі, әртүрлі көзқарастар мен жаңалықтарға үнемі қолжетімділік жасөспірімдерде мазасыздық, стресстік жағдайлар, тіпті депрессиялық көңіл-күйдің қалыптасуына ықпал етуі мүмкін. Сонымен қатар, теріс ақпараттар мен жалған жаңалықтарды қабылдауы, кибербуллинг (виртуалды зорлық-зомбылық) немесе қысым мен қорқыту да балалардың психоэмоциялық денсаулығына зиян тигізуі ықтимал.

3. Әлеуметтік желілер мен медианың теріс әсерінің алдын алу жолдары.

Әлеуметтік желілер мен медианың теріс әсерін азайту үшін бірнеше шараларды жүзеге асыру қажет:

➢ Психологиялық қолдау: Балалар мен жасөспірімдерге психологиялық қолдау көрсету, олардың әлеуметтік желілердегі ақпаратты қалай қабылдайтынын бақылау. Олармен тұрақты түрде осы тақырыпта сөйлесу, түрлі мәселелерді талқылау, олардың пікірлеріне мән беру.

➢ Қарым-қатынас дағдыларын дамыту: Балаларды өз ойларын ашық айтып, эмоцияларын білдіруге ынталандыру. Әлеуметтік желілерде қарым-қатынас дағдыларын дамытудың орнына, шынайы өмірде топтық жұмыс жасау, дискуссияларға қатысу, эмпатияны дамытуға арналған іс-шаралар ұйымдастыру.

➢ Ақпараттық сауаттылық: Әлеуметтік желілер мен медианың ықпалына қарсы тұра білу үшін балаларды ақпараттық сауаттылыққа үйрету. Балалар мен жасөспірімдерге жалған ақпаратты анықтауды, сын көзбен қарауды үйрету.

➢ Қосымша уақытты дұрыс пайдалану: Әлеуметтік желілерде уақыт өткізудің балансты әрі орынды болуы үшін нақты уақыт шектеулерін қою. Бұл балалардың виртуалды әлемнен тыс шынайы өмірде әлеуметтік дағдыларын дамытып, физикалық белсенділікке көңіл бөлуіне мүмкіндік береді.

4. Әлеуметтік желілер мен медианың жағымды ықпалы

Әлеуметтік желілер мен медианың бала дамуына тек теріс әсер етіп қана қоймай, оң ықпалы да бар:

➢ Білім алу мүмкіндіктері: Интернет арқылы әлемдегі ең үздік білім беру ресурстарына қол жеткізуге болады. Видеоуроктар, онлайн курстар, ғылыми мақалалар мен ақпараттар баланың білім деңгейін арттыруға көмектеседі.

➢ Креативтілік пен шығармашылық: Әлеуметтік желілер мен медианың платформалары балалар мен жасөспірімдерге өз шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Олар блог жүргізу, видеоконтент жасау, сурет салу, музыка жазу секілді әрекеттер арқылы өздерін танытуға мүмкіндік алады.

➢ Әлеуметтік байланыс: Әлеуметтік желілер балалардың, әсіресе қашықтықта тұрған, өзін жалғыз сезінетін немесе қиындықтарға тап болған жасөспірімдердің

бір-бірімен қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді.

Олар ортақ қызығушылықтары бар достар тауып, пікірлерімен бөлісу арқылы психологиялық қолдау алады.

Әлеуметтік желілер мен медиа бала мен жасөспірімдердің дамуында маңызды рөл атқарады. Олар ақпарат алу, қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны қалыптастыру, білім алу және өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін ұсынады. Алайда олардың теріс әсері де жоқ емес. Сондықтан әлеуметтік желілер мен медианың әсерін оңтайлы пайдалану үшін ата-аналар мен педагогтар балалардың ақпараттық сауаттылығын арттырып, шынайы өмірде әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған шаралар қабылдауы қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Абдурахманова, Р.Қ. (2009). Баланың эмоциялық дамуы мен әлеуметтік өзара әрекеттесуі. – Алматы: Атамұра.

2. Аманбаева, С. (2010). Мектеп жасындағы балалардың психологиясы. – Алматы: Қазақ университеті.

3. Байтұрсынов, А. (1997). Педагогика. – Алматы: ҚазМҰУ.

4. Бенашвили, Г.А. (2005). Психология эмоций. – М.: Когито-Центр.

5. Голман, Д. (1995). Эмоциональный интеллект. – М.: Сфера.

6. Джонсон, С. (2003). Эмоциональный интеллект в практике. – М.: Дело.

7. Жұмабаев, М. (2004). Педагогика. – Алматы: Мектеп.

8. Зимбардо, П.Г., Рауэр, Ф.М. (2005). Психология и жизнь. – М.: Гардарика.

9. Карвасарский, Б. (2004). Психология личности. – М.: Академия.

10. Караев, А.М. (2006). Мектеп жасындағы балалардың психологиясы. – Алматы: Ғылым.

БҰЙЫМДЫ КӨРКЕМ КЕСТЕМЕН БЕЗЕНДІРУ

Казтуганова Райса Нурлыкановна
Ақтөбе қаласы №5 жалпы білім беретін орта мектеп"
КММ-нің көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Бөлім:	**Сәндік қолданбалы өнер**	
Күні:	25.11.2025	
Сыныбы: 5 «Ә»	Қатысушы саны :	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы:	Бұйымды көркем кестемен безендіру	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	5. 2. 1. 1 өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолдану 5. 2. 6. 1 материалдар мен құралдарды техника қауіпсіздігін сақтап, қолданудың маңыздылығын сезіне отырып демонстрациялау	
Сабақтың мақсаты	*Өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолданады. *Материалдар мен құралдарды техника қауіпсіздігін сақтап, қолданудың маңыздылығын сезіне отырып демонстрациялайды.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі//уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақ басы **5минут**	**Ұйымдастыру.** Амандасу. Оқушыларды түгендеу. **Психологиялық ахуал қалыптастыру (**PixVerse жасалды) Сабағымызды бастамас бұрын құндылыққа негізделген психологиялық ахуалымызды қалыптастырып алайық. Ендеше мына жасанды интеллектісі бар бейнероликті көру арқылы, соңында шыққан сөз тіркестерін өз ойларыңызбен толықтыру арқылы сабағымызды бастаймыз. Ендеше бейне роликті тамашалаймыз. (Бейнеролик қарап, сөз тіркестерін толықтырады) Керемт жауап, әрқайсыңыздың пікіріңіз құнды. **Топқа бөлу «киіз үй» слайды**	Амандасады. Сынып туралы мәлімет береді. Оқушылар бейнероликті қарап, сөйлемді аяқтап, өз ойларын айтады. Оқушылар «киіз үй» слайды арқылы топқа бөлінеді	Ауызша қолдау. Жарайсыңдар. Керемет!	Бейнеролик «ЖИ-қобдиша» https://app.pixverse.ai «Киіз үй» слайды
Сабақ ортасы **5 минут**	**Өткен сабақты қайталау «ЖИ-қызғалдақ» (** PixVerse жасалды)	Оқушылар өткен сабақ бойынша ЖИ- аватардың сұрағын тыңдап, интеллектуалды	Ауызша қолдау. Жарайсыңдар!	ЖИ-инт ойын https://app.pixv

5 минут **5минут** **3 минут** **10минут** **3минут**	интеллектуалды ойыны арқылы өткен сабақты қайталау **Жаңа сабақ тақырыбын анықтау.** ЖИ-аватарды тыңдайды , сабақ тақырыбын анықтайды. **Сабақ мақсатын анықтау** **Топпен жұмыс «Кластер» әдісі Тапсырма-1** Кесте түрлерін қарастырыңдар. Олардың түрлерін атаңдар. Оны қайда қолдануға болады? **Жұппен жұмыс «Жұптас-ойлан-бөліс» әдісі Тапсрыма-2** Қауіпсіздік ережелерді анықтау . **Жеке жұмыс «Тәжірибелік кезең . Тапсырма-3** Дайын эскизді қолдана отырып, сәнді тігістермен кестелеу **Сергіту сәті**	ойын арқылы қайталайды ЖИ-аватарды тыңдайды және сабақ тақырыбын анықтайды Оқушылар топпен тапсырма орындайды. Оқушылар қауіпсіздік ережелерді анықтайды Оқушылар эскиз бойымен кесте тігеді (санап кестелеу не еркін кестелеуді Оқушылар сергіту сәтіне ою биін билейді	**Мұғалім:** Оқушының белсенділігін арттыратын ынталандыру сөздер: • Жақсы, тағыда қосатындарыңыз барма?! **Дескриптор.** 1топ Кесте үлгілерін қарап, олардың түрлерін анықтаңдар. 2то. Кесте үлгілерін қарап, қайда қолдануға болатынын анықтаңдар. ҚБ*: «Екі жұлдыз, бір тілек»* **Дескриптор:** Жұппен қауіпсіздік ереженің жалғасын толтырыңдар. *ҚБ: Қол шапалақтау* **Дескриптор:** Дайын эскиз бойымен сәнді тігістермен кестелейді. *ҚБ: Өзін-өзі бағалау.*	erse.ai ЖИ-аватар Суреттер кесте түрлерінен. Комикс карточка Құралдар Бейнебаян
Сабақ соңы 5минут	**Сабақты қорытындылау ЖИ– қызғалдақ**	Оқушылар алған білімді ЖИ тапсырмасы	**ҚБ/ Қол шапалақтау**	ЖИ – қызғалдақ


2 минут	**ойыны** арқылы алған білімді бекітеді **Рефлексия** ЖИ- комикс арқылы кері байланыс: Тамаша түсіндім Қиындау болды Сұрағым бар	арқылы қорытындылайды. Оқушылар алған білімдерінен кері байланысты ЖИ- комикс арқылы белгілейді.		ойыны ЖИ-комикс





Психологиялық ахуал жауабы:
Сабақта еңбектенсем... елімнің дамуына үлес қосамын, себебі білім — болашақтың кілті.
Мен елімнің ертеңімін себебі... менің алған білімім мен тәрбием — ел болашағына әсер етеді.
Жаңашыл адам әрқашан .... ізденісте болады, себебі жаңалық — даму мен өсу жолы.
Бір-бірімізді қолдаймын.... себебі ауызбіршілік пен достық табыстың кепілі.
Кестелеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері:
1. Ине мен қайшыны мұқият ұста. +
2. Жұмыс кезінде инені аузыңа салма. +
3. Қайшыны біреуге ұсынғанда сабын өзіңе қаратып бер. +
4. Инені жұмыс аяқталған соң инежіп қорабына сал. +
5. Қайшыны ашық қалдырма, жұмыс біткен соң орнына қой.
6. Артық жіптер мен маталарды жерде қалдырма.
7. Кестелеу кезінде денеңді түзу ұстап отыр.+
8. Көзге жарық түсетіндей етіп жұмыс істе.+
9. Жұмысты асықпай, мұқият орында. +
10. Қолыңды жиі жуып, тазалық сақта.

ХИМИЯ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ



Кизатова-Шабанова Акмарал Еркинкызы
Әбіш Кекілбаев атындағы Binom School мектеп-лицейі
Қазақстан, Астана қаласы

Аңдатпа

Әлем бойынша қазіргі кезде технологиялық революция қарқынды даму кезеңінде: ақпарат ағыны, жоғарғы технологиялық инновациялар біздің барлық ақпараттық технология салаларын өзгертуде.

STEM – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми – техникалық тұжырымдамалар зерттеледі. Бұндай тәсілдің басты мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM – сауаттылықты дамытуға әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін байланыстарды орнату болып табылады. STEM оқытуды пайдалану тыңдаушының зияткерлік қабілетін дамытып, түрлі инновациялық жаңалықтар ашуға немесе өзіндік тұжырымдама жасауға көмектеседі.

Түйінді сөздер: химия, инновация, технология, мектеп, инженерия, ғылым.

Қазіргі ғылыми-білім беру кеңістігінде төртінші технологиялық революцияның салдары көрініп тұр: жоғары жылдамдықты ақпарат ағындары, жоғары технологиялық инновациялар мен әзірлемелер қазіргі қоғам өмірінің барлық салаларына өзгерістер енгізуде. Серпінді дамып келе жатқан әлемде білім беру саласы да елеулі өзгерістерге ұшырауда.

STEM - бұл академиялық ғылыми және техникалық тұжырымдамаларды нақты өмірде қарастыратын біріктірілген оқыту әдісі. Бұл әдістің мақсаты - STEM сауаттылығы мен әлемдік экономикада бәсекеге қабілеттіліктің дамуына ықпал ететін мектеп, қауымдастық, жұмыс және әлем арасындағы тұрақты байланысты құру [1].

Оқыту үдерісінде STEM әдісін қолдану оқушыларда төмендегідей дағдыларының дамуынаықпал етеді:

-кез келген проблеманы шешу;

-іс - әрекетке шығармашылықпен қарау;

-сыни тұрғыда талдау;

-тәуелсіз ойлау;

-ұжымда бірлесіп жұмыс жасау;

-жаңа идеяларға бастама беру;

-сандық сауаттылық.

STEM мүмкіндіктерін қолдану үшін әріптестермен бірлесе отырып, оқу мақсаттарына сәйкес оны қалай жүзеге асыруға болатындығын көлденең жоспарлау барысында талдап, сабақ жоспары құрастырылады [2]. Сабақ жоспарында мұғалім бірнеше пәндерде қамтылатын оқу мақсаттарын жинақтап, жаңа білімді меңгеруде STEM мүмкіндіктерін пайдаланады.

STEM әдісін химия пәні бойынша 10-сыныпта «Тотығу-тотықсыздану реакциялары» тарауында «Гальваникалық элементтер» тақырыбында қолдану оқушылардың біліктілігін тәжірибе

тұрғысында дамытады. Бұл кезеңде STEM зертханалық сабағы жоспарлап ұйымдастырылды. Батареяны нақты электрохимияның қосымшасы ретінде қолданып, оқушыларға зертханада орындауға мүмкін «Қарапайым батареяны қалай дайындауға болады?» тәжірибесі ұсынылды. Бұл тәжірибе оқушыларды сабаққа қатысты химия, физика, математика пәндерінен тек теориялық білімді алып қана қоймай, сонымен бірге XXI ғасырда талап етілетін дағдыларды дамытуға көмектесетін әрекеттер мен жағдайларды жасауға итермеледі.

Жоспар бойынша сабақ барысында: батареялар туралы мәліметтерден бастап оқушылар аккумуляторлар туралы ақпаратты табу үшін зерттеу дағдыларын қолданды.

Электрохимиялық ұяшықтар құру және электрохимиялық ұяшықтарды пайдалану арқылы шамды қосу үшін жұмыс жасайтын батарея құру тәжірибесі орындалды.

Ең жарық шамды жасау үшін электрохимиялық ұяшықтардың аккумуляторын құрастыру тәжірибелері орындалды.

Бұл тәжірибе STEM мүмкіндіктерінің барлық саласын толық қамтыды. Атап айтқанда S (ғылым) электрохимияға, тотығу – тотықсыздану мен электрондардың берілуіне қатысты батареядағы химияға назар аударады. Физикада кернеу, ток және электр қуаты сияқты ұғымдар қарастырылады. Жобада қолданылатын T (технология) бұл, вольтметрді, калькуляторды, шамды және интернет-анықтаманы қолдану. E (инженерия) қарапайым гальваникалық ұяшықтарды қолдана отырып, функционалды аккумуляторды қалай құруға болатынымен жұмыстану. M (математика) – бұл, Нернст теңдеуі көмегімен электр қозғаушы күшін есептеу, жұмыс істейтін батарея үшін қажет гальваникалық ұяшықтардың санын есептеу.

Сабақ барысындағы оқушылардың өзін-өзі бағалауы оқушылардың тәжірибе барысындағы іс-әрекеттері электрохимияға қатысты ғылыми түсініктерді, сондай-ақ ток, кернеу және электр туралы түсініктерін меңгеруге көмектесетінін көрсетті. Сондай-ақ, жиынтық бағалау нәтижелері осы тақырыпта STEM әдісін қолдануоқушылардың сыни ойлауын және топта жұмыс істеу дағдыларының дамығанын көрсетті.

Көптеген оқушыларға сабақ үстінде өз көздерімен көрмейтін терминдерді, теорияларды түсіну қиындық туғызады, ал STEM сабақтарында қызықты эксперименттер мен тәжірибелер жасап, жобалар құрастыру арқылы, бір пән білімін екінші пән білімімен байланыстыра отырып, осы терминдерді, теорияларды жеңіл түсінеді [3].

STEM әдісін сабақта пайдаланғаннан кейінгі туындаған негізгі ойлар:

- Оқушыларға бағытталған іс-әрекеттер STEM-нің төрт пәнді сыныпта біріктірудің кілті болып табылады;
- Оқушыларды XXI ғасырдың қиыншылықтарына дайындауға дағдыландырады;
- STEM интеграциясыжаһандық бәсекеге қабілетті жоғары білікті азаматтарды тәрбиелеп шығарады;

STEM әдісінде мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі: тек жеке пәнмен шектелмей «өмір бойы оқу» принципіне негізделе отырып, басқа пәндерді де меңгеру жүктеледі.

Сапалы STEM интеграциясын жүргізу үшін әлі де мұғалімдер алдында тұрған кедергілерге: уақыт шектеулігі, оқу құралдарының жетіспеушілігі және мұғалімдерде STEM кәсіби дайындығының болмауы жатады.

Қорытындылай келе айтарымыз, STEM «концепциясы» технологиялық дамыған әлемге болашақ мамандарды дайындау болып табылады, сондықтан ол бүгіннен басталуды көздейді. Болашақта STEM мүмкіндіктері оқу үдерісінде кең көлемде жүргізіліп, биік нәтижелерге жететініне сенеміз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Г.Ногайбаева, С.Жумажанова. «Развитие STEM-образования в мире и Казахстане» \\ «Білімді ел - Образованная страна» №20
2. Кусаинова, С., Тантыбаева, Б., Абылайхан, А., Шаихова, . Б., & Ережепекова, А. (2023). Пәнаралық байланыстарды іске асыра отырып, химия сабақтарында STEM инновациялық әдістерін қолдану. *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы*, *143*(2), 212–220.
3.Азизов Р. Образование нового поколения: 10 преимуществ STEM образования Электронный ресурс:URL: https://ru.linkedin.com/pulse/ -stem-rufat-azizov

ДӘРІГЕР АБОЛИТ БІЗДЕ ҚОНАҚТА

Кубекова Гүлжаһан Абылқайрқызы
Ақтөбе облыстық арнайы мектебі КММ-нің мұғалім-дефектологы

Мақсаты:1. Балаларды мейірімділікке,өзге адамдарға ,жануарларға қамқорлық жасауға талпындыру жалпы дәрігер, дәрігердің құралдары туралы түсінік беру
2.Түзетушілік: Қамқорлық жәсасауға дағдыларын дамыту.
3.Тәрбиелік: Қайырымды, қамқор болу,а тәрбиелеу.
Сабақтың түрі: Жаңа білімді меңгерту
Әдіс- тәсілдері: түсіндіру, көрсету, үйрету, сын тұрғысынан ойлау әдістері.
Көрнекіліктер: пазл,плакаттар пайдалы,зиянды тағамдардың суреттерімен карточкалар.

Кезең	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әркеті
	Ұйымдастырушы кезеңі: Балалар қараңдаршы бізге көп қонақтар келді. Ең алдымен олармен амандасайық. Сәлеметсіңбе шуақты күн! Сәлеметсіңдерме достарым! Сәлеметсіәңдерме қонақтар! **Шаттық шеңбері:** Мынау менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған. Мынау басым ақылды, бәрін осы басқарған. Мынау менің оң қолым, Мынау менің сол қолым, Бәрін осы атқарған. **Тыныс алу жаттығуы:** Балалар біздің денсаулығымыз дұрыс болу үшін біз дұрыс демала білуіміз керек	Балалар келген қонақтармен амандасады. Балалар барлығы мұғаліммен қосылып шаттық шеңберін жасайды Балалар қаршықтарды үрлеп тыныс алу жаттығуын жасайды.

	Жыл мезгілін сипаттау -Балалар бүгін бізге көп мұғалім апайлар қонаққа келген екен, біз қонақтарға қандай ақылды, білімді екенімізді көрсетейік жарай ма. Балаларға сұрақ қойылады қазір жылдың қай мезгілі я дұрыс көктем мезгілі Балалар көктем мезгіліде келіп жетті. Көктемде күн жылып, қар ериді. Сол үшін біз жеңіл жүруіміз керек.Қыста күн салқын болғандықтан жиі-жиі ауырып қала береміз. Ауырсақ дәрігерге барамыз емделеміз. **Дәрігер есіктен кіреді балалармен амандасады.** **Дәрігер:** Балалар мен орманға бара жатырмын. Қоян, қасқыр, түлкі ауырып қалып менен көмек сұрады. Оларға жету үшін тапсырмаларды орындауымыз керек. Ол үшін сіздердің көмектеріңіз қажет. Олай болса менің қобдишамдағы алғашқы көмекке арналған заттарды бөліп,барлығымыз жолға шығайық бірге берілген тапсырманы орындайық. **1 тапсырма:** Дәрігермен мұғалімнің құралдарын ажырату. (бинт, шприц, маска, дәрі, градусник) (айна, қалам, желім, түрлі-түсті бояу) Құралдарды ажыратып дәрігердің қобдишасына салады. Қобдишаны алып дәрігер балалармен бірге (қоянның жүрісін салып) қоянға жетеді. Дәрігер қоянға жетіп құлағын емдеп беріп,қоянмен қоштасып ары қарай кетеді. **Дәрігер:** Балалар енді бізді түлкі күтіп отыр. Түлкіге жету үшін 2-ші тапсырманы орындауымыз керек. **2 тапсырма:** Пазл құрастырамыз. Дәрігердің құралдарымен фотосы берілген. Балалармен бірге құрсатырады. Тапсырманы орындап болып түлкіге барады. (түлкінің жүрісін салып музыкамен) Дәрігер түлкіге жетіп аяғын емдеп укол салып береді. **Дәрігер:** Келесі қасқырға баруымыз керек. Оған жету үшін келесі 3-ші тапсырманы орындауымыз керек.	Тәрбиешіні тыңдайды, келіседі.

	3 тапсырма: Пайдалы, зиянды тағамдарды ажырату. Тапсырманы орындап болып қасқырға барады. (қасқырды қимылын,дауысын салып музыкамен) **Дәрігер:** Қасқырдың іші ауырып қалыпты. Дәрі берейік. Балалар қасқырдың іші неге ауырған деп ойлайсыңдар? Себебі ол зиянды тағамдар жеп қойған. Ауырмау үшін қандай тағамдар жеуіміз керек? Дұрыс айтасыңдар. Пайдалы тағамдар жейміз. Ал балалар енді менің қайтатын уақытым келді сендер сондай ақылды бала екенсіңдер маған көп көмек бердіңдер рақмет сіздерге сау болыңдар.	
Рефлексивті коррекциялау	Қорытындылау: Балалар біз бүгін не үйрендік кім қонаққа келді **Мадақтау**: Жарайсыңдар балалар сабаққа жақсы қатысып тапсырмаларды орындадыңдар.	Жеткен жетістіктеріне қуанады, сыйлық қабыл алады, рахмет айтады

4 «Б» сыныбында өткізілген «Дәрігер» ашық сабағына өзіндік талдауы.

Класс жетекші: Калиева А.Т.
Тәрбиеші: Кубекова Г.А.
1.Сабақтың мақсаты қандай?
Осы мақсаттарды қою барысында оқушылардың шынайы мүмкіндіктері мен талаптары ескеріледі ме?
1.Білімділік: Табиғаттағы тіршілік, дәрігер, дәрігердің құралдары туралы алған білімдерін пысықтау, балаларды табиғи ауысымдылыққа үйрету, ауырған кезде емделу керектігін есте сақтауларына үйретуді жалғастыру.
2.Дамытушылық: Балалардың ұсақ қол маторикасын дамыту, түстерді ажыратуына көмектесіп сұрақ-жауап қайталау арқылы ой өрісін дамыту. Шығармашылық қабілеттерін арттыру.
3.Тәрбиелік: Тапсырма ережелерін орындауға, дамытушы ойындар арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Осы мақсаттарға жетуде балалардың мүмкіндіктері мен талаптары ескеріліп, тапсырмалар деңгейі таңдалынады.

2.Бұл сабақтың тақырыпта, курста, бөлімде алатын орны қандай?
Сабақтың орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар үшін өз көзқарастарын сақтау үшін, айналасындағы болмысты жалпы қасиеттерінмен бірге қабылдауларына қолайлы жағдайлар жасауда, психикалық дамуын ынталандыруға, түрлі заттар және материалдармен мақсатты бағытта ерікті іс-әркеттерін қалыптастыруда алар орын ерекше.
3.Шешілген міндеттер арасындағы байланыс болды ма?
Негізгі міндеттер қандай болды? Тапсырмаларда жеке оқушылардың ерекшеліктері қалай ескерілді?
Сабақтың шешілетін мақсаттары арасында байланыс болды, себебі тақырып толық ашылып түсіндірілді, тапсырмалар мүмкіндіктеріне сәйкес берілді.
4.Күтілетін нәтижелер қойылған мақсаттарға сәйкес келеме?
Орындайды: түсті ажыратып, есте сақтауды.

Түсінеді: қауіпсіздік ережелерін сақтап, оларды дұрыс орындауға дағдыларынҚолданады: қайталау қимылдарын есте сақтап, өзін-өзі ұстау дағдыларын.

5. Сабақ кезеңдері арасындағы бөлінген уақыт ұтымды болдыма?

Уақыт дұрыс әрі ұтымды бөлінген деп есептеймін.

6.Сабақ мазмұнын ашу үшін түзету қызметінің түрлерінің, формаларының, әдістерінің қандай үйлесімділігі таңдалынды?

Методикалық әдәс-тәсілдер: Сәлемдесу, ұйымдастыру кезеңі, түсіндіру, ойын, ән, қайталау, сұрақ-жауап.

7.Дефференциалды және жеке тәсіл қажет болды ма? Ол қалай жүзеге асты?

Жеке жұмыстар: Тілді жетік түсінбейтін бала аңғарымдылығын арттыру, жай қимылдайтын, ұялшақ балаға көмек беру.

8.Оқушылар сабақтың әр кезеңінде белсенділік танытты ма? Кері байланыс қалай берілді?

Әр балаға жиі мадақтаулар мен қолдаулар көрсетілді.

9.Қорғаушы педагогикалық режимнің талаптары сақталды ма?

Қорғаушы педагогикалық режим сақталды деп есептеймін.

10.Сабақ барысында оқушылардың жұмысқа қабілеттілігі не арқылы қамтамасыз етіледі?

Тапсырмаларды түрлендіру арқылы.

11.Ненің арқасында жақсы қарым-қатынас пен жайлы психологиялық атмосфера қолдау тапты? Мұғалім тұлғасының тәрбиелік әсері қалай жүзеге асты?

Балалардың кері байланысқа түсуінен, жақсы көңіл-күйлеріне байланысты

12.Қойылған міндеттерді толық орындай алдыңыз ба? Егер орындалмаса қандай себеп? Орындалмағанды толықтыру қай уақытқа жоспарланып отыр?

Толық орындалды деп есептеймін.

3«Б» сыныбында өткізілген «Көңілді балалар» атты ашық сабағына тәрбиешіңөзіндік талдауы

Сынып тәрбиешісі: Калиева А.Т.

1. Сабақтың мақсаты қандай? Осы мақсаттарды қою барысында оқушылардың шынайы мүмкіндіктері мен талаптары ескерілді ме?

1) ***Білімділік:***Балаларға түрлі көңіл күйлерді атап көрсету және оларды эмоциямен жеткізу.

2) ***Дамытушылық:***Зейінін шоғырландыру,сенсорлық қабылдауын дамыту,ұсақ моторикасын дамыту,сұрақ жауап ,әңгімелесу.

2. Тәрбиелік:Өзіне қызмет етуге қалыптастыру,достарымен тату болып,шапшаң тапсырма орындауға тәрбиелеу.

3. Бұл сабақтың тақырыпта,бөлімде алатын орны қандай?

Сабақтың ақыл-ойында кемістігі бар оқушылар үшін ақыл-ойын,зейінін, адамгершілік құндылықтарын,денсаулығын дамытуда орны ерекше. Айналасындағы болмысты жалпы қасиеттерімен бірге қабылдауларына қолайлы жағдайлар жасауда, психикалық дамуын ынталандыруға, түрлі заттар және материалдармен мақсатты бағыттаерікті іс-әрекеттерін қалыптастыруда алар орны ерекше.

4. Шешілетін міндеттер арасындағы байланыс болды ма? Негізгі міндеттер қандай болды? Тапсырмаларда жеке оқушылардың ерекшеліктері қалай ескерілді?

Сабақтың шешілетін мақсаттары арасында байланыс болды,себебі тақырып толық ашылып түсіндірілді, тапсырмалар мүмкіндіктеріне сәйкес берілді.

5. Күтілетін нәтижелер қойылған мақсаттарға сәйкес келе ме?

Орындайды: жақсы іс –әрекеттерді өздері орындай алады.

Түсінеді: берілген эмоцияларды

Қолданады:мимика және ұсақ қол маторикаларын,

нейрожаттығуларды,сергіту сәтін.

6. Сабақ кезеңдері арасындағы бөлінген уақыт ұтымды болды ма?

Уақыт ұтымды әрі тиімді бөлінген деп есептеймін.

7. Сабақ мазмұнын ашу үшін түзету қызметінің түрлерінің,формаларының, әдістерінің қандай үйлесімділігі таңдалынды?

Әдістемелік әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру,сұрақ-жауап,іс қимыл,мимика.

8. Дифференциалды және жеке тәсіл қажет болды ма? Ол қалай жүзеге асты?

Жеке жұмыстар: тілді жетік түсінбейтін бала аңғарымдылығын арттыру, жай қимылдайтын,оқи алмайтын,ұялшақ балаларға көмек беру.

9. Оқушылар сабақтың әр кезеңінде белсенділік танытты ма? Кері байланыс қалай берілді?

Әр балаға жиі мадақтаулар мен қолдаулар көрсетілді.

10. Қорғаушы педагогикалық режимнің талаптары сақталды ма?

Қорғаушы педагогикалық режим сақталды деп есептеймін.

11. Сабақ барысында оқушылардың жұмысқа қабілеттілігі не арқылы қамтамасыз етілді?

Тапсырмаларды түрлендіру арқылы.

12. Сабақ мазмұнына көңілді ойындар әлеміне байланысты сұрақтарды енгізу қарастырылған ба?

Ия,себебі әр түрлі мимика ,іс қимыл ұстану туралы сұрақ-жауап жүргізілді.

3«Б» сыныбында өткізілген «Көңілді жаттығу» атты ашық сабағына тәрбиешінің өзіндік талдауы

Сынып тәрбиешісі: Калиева А.Т.

1.Сабақтың мақсаты қандай? Осы мақсаттарды қою барысында оқушылардың шынайы мүмкіндіктері мен талаптары ескерілді ме?

1)Білімділік: Денсаулықты сақтау және нығайту,денені одан әрі жетілдіру, салауатты өмір салтын ұстану,дене бітімдерін түзету.

2)Дамытушылық:Бұлшық еттерді дамыту, балалардың дене бітімдерін қалыпқа келтіру,сұрақ жауап,мадақтау.

2.Тәрбиелік:Спортқа деген қызығушылықтарын қалыптастыру,достарымен тату болып,шапшаң тапсырма орындауға тәрбиелеу.

3.Бұл сабақтың тақырыпта,бөлімде алатын орны қандай?

Сабақтың ақыл-ойында кемістігі бар оқушылар үшін ақыл-ойын,зейінін, адамгершілік құндылықтарын,денсаулығын дамытуда орны ерекше. Айналасындағы болмысты жалпы қасиеттерімен бірге қабылдауларына қолайлы жағдайлар жасауда, психикалық дамуын ынталандыруға, түрлі заттар және материалдармен мақсатты бағыттаерікті іс-әрекеттерін қалыптастыруда алар орны ерекше.

4.Шешілетін міндеттер арасындағы байланыс болды ма? Негізгі міндеттер қандай болды? Тапсырмаларда жеке оқушылардың ерекшеліктері қалай ескерілді?

Сабақтың шешілетін мақсаттары арасында байланыс болды,себебі тақырып толық ашылып түсіндірілді, тапсырмалар мүмкіндіктеріне сәйкес берілді.

5.Күтілетін нәтижелер қойылған мақсаттарға сәйкес келе ме?

Орындайды: спорттық іс –әрекеттерді өздері орындай алады.

Түсінеді: берілген тапсырмаларды.

Қолданады:Гимнастикалық орындықты,табанға арналған төсемені,доғаны.

6.Сабақ кезеңдері арасындағы бөлінген уақыт ұтымды болды ма?

Уақыт ұтымды әрі тиімді бөлінген деп есептеймін.

7.Сабақ мазмұнын ашу үшін түзету қызметінің түрлерінің,формаларының, әдістерінің қандай үйлесімділігі таңдалынды?

Әдістемелік әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру,сұрақ-жауап,іс-қимыл.

8.Дифференциалды және жеке тәсіл қажет болды ма? Ол қалай жүзеге асты?

Жеке жұмыстар: баланың аңғарымдылығын арттыру, жай қимылдайтын, қорқынышы бар балаларға көмек беру.

9.Оқушылар сабақтың әр кезеңінде белсенділік танытты ма? Кері байланыс қалай берілді?

Әр балаға жиі мадақтаулар мен қолдаулар көрсетілді.

10.Қорғаушы педагогикалық режимнің талаптары сақталды ма?

Қорғаушы педагогикалық режим сақталды деп есептеймін.

11.Сабақ барысында оқушылардың жұмысқа қабілеттілігі не арқылы қамтамасыз етілді?

Тапсырмаларды түрлендіру арқылы.

12.Сабақ мазмұнына байланысты жаттығу ,ойын енгізу қарастырылған ба?

Ия,себебі әр түрлі спорттық,іс қимыл ұстану туралы сұрақ-жауап жүргізілді.

3«Б» сыныбында өткізілген «Шуақты көктем» атты ашық сабағына тәрбиешінің өзіндік талдауы

Сынып тәрбиешісі: Калиева А.Т.

1.Сабақтың мақсаты қандай? Осы мақсаттарды қою барысында оқушылардың шынайы мүмкіндіктері мен талаптары ескерілді ме?

1)Білімділік:Балаларға жыл мезгілі көктем туралы түсінік беру. Дәстүрден тыс сурет салу әдісін үйретуді жалғастыру.

2)Дамытушылық:Бұлшық еттерді дамыту, балалардың дене бітімдерін қалыпқа келтіру,сұрақ жауап, мадақтау.

2.Тәрбиелік:Табиғатқа деген қызығушылықтарын қалыптастыру, достарымен тату болып, тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу.

3.Бұл сабақтың тақырыпта,бөлімде алатын орны қандай?

Сабақтың ақыл-ойында кемістігі бар оқушылар үшін ақыл-ойын,зейінін, адамгершілік құндылықтарын,денсаулығын дамытуда орны ерекше. Айналасындағы болмысты жалпы қасиеттерімен бірге қабылдауларына қолайлы жағдайлар жасауда, психикалық дамуын ынталандыруға, түрлі заттар және материалдармен мақсатты бағыттаерікті іс-әрекеттерін қалыптастыруда алар орны ерекше.

4.Шешілетін міндеттер арасындағы байланыс болды ма? Негізгі міндеттер қандай болды? Тапсырмаларда жеке оқушылардың ерекшеліктері қалай ескерілді?

Сабақтың шешілетін мақсаттары арасында байланыс болды,себебі тақырып толық ашылып түсіндірілді, тапсырмалар мүмкіндіктеріне сәйкес берілді.

5.Күтілетін нәтижелер қойылған мақсаттарға сәйкес келе ме?

Орындайды: шығармашылық соның ішінде бояу,сурет салу іс –әрекеттерін өздері орындай алады.

Түсінеді: берілген тапсырмаларды.

Қолданады: Губка ,гуаш бояуын, картоп , құлаққа арналған мақта.

6.Сабақ кезеңдері арасындағы бөлінген уақыт ұтымды болды ма?

Уақыт ұтымды әрі тиімді бөлінген деп есептеймін.

7.Сабақ мазмұнын ашу үшін түзету қызметінің түрлерінің,формаларының, әдістерінің қандай үйлесімділігі таңдалынды?

Әдістемелік әдіс-тәсілдер: көрсету, түсіндіру,сұрақ-жауап,іс-қимыл.

8.Дифференциалды және жеке тәсіл қажет болды ма? Ол қалай жүзеге асты?

Жеке жұмыстар: баланың аңғарымдылығын арттыру, жай қимылдайтын, қорқынышы бар балаларға көмек беру.

9.Оқушылар сабақтың әр кезеңінде белсенділік танытты ма? Кері байланыс қалай берілді?

Әр балаға жиі мадақтаулар мен қолдаулар көрсетілді.

10.Қорғаушы педагогикалық режимнің талаптары сақталды ма?

Қорғаушы педагогикалық режим сақталды деп есептеймін.

11.Сабақ барысында оқушылардың жұмысқа қабілеттілігі не арқылы қамтамасыз етілді?

Тапсырмаларды түрлендіру арқылы.

12.Сабақ мазмұнына байланысты жаттығу ,ойын енгізу қарастырылған ба?

Ия,себебі әр түрлі спорттық,іс қимыл ұстану туралы сұрақ-жауап жүргізілді.

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҒЫНДА ОҚУ ДАҒДЫСЫН САУАТТЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӘДІСТЕРІ

Қалиева Гүлназ Сейілханқызы
Ақтөбе қаласы №49 ЖББО мектебінің
бастауыш класс мұғалімі

Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу сапасын жақсарту мұғалімдерге жүктелген. Мұның өзі оқытудың тиімді әдістерін іздестіруді, сабақ сапасын жаңа деңгейге көтеруді талап етеді. Қазіргі кезде жалпы білім беретін орта мектептердің алдында үлкен міндеттер тұр. Ол заман талабына сай, рухани дүниеге бай жас жеткіншектерді тәрбиелеп шығару. Бала өмірінде бастауыш сынып мұғалімінің алатын орны зор. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған жас ұланға білім беретін, оның ой-қиялын дамытатын, рухани дүниесін нұрландыратын бастауыш сынып мұғалімі. Кішкентай шәкірттер өзінің «Ана мектебінен» яғни, отбасы мектебінен алғанын енді мектепте өзінің ұстазы арқылы әрі қарай дамытады. Сөйтіп, олар мұғалімнің көмегімен оқудың, жазудың ойланудың дағдыларын қалыптастырады.

Қандай да болмасын дағдыға бала басқалармен қарым-қатынас жасау барысында үйренеді.Бала үлкендердің істеген әрекеттерін көріп бақылап, оған еліктейді, кейін оны өзі істей бастайды.Ал оқытуда мұғалім дағдыландыратын әрекеттерін әдейі көрсетеді, түсіндіреді, балалар оның орындалуын бақылайды. Осы процесс сыртқы әрекеттің адамның бойына сіңуі,ішкі психикалыққа айналуы интериоризация деп аталады, яғни сыртқы заттық әрекеттің ақыл-ойға, санаға өтуі. Мектептегі оқу үрдісі сауат ашудан басталатыны белгілі. Ал мұғалім оқушының оқуын, ақыл-ой дамуын ұйымдастыруы, оған басшылық жасауы қажет.Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған келесі мәселелердің бірі –білім беру, ғылымды дамыту, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу. Ал бұл істің қайнар көзі-білім ордасы-мектеп, ал мектептің жаны-мұғалім.

Бастауыш сыныптан-ақ негізі қалануы тиіс маңызды міндеттің бірі-оқушылардың оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру.

Дағды дегеніміз –ол автоматты түрде жасауға дейін жеткізілген әрекет,көп рет қайталау жолымен қалыптасады, оқыту процесінде, әсіресе жалпы оқу дағдыларын қалыптастыру керек. Дағды жаттығу процесінде қалыптасады.Оны қалыптастыру үшін жай қайталау жеткіліксіз, оған арнайы жаттығу қажет.

Кез келген қайталаудан жаттығу шықпайды. Мәселен, адамның нашар жазуы көп қайталағанмен түзелмейді, себебі мұнда арнайы жаттығулар жүйесі жоқ. Жаттығу жөнінде белгілі бір ережелерді білмей, яғни дағдыны қалыптастыру, жаттығу қандай жолмен жүріп отыратындығымен таныспай, қандай дағдыға болса да ие болу қиын.

Оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру мынадай талаптардан туындайды:

1. Оқу техникасы (дұрыс, тез қабылдау және сөздерді дыбыстау).
2. Мәтін мазмұнын түсіну (негізгі ойды, мазмұнын ажырату).

Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені, оқу техникасын жетілдірмей – түсіну, дұрыс оқу жүзеге аспайды.

Бастауыш сынып мұғалімдері үшін мынандай ***міндеттер*** туындайды:

- оқушылардың оқу дағдысын қалыптастыру;
- көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығын арттыру;
- шығарманың түпкі мазмұн-мәнін түсінуіне, сезімталдықпен қабылдауына қол жеткізу;
- мәтіндегі сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлем мен сөйлем үлгілерін үйрете отырып, ана тіліміздегі сөз мағыналарыының түрленуіне көңіл аударту;
- ауызша және жазбаша байланыстырып сөйлеуін дамыту;
- өзіндік ой-пікірін айта білуге баулу;
- оқушылардың бойына ізгілік пен имандылық, адалдық пен адамгершілік қасиеттерін дарыту.

Бастауыш сыныптарда оқушылар әдебиеттік оқу сабағында өздерінің білім мен тәрбие алуына қажетті әртүрлі оқу дағдыларын қалыптастырады. Оқу - өте күрделі психологиялық үрдіс. Оқушылардың оқу дағдыларын қалыптастыру жалпы тіл дамуымен, оның ішінде әдеби жазба тілімен де, сөйлеу тілімен де тікелей қабысып жатыр. Оқу барысында көру, есту, сөйлеу мүшелерінің қызметі қатар жүргізіліп, ол түсіну әрекетімен тығыз байланысады. Кейбір жағдайда оқушылар мүдірмей шапшаң оқыса, осы қанағат етіп, оқу дағдысы қалыптастырылды деу қате. Себебі, үңіле қарасақ, бала шапшаң оқығанмен, оны саналы түрде түсініп, дауыс ырғағын келтіре мәнерлеп оқи алмауы мүмкін. Оқушымен жүргізілетін оқу дағдысын қалыптастыруға қажетті жаттығулар мұғалім тарапынан тілдің заңдылықтары, қасиеті, ережелері меңгерілген кезде ғана мүмкін болады. Яғни грамматиканың жеке бір ережелерін, орфографиялық және тыныс белгілерінің ережелерін жете білгенде ғана, оқу дағдысының жаттығуларын жүргізу мүмкіндігі туады. Оқу сабағын жүргізуде және оған қажетті әдіс-тәсілдерді іздестіру үстінде мыналарды ескеру қажет:

Біріншіден, бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдысының жетілдірудің бір шарты – оқушының дұрыс және мүдірмей оқуын қамтамасыз ету. Олай етпеген жағдайда оқушының мәтінді толық түсінуі мүмкін емес. Мәтінді толық түсіну үшін сабақ үрдісінде оқудың мына түрлерін жүргізуге болады:

- мәтінді толық оқу;
- мәтінді бөлімдерге бөліп оқу;
- мәтінді дайын жоспар бойынша оқу;
- мәтін бойынша жоспар құру;
- абзац бойынша оқу;
- мәтінді жартылай дауыстап оқу;
- мәтінді рольге бөліп оқу;
- мәтінді оқып, мазмұндау;
- мәтінді қысқартып оқу;
- мәтіннің негізгі ойын білдіретін бөлікті тауып оқу
- ертегілерден қиял мен шындықты бейнелейтін үзіндіні түсініп оқу.

Екіншіден, оқу сабағында ойлау қабілетін, қызығушылығын, байқаушылығын, салыстыра білетін қабілетін, ой - өрісін дамыту үшін мына оқу түрлерін пайдалануға болады:

- мәтіннен қатты, ақырын, жылдам, баяу оқылатын сөйлемдерді табу;
- мәтіннен логикалық ықпалы бар сөйлемдерді тауып оқу;
- мәтіннен ереже бойынша сөйлем тауып оқу;
- мәтіннен нақыл сөздерді тауып оқу;
- мәтіннен көтеріңкі көңіл-күйге байланысты сөйлемдерді тауып оқу;
- мәтіннен мағынасы жақын сөздерді тауып оқу;
- мәтіннен автор сөзін алып тастап оқу;

Үшіншіден, оқу сабағында оқушының шығармашылық қиялына әсер ете білу үшін келесі оқу түрлерін қолдануға болады:

- мәтіннен суретке сәйкесті үзіндіні тауып оқу;
- мәтіннен сұрақтарға жауап тауып оқу;

- мәтіннен көркем бейнеленген үзіндіні тауып оқу;
- мәтіннен мақал-мәтелге сәйкес үзінді тауып оқу;
- мәтіннен кейіпкердің жағымды бейнесін суреттейтін үзіндіні тауып оқу;
- мәтіннен жағымсыз кейіпкерді суреттейтін үзіндіні тауып оқу;

Оқу дағдыларын қалыптастыруда оқушыны дұрыс түсініп, шапшаң және мәнерлеп оқуға үйрету керек. Осы талапты іске асыру, яғни жаттықтыру жұмысын жүргізу жолдары мектеп тәжірибесінде әлі де анықталуда. Оқу дағдысының үш түрі *дұрыс оқу, түсініп оқу және мәнерлеп оқуды қалыптастыру* ғылыми - әдістемелік жолмен анықталып отыр.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын жетілдіруде қойылатын талаптың бірі – *оқушыны мәнерлер оқуға үйрету*.

Мәнерлеп оқу дегеніміз – мәтіндегі сөздің мағынасын бұзбай, дыбысталуы жағынан анық етіп жатық оқу. Мәтінді саналы түрде түсініп оқу мен дұрыс оқу оқи білудің талаптарын қамтыса, мәнерлеп оқуға үйрету қандай мәтінді болса да саналы түрде түсініп оқуға жетелейді. Қандай мәтін болмасын мазмұнын дұрыс ұғып, онда айтылғандарды саналы түсіну үшін және тыңдаушыда жақсы әсер қалдыру үшін оқушының дауыстап оқудағы дауыс ырғағы мен оқу мәнерінің де мәні зор.

Сөзімді қорытындай келе, аталған жаттығулар оқушының оқу жылдамдығын арттырып, оқуға деген дұрыс көзқарасын қалыптастырады. Оқу процесі кезінде зейін қоюды және берілген материалды есте сақтауды дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.С.Рахметова.Қазақ тілін оқыту методикасы.Алматы:Ана тілі. 2015ж-184б.

2.Ш.Сәтиева.Оқушылардың оқу техникасын дамыту. Ұлағат.-2014№4.

ЫМ-ИШАРА, БЕТ-ӘЛПЕТ МИМИКАСЫН ПАЙДАЛАНУ – ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРМЕН ТИІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТӘСІЛІ

Маханова Ақерке Ерғазықызы
«Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені КММ-нің тәрбиешісі

Қазіргі инклюзивті білім беру жүйесінде әрбір оқушының ерекшелігін ескеру – маңызды міндет. Құлағы ауыр естітін оқушылармен жұмыс барысында ым-ишара мен бет-әлпет мимикасын қолдану – сабақтағы түсіндіру мен өзара байланыстың маңызды құралдарының бірі. Ым-ишара дегеніміз – адамның ойын, сезімін қол мен дене қимылдары арқылы жеткізу тәсілі. Ал бет-әлпет мимикасы – адамның эмоциясын, көңіл-күйін, ой-пікірі мен түсіндіруін бет арқылы білдіру. Бұл екі әдіс — есту қабілеті шектеулі балалармен тиімді жұмыс жасауға көмектесетін құралдар.

Білім беру процесінде оқушының оқу материалын терең ұғынып, сабаққа белсене қатысуы үшін мұғалімнің қарым-қатынас жасаудағы тәсілдері өте маңызды. Әсіресе ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс кезінде вербалды емес құралдарды тиімді қолдану – басты қажеттілік. Солардың бірі – ым-ишара және бет-әлпет мимикасын пайдалану.

Ым-ишара дегеніміз – дене қимылдары, қол қозғалысы, бас изеу арқылы ақпарат

беру. Мимика – бет-әлпет арқылы сезім мен эмоцияны жеткізу. Бұл тәсілдер сөзбен айтылмаған мағынаны түсіндіруге, көңіл күйді жеткізуге, ынталандыруға көмектеседі

Маңызы:

1. Есту қабілеті нашар балалар үшін мағынаны нақтылап түсіндіру құралы.
2. Қиын тақырыптарды түсіндіруді жеңілдетеді.
3. Оқушының назарын ұстап тұруға септігін тигізеді.
4. Сабақтағы эмоционалды атмосфераны жақсартады.

Мысалы:

– Сабақ үстінде мұғалім бас изеп, оқушыны мақтай алады.

– Қолмен бағыт көрсету – зейінді шоғырландыру тәсілі.

– Жымию – сенімділік пен қолдаудың белгісі. Мысалы, мұғалім сабақты түсіндіру кезінде дауысын көтермей, қажетті жағдайда қол қимылы арқылы бағытты көрсетіп, бет-әлпетімен эмоциясын білдірсе, оқушының назары артады. Бұл – сенімділік пен қабылдауға қолайлы орта тудырады. Ым-ишара мен бет-әлпет мимикасы – тек коммуникативті құрал ғана емес, ерекше балаларға деген құрмет пен қолдаудың белгісі. Мұғалім осындай тәсілдерді меңгере отырып, оқушының даму жолына үлкен үлес қосады

Ым мен мимиканы саналы түрде қолдану – әрбір педагогтың шеберлігінің бір бөлігі болуы тиіс. Бұл тәсілдер – тек қарым-қатынас емес, сондай-ақ оқушының сеніміне жол ашатын көпір.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗІ

Махат Гүлзира Әбдіжәмилқызы
«№5 мектеп-лицей» КММ-нің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ әдебиетін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың теориялық және әдістемелік негіздері жан-жақты қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі цифрландыру үдерісі жағдайында әдеби білім берудің мазмұнын жаңарту, оқыту әдістерін жетілдіру және оқушының тұлғалық дамуына бағытталған тиімді жолдар ұсынылады. Ақпараттық технологиялардың әдеби шығармаларды меңгертудегі мүмкіндіктері, мұғалім мен оқушының өзара әрекетін жетілдірудегі рөлі ғылыми-әдістемелік тұрғыда талданады.

Түйін сөздер: қазақ әдебиеті, ақпараттық технология, АКТ, цифрлық білім беру, әдістеме.

Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесіне қойылатын талаптар түбегейлі өзгеріп, оқыту үдерісіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) кеңінен енгізу өзекті мәселеге айналып отыр. Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуымен тығыз байланыста жаңарып келеді. Ақпараттық қоғам жағдайында мектептегі білім беру мазмұны да өзгеріп, оқыту үдерісінде заманауи технологияларды қолдану қажеттілігі туындады. Әдеби білім беру саласында, соның ішінде қазақ әдебиетін оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, көркем мәтінді терең әрі саналы меңгеруіне ықпал етеді. Қазақ әдебиеті пәні – оқушылардың

рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыратын, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіретін маңызды пәндердің бірі. Бұл ретте ақпараттық технологияларды пайдалану тек техникалық құрал ретінде емес, педагогикалық мақсатқа бағытталған әдістемелік жүйе ретінде қарастырылуы тиіс. Сондықтан қазақ әдебиетін оқытуда ақпараттық технологияларды тиімді қолдану – білім сапасын арттырудың негізгі шарттарының бірі болып табылады.

Ақпараттық технологияларды қолданудың теориялық-әдіснамалық негіздері

Қазақ әдебиетін оқытуда АКТ қолданудың әдістемелік негізі дидактиканың негізгі қағидаларына сүйенеді. Атап айтқанда, жүйелілік, ғылымилық, көрнекілік, саналылық пен белсенділік, қолжетімділік қағидалары ақпараттық технологиялар арқылы жаңа деңгейде жүзеге асады. Әдеби шығармаларды мультимедиалық форматта ұсыну оқушылардың қабылдау мүмкіндігін кеңейтіп, көркем бейнені елестету қабілетін дамытады.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту теориясы тұрғысынан алғанда, ақпараттық технологиялар әр оқушының жеке қабілеті мен оқу қарқынын ескеруге мүмкіндік береді. Электронды ресурстар арқылы дифференциалды тапсырмалар ұйымдастыру оқушының дербес жұмыс істеу дағдысын қалыптастырады. Ақпараттық технологиялар – ақпаратты өңдеу, сақтау және таратуға арналған техникалық және бағдарламалық құралдар жиынтығы. Білім беру саласында бұл ұғым электрондық оқулықтар, мультимедиялық бағдарламалар, онлайн платформалар, виртуалды сыныптар арқылы іске асады. Ақпараттық технологиялар оқытудың тиімділігін арттырып, білім алушының танымдық белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді.

Қазақ әдебиеті сабақтарында ақпараттық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері

Қазақ әдебиетін оқытуда ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктері өте кең. Мультимедиалық презентациялар арқылы ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылық жолын тарихи-мәдени контексте көрсету тиімді. Бейнефильмдер, сахналық қойылымдар мен аудиожазбалар көркем шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын терең түсінуге жағдай жасайды. Интерактивті тақта мен электронды оқулықтарды қолдану мәтінмен жұмыс түрлерін түрлендіруге мүмкіндік береді. Мысалы, көркем мәтінге талдау жасау барысында тірек-сызбалар, кестелер, интеллект-карталар қолдану оқушының аналитикалық ойлау қабілетін арттырады. Сонымен қатар, онлайн платформалар мен цифрлық ресурстар оқушылардың өзіндік ізденісін, зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталады.

Ақпараттық технологияларды қолданудың әдістемелік тәсілдері

Әдебиет сабақтарында ақпараттық технологияларды қолдану дәстүрлі оқыту әдістерімен үйлесімді жүргізілуі қажет. Проблемалық оқыту әдісінде бейнематериалдар арқылы проблемалық сұрақтар қою оқушыларды ойлануға, өз көзқарасын дәлелдеуге үйретеді. Жобалық оқыту барысында оқушылар ақын-жазушы шығармашылығы бойынша цифрлық жоба, презентация немесе бейнеролик дайындап, шығармашылық әлеуетін көрсетеді. Сыни ойлауды дамыту технологиясында интерактивті тапсырмалар, онлайн пікірталас, тесттер мен сауалнамалар тиімді нәтиже береді. Ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым дағдылары кешенді түрде қалыптасады. Әсіресе, өлеңдерді аудиожазба арқылы тыңдату мәнерлеп оқу мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

Ақпараттық технологиялардың білім сапасына әсері

Ғылыми-педагогикалық зерттеулер көрсеткендей, ақпараттық технологияларды жүйелі қолдану

оқушылардың оқу жетістігін арттырып, әдебиет пәніне деген қызығушылығын күшейтеді. Оқушы көркем шығарманы тек мәтін ретінде емес, мәдени, рухани құндылық ретінде қабылдай бастайды. Сонымен қатар, ақпараттық технологиялар оқушылардың ақпараттық сауаттылығын қалыптастырып, заманауи білім кеңістігінде еркін бағдарлануына мүмкіндік береді. Сабақ барысында мультимедиялық презентациялар, бейнефильмдер, аудиожазбалар, интерактивті тақта, онлайн тапсырмалар кеңінен қолданылады. Бұл құралдар оқушының көркем мәтінді терең түсінуіне ықпал етеді. Ақпараттық технологиялар оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Оқушылар жобалық жұмыстар, презентациялар, бейнежазбалар, эссе және цифрлық өнімдер арқылы өз ойын еркін жеткізеді.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі Мұғалім ақпараттық технологияларды меңгеріп қана қоймай, оны педагогикалық мақсатқа сай қолдана білуі тиіс. Бұл мұғалімнің кәсіби дамуына, шығармашылық ізденісіне тікелей байланысты.

Қорытындылай келе, қазақ әдебиетін оқытуда ақпараттық технологияларды қолданудың әдістемелік негізі – білім беру үдерісін жаңғыртудың маңызды бағыты. Ақпараттық технологиялар көркем мәтінді оқытудың мазмұнын байытып, оқушының танымдық және шығармашылық белсенділігін арттырады. Сондықтан қазіргі қазақ әдебиеті мұғалімі ақпараттық технологияларды педагогикалық мақсатқа сай, әдістемелік тұрғыда сауатты қолдана білуі тиіс. Қазақ әдебиетін оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану – білім беру сапасын арттырудың тиімді жолы. Цифрлық технологиялар арқылы оқушының пәнге қызығушылығы артып, әдеби мұраны терең меңгеруге жағдай жасалады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. К.Жантелова Қазақ тілін ақпараттық технологиялар жүйесімен үйрету. Қазақстан мектебі, (№3,2013,-21 бет).
2. Білім технологиялары (2010,-№2).
3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі.
4. Уәли Н. Қазақ әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары.
5. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш.
6. Б.Ибраимова. Ақпараттық технология-нәтижелі білім берудің көзі. (Қазақстан мектебі, №6,2012,-3-бет).

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕХНИКИ НУНОФЕЛТИНГА НА УРОКАХ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА В ШКОЛЕ

Миянова Кенжегуль Жарасовна
учитель художественного труда
ОСШГ №11 г. Актобе

Нунофелтинг — техника мокрого валяния шерсти на ткани (шелк, хлопок, марля), позволяющая создавать прочные и декоративные текстильные изделия. Применение данной техники на уроках художественного труда способствует развитию творческих, трудовых и личностных компетенций учащихся.

В процессе работы у обучающихся развивается мелкая моторика, координация движений, формируется эстетический вкус, творческое и дизайнерское мышление. Техника валяния способствует воспитанию усидчивости, аккуратности, ответственности за результат труда, а также оказывает положительное эмоциональное воздействие.

Особую практическую значимость имеет изготовление изделий прикладного характера: шапок, шарфов, тапочек, аксессуаров. Учащиеся осознают ценность ручного труда и получают представление о возможности его практического применения, в том числе как потенциального источника дохода. Это повышает мотивацию к обучению и формирует основы профориентации в сфере дизайна и декоративно-прикладного искусства.

Важным аспектом является связь нунофелтинга с казахским национальным ремеслом. Валяние шерсти издавна использовалось в быту казахского народа при изготовлении изделий из киіз (войлок): предметов одежды, обуви, ковров и элементов убранства юрты. Современный нунофелтинг является продолжением традиционного валяния, объединяя народные технологии с современными материалами, в том числе с натуральным шелком.

Использование национальных орнаментов и традиционных цветовых решений на уроках труда способствует формированию культурной идентичности учащихся и уважительного отношения к народному наследию.

Таким образом, внедрение техники нунофелтинга в образовательный процесс повышает практическую направленность уроков труда, способствует творческому развитию обучающихся и реализации национального компонента образования.







«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
REPUBLICAN SCIENTIFIC AND EDUCATIONAL, METHODICAL JOURNAL
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ, МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ДӘСТҮРЛІ КҮЙЛЕР МЕН ЗАМАНАУИ КОМПОЗИЦИЯЛАРДЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Оспанкулова Дана Акылбековна
«Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыка орта мектеп-интернаты» РММ-нің халық аспаптар бөлімінің педагогі, мәдениет саласының үздігі.

Аңдатпа
Бұл тақырыпты ғасырлар бойы қалыптасып, дамыған дәстүрлі күй музыкасы өзінің синкреттік түрімен сараланады. Әдетте күй шығармаларында проза мен поэзия, оған қоса музыка табиғи біртұтастықта келістіріліп, өте күрделі циклдық композицияны құрайды. Күй программасында белгіленген тақырып, сюжет тек музыка арқылы бейнеленіп қоймай, арасында әңгіме, өлең қосылып, бай және жан-жақты тәсілдермен ашылып отырады. Заман өзгерген сайын аспапты музыка бұл дәстүрлі болмысынан жіктеліліп, концерттік (жеке орындаушылық), ансамбльдік және оркестрлік музыкаға ауысты.

Күй – халықтың айнасы деп бекер айтылмаған, күй арқылы қуаныш пен нәзік сезімді, қайғы мен мұңды жеткізуге болады. Жылдар бойы талай ғұламаларымыз Құдайберген Жұбанов, Ахмет Байтұрсынов, Ілияс Жансүгіров, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Ахмет Жұбанов тағы да басқа қазақтың біртуар азаматтары рухани байлығымыздан айырылып қалмауымызды аманат еткен. «Аманатқа қиянат етпейтін» барша қазақтың қара баласы ұлтымыздың «мәдениет, дәстүр мен даралығын» жаңғырта біліп, қазақтың күй сазын қаз қалпында сақтап, атадан балаға беріліп отыратын мәңгі үзілмес көпір ретінде жалғастырып отырса, нұр үстіне нұр жауар еді.

Қазақ күйлерінің тарихында руға бөлінген халық дауласып, жауласып жатқаны, сұрапыл соғыстар өзіндік түр сипатпен суреттеледі. Сондай күйлердің тобына: Сырым Датұлын суреттейтін «Сырым сазы», Мөңке би тартқан «Кеңес», Жоңғар Ойрат шапқыншылығын баяндайтын «Ел айырылған», төре күйлері Жантөренің «Шалқымасы», Арынғазының өзіне шығарған күйі «Арынғазы», Абылай ханның өзі шығарып тартқан «Шаңды жорық», «Бала байрақ», «Жорық күйі», Ұзақтың «Ақжелеңі»; Боғданың «Боз төбесі»; Саршаның «Бозінгені»; Қошқар мен Бейсембінің «Кеңестерін» жатқызуға болады. Аталмыш күйлердің сазынан қазақ халқының мінез-құлқын, дүниетанымын, ой-өрісін анық байқауға болады.[1]
Президент өз жолдауында «Қазақ әлсіресе, алауыздықтан әлсіреген, күшейсе, бірліктен күшейген» деген нақыл сөзді негізге алған. Осы айтылғандай тарихта талай күйшілеріміз өзге ұлттың езгісіне ұшырап қыршын кеткен. Бұған Қожеке күйшінің сөзі айғақ, ол: «Қысқа етек қыжымыр орыстан гөрі, кең қолтық қытайым артық» деген. Алайда, оның ойы қате болып, Қытайдың отаршыл саясаты оны тас көмір шоғына салып қинап өмірмен қош айтыстырған. Дәл осындай қатал тағдыр қазақтың ұлы күйшісі Құрманғазының да басынан өткен. Зұлым заманның азаматтары болған күйшілердің жазған «Не кричи, не шуми», «Кісен ашқан, көбік шашқан», «Аман бол шешем, аман бол» атты шығармалары сол кезеңнің оқиғаларына арналған.

Қазағымыздың ауыз толтырып, мақтанышпен айта алатын, еңбектеген баладан, еңкейген қарияларға дейін білетін атақты күйшілерімізге ризашылығымыз шексіз. Махамбет, Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Абыл, Өскенбай, Есір, Есбай, Бейсембі, Қожеке. Түркеш, Есжан, Дина, Сейтек, Қазанғап, Сүгір сияқты есімдері алтын әріппен жазылған күйшілерді жатқызуға болады. Олардың күмбірлете дала сазындай тартқан күйлеріндегі саз

сарындарынан ата-бабалардың ежелгі қасиетті үнін естіп, ерекше сезімге бөленесіз. Ол күйлердің ішінен «Аққу», «Шыңырау», «Боз айғыр», «Шұбар ат», «Сары өзен», «Ертіс толқындары», «Қорқыт сарындары», «Тәңірі күйлері», «Текен көк», «Кертолғау», «Тоғыз тарау», «Қаратау шертпелері», «Боз айғыр», «Көкей тесті», «Кертолғау», «Тоғыз тарау», «Қаратау», «70 бұтақ» ерекше атап өтуге болады. [1]

«Ел тарихы – күй тарихы» демекші қазақ күйлерінің мазмұны халықтың көне шежіресін, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, мінез-құлқын, дүниетанымын, арман-тілегін, сүйінішін-күйінішін, ерлік істерін, махаббат сезімін жырлайды. Өткен жүзжылдықтарда ата-бабамыздың екі немесе үш күй дәстүрлерін тыңдауға мүмкіндіктері болса, қазіргі таңда күйдің күмбірін радио, теледидар, магнитофон, түрлі сайттардан тыңдауға толық мүмкіндік бар.

Елімізде «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының бастауымен бірталай елеулі еңбектер атқарылуда. «Мәдени мұраның» мақсаты – елдің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, қалпына келтіру және сақтау, тарихи-мәдени дәстүрлерді қайтару, шет елде Қазақстанның мәдени мұрасын үгіттеу болып саналады. Осы бағдарлама аясында қазақтың дәстүрлі әуендерінің «Мәңгілік сарын: қазақтың 1000 күй, 1000 әні» антология жобасы құрылып, әндерді жинау, дайындау, өңдеу, реставрациялау, цифрлік ету және оларды CD-дискілерге шығару бойынша еңбектер жүзеге асты. Бірнеше жыл архивте сақталған бұл жазбалар қазіргі таңда бүкіл күй тыңдаушыларға қол жетімді болды. Соның ішінде қазақтың күйі қайта жаңғырып, жаңа қырларымен толығып жатыр. Қазақтың қара домбырасы, сыбызғы, қобызымен орындалатын күй өнеріне түрлі аспаптардың үні қосыла орындалып өзгеше бір әсерге де бөлеп жатқаны құлаққа жағымды естіледі.

Ән мен күй, жыр мен дастандар сияқты көне күндерден жеткен қасиетті жәдігерлер бізге осыны паш етті. Сонау заманнан бері ата-бабамыздың бізге қалдырған асыл да мәдени мұраларының бірі саналатын күй мен жыр ұлы тарих көшінің дүрбелеңдеріне куә. Ұлт санасымен біте қайнасып, ішкі ой мен толқыныста, сезім мен сырды сөзсіз жеткізетін сиқырға толы киелі домбыра, қара қобыз бен сырлы сыбызғы арқылы туындаған күй – көне жанрлар қатарына жатады. Ғасырлар бойы қалыптасқан күй жанрының дәстүрлері мен арнайы мектептері бар. Күйді түсіне білген адам – шет тілін меңгерген адамнан да артық.

Ұлт мәдениетінің тарихында XIX ғасыр ренессанстық мағынаға ие болып, «алтын ғасыр» аталғаны мәлім. Бұл дәуірде қазақ жерінде музыка дәстүрлі ауызекі түрде қалыптасып, дамыған. Мысалы, эпикалық өнермен қатар, қажырлы, жігерлі және отты батыс ән, күйлері, кең тыныста, асқақтаған, әуезді- философиялық арқа ән, күйлері, жүрекке жылы, жанға жайлы Жетісу ән, күйлері осы стильдік бағыттарда кеңінен орын алды.

«Алтын ғасыр» кезеңінде кәсіби халық композиторларының шығармашылықтары ерекше көркейіп, эстетикалық, көркемдік әсерлік дәрежеге (биіктіктеріне) ие болды. Бұл - ақын, сал, сері, күйші дәуірінде қазақтың әні мен күйі өзінің тақырыптық жағынан кең ауқымды, құрылымы жағынан күрделі, жетілдірілген, қамтыған образдары жағынан сантүрлі болып келеді. Авторлық музыканың стильдік, өзіндік ерекшеліктерінің ішінде айта кететініміз - олардың музыкалық тілі. Мұнда жаңашыл интонациялар (кең интервалдар), жаңарған сарын, күрделі лад жүйесі, тың ырғақтық, ауыспалы өлшемдік өзгерістер басыңқы жүйеленеді. Речитативтік мақамдар кең көлемді (диапазонды) әуендермен табиғи түрде болмысын тауып, қатар келтіріліп, нәзік ызғарлы және әуезді әндер өмірдің көпсырлы, көпқырлы көріністерін мәнерлі бейнеледі. Сонымен қатар, музыка сазы ән

мәтіндерімен біртұтас болып, адамның ішкі дүниесін, эмоциялық жағдайын тереңінен суреттеді.

Бұл кезеңдегі музыка өнеріне тән құбылыс - ол кәсіби авторлардың өзі шығарған туындыларды өзі ел арасында асқан шеберлікпен орындап, ол әніне үлкен талғамдылықпен өз мәтіндерін шығарып, өнердің ең бір керемет туындыларын танытқан. Аталмыш кезеңдегі музыка өнерінде тақырыптық жағы кең ракурстарды қамтиды: махаббат, сағыныш пен арман, мұң мен шердің тұңғиығы, табиғат құбылысы, туған жерге деген сүйіспеншілік асқан шеберлікпен ашылды. Сонымен қатар, халық композиторларының шығармашылығында қоғамның көкейтесті проблемасы - ұлт мәселелері - үлкен саяси-әлеуметтік деңгейде үнделді (халық тағдыры, бас бостандығы, өмір қайшылықтары, теңсіздік, жалғыздық пен жоқтық және т.б. мотивтер). [4]

Ұлттық сана, ұлтты сүю, қадірлеу бабаларымыз аманат етіп кеткен дәстүрден, өнерден бастау алатынын ұмытпағанымыз абзал. Сол қасиетті өнеріміздің бір тармағы, құдыреттісі – күй өнері. Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов кезінде «Жалпы музыка атаулы нәрсе елдің сезім байлығы мен ішкі жаратылыс қалпын білдіретін болса, солардың ішіндегі ең толғаулы, ең терең сырлысы – күй» деген. Күйге бұдан артық баға беру де қиын. Толғаулы, сырлы өнеріміздің көсегесін көгертіп, ұрпақтан ұрпаққа жалғастыра беру – мерейлі парыз.

Әдебиеттер

1.Б.Ермаханов «Дәстүрлер және күй сазы» Шымкент 2014ж
2. Жұбанов А.Қ. Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы. - Алматы, 2002. – 236 б.
3. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. - Астана: «Күлтегін», 2012. - 832 б.
4. Шашақты найза, шалқар күй. Музыкалық шығармалар. 18-кітап. - Алматы: «Өлке», 2104. - 272 б.

МҰҒАЛІМ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – БОЛАШАҚ МЕКТЕБІНІҢ БІРТҰТАС КҮШІ!

Сағатова Жулдызай Болатовна
Ш. Берсиев атындағы орта мектебінің химия пәні мұғалімі

Заманауи IT саласындағы мотивациялық нақыл



Семинар тақырыбы: Жасанды интеллектің қазіргі қоғамдағы рөлі мен болашағы **Ұзақтығы:** 40 минут.
Қатысушылар: Пән мұғалімдері.
Мақсаты: Пән мұғалімдерінің жасанды интеллект технологиялары туралы білімін арттыру, оны оқу процесіне енгізу жолдарын үйрету және педагогикалық тәжірибеде тиімді қолдануға бағыттау.
Міндеттері:

- Жасанды интеллекттің негізгі ұғымдары мен жұмыс принциптерін талқылау;
- Практикалық бөлім арқылы мұғалімдердің цифрлық және креативті құзыреттілігін дамыту;
- Оқыту процесіне жасанды интеллект элементтерін енгізудің тиімді тәсілдерін анықтау.

Өткізу формасы: Семинар – практикум
Нәтижесі: Жасанды интеллекттің қоғамдағы рөлі мен болашағын түсініп, оны оқу процесіне тиімді енгізу жолдарын меңгереді. Қатысушылардың цифрлық және әдістемелік құзыреттілігі артып, информатика сабақтарында ЖИ құралдарын қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік алады.

Барысы:

Этаптары:	**Уақыт**	**Семинарға қатысушыладың іс-әрекеті**
Миға шабуыл «ЖИ – менің серігім»	5 мин	ЖИ көмегімен жасалған бейне қосылады. Бенеде семинарға қатысушыларға сұрақ қойылады: **1. «Сіз жасанды интеллектті күнделікті өмірде қай жағдайда қолданасыз?»** Әр қатысушы қысқаша өз тәжірибесімен бөліседі (мысалы, ChatGPT, Google Assistant, Canva AI, Copilot т.б.) **2. «ЖИ – көмекші ме, бәсекелес пе?»**
Мағынаны тану	10 мин	Жасанды интеллект мұғалімді алмастырмайды — керісінше, оның еңбегін жеңілдетіп, шығармашылыққа, оқыту сапасын арттыруға және әр оқушыға көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда жасанды интеллект (ЖИ) — мұғалімдердің сенімді көмекшісіне айналып келеді. Ол оқу үдерісін оңтайландырып, уақытты үнемдеуге және оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді. **Жасанды интеллект дегеніміз не?** Жасанды интеллект (ЖИ) — бұл адам интеллектісін еліктей алатын компьютерлік жүйе немесе бағдарлама. Ол қоршаған ортаны қабылдап, мәліметтерді өңдеп, сол негізде шешім қабылдай алады. **Неге ЖИ оқушыны қызықтырады?** • Қазіргі бала — цифрлық ұрпақ (Digital Native) • Көру, тыңдау, әрекет ету арқылы үйрену (Multimodal Learning) • Тілді, логиканы, ойлау қабілетін дамыту (Cognitive Engagement) Олай болса сіздердің назарларыңызға білім беру процесінде тиімді қолдануға болатын ЖИ және нейрожелі арқылы жұмыс жасайтын платформалармен таныс болыңыздар. 

		 
Практикалық бөлім	20 мин	**1-тапсырма:** Gemini Storybook платформасын пайдалана отырып, Робот пен Айдос туралы ертегі кітап құрастырыңыз. Create a storybook about... мәтінін міндетті түрде жазыңыз. **2-тапсырма:** PixVerse AI платформасында Робот жасаушы Айдос мәтіннен видео жасаңыз. **3-тапсырма:** BingImage Creator платформасында мәтін арқылы сурет құрастырыңыз.
Кері байланыс	5 мин	Padlet платформасында кері байланыс алынады. Қатысушылар QR кодты сканерлей арқылы сары стикерлерге кері байланыс береді. 

MY COUNTRY. ADVENTURE HOLIDAYS

Сәтбаева Арайлым Жұмабайқызы
Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Кемер ауылы
Ә.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің
ағылшын тілі пән мұғалімі

Unit 2 Holidays and Travel	lesson 32	
School: Saralzhyn ss named after A.Derbisalyn		
Teacher name:Satbayeva A.Zh.		
Date:19.11.2025		
Grade: 7	Number present:	absent:

Lesson title	My country. Adventure holidays
Learning objectives	7. 2. 5. 1 Supportive identification of the speaker(s) in a long conversation on most general and academic topics; 7. 3. 5. 1 attempt to communicate with classmates for the purpose of planning and creating priorities, partnership, discussion, and agreement in order to fulfill educational tasks;
Lesson objectives **(assessment criteria)**	Learners will be able to: - Read a travel brochure about adventure holidays in Kazakhstan. - Talk about holidays and travel. - Learn and practise using present continuous
Instilling values of the program “Adal Azamat”	**Respect** **Responsibility** **Honesty** **Cooperation**

Stages/ Time	Teachers actions	Students actions	Assessment	Resources
Beginn -ing 5 min\	Greeting. «I wish you..» T tells the class to make groups of 2 with puzzles. Checking up a home task. Warm up: Ask: “What do you like doing during holidays?” “Have you ever been on an adventure trip?” Show pictures (e.g., hiking, rafting, horse riding). Students guess the names of the activities. Write key words on the	Learners read the given sentences on the board and guess the topic and share with their ideas. Remember and recognize the main vocabulary.	Teacher controles the process, gives feedback and asks additional questions if it’s nessasery. Teacher evaluate pupils with phrases like: “Good job! Well done!” *Formative*	Pictures or slides of adventure activities (mountains, lakes, camping, etc.) Short reading text (provided below) PPT. https://character.ai/

	board: camping, hiking, climbing, rafting, horse riding, exploring.		*Self-Assessment* Total: 2 point	
Middle 7 min	**Ex:1 P:40** Ask students if they recognise any of the places shown. In a weaker class, pre-teach the following words and phrases: destination, rafting, peak. Ask students to read the text, then play the recording. Check answers as a class.	Learners read the travel brochure then listen to the conversation. Which adventure holiday do the people choose? **ANSWERS** They choose camel riding in the steppe.	**Descriptor:** - read the travel brochure - answer the question *Self-Assessment* Total: 2 point	Student's book
10 min	**Ex: 2 P: 40** Explain the task. Play the recording again and ask students to write the names of the people **Warm-up**	Learners listen again. Who said these things? **ANSWERS** 1 Henry 2 Serik 3 Kate 4 Tanya 5 Serik 6 Tanya	**Descriptor:** - listen again -identify the names of the people *Self-Assessment* Total: 2 point	PPT. https://files.phoenix24.kz/grade_7/unit_3
10 min	(GW)Give students paper and some pictures. Ask them to do a poster of Adventure holiday	Learners work in group. They make a poster of Adventure holiday.	*Self-Assessment* Total: 2 point	Poster
8 min	(IW) FEEDBACK **They download the «SOCTATIVE STUDENT» and answer the 10 questions.**	Learners give right answers of 10 questins.	**Descriptor:** - look at the examples - write the names of tenses *Self-Assessment* Total: 2 point	https://b.socrative.com/teacher/#results/84001375
End 5 min	**Reflection** -I have understood it -I have some questions -I don't understand **Homework** - Retell the text	Ss show their knowledge according to the lesson Ss evaluate each other and encourage classmate with phrases like: Well done! Brilliant! Good job! I like it!		PPT.


МЕТАЛДАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІК ҚАТАРЫ. №1 ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС «МЕТАЛДАР БЕЛСЕНДІЛІГІН САЛЫСТЫРУ»

Танбаева Жанзия Талгатовна
Ақтөбе қаласы « №5 ЖОББМ» КММ-нің
химия пәнінің мұғалімі

Бөлім:	8.1С Металдар белсенділігін салыстыру
Педагогтің аты:	
Күні:	16.10.2025
Сынып: 8 А	Қатысушылар саны: / Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**Металдардың белсенділік қатары. №1 практикалық жұмыс»Металдар белсенділігін салыстыру»**
Оқу мақсаттары:	8.2.4.7 -эксперимент нәтижесі бойынша металдардың белсенділік қатарын құру және оны анықтама мәліметтерімен сәйкестендіру; 8.2.4.8-металдардың белсенділік қатарын қолданып металдардың таныс емес орынбасу реакцияларының жүру мүмкіндігін болжау;
Сабақтың мақсаты:	▪ Металдардың белсенділік қатарын анықтама мәліметтері мен эксперимент нәтижесі негізінде құрады. ▪ Металдардың белсенділік қатарын пайдаланып, орынбасу реакцияларының жүру жағдайын болжайды. ▪ Таныс емес металл мен тұз жұбына қатысты реакцияның жүру мүмкіндігін болжап, реакция теңдеулері арқылы дәлелдейді.
Құндылықтар:	Жауапкершілік, қызығушылық, ынтымақтастық

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі	**Педагогтің әрекеттері**	**Оқушылардың әрекеттері**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы (5 минут)	Сыныппен амандасады, назарларын сабаққа аударады. ➢ **Топқа бөлу** Онлайн бағдарлама арқылы кездейсоқ таңдаумен 3 топқа бөледі. ➢ **Үй тапсырмасын**	Мұғаліммен амандасады. Онлайн бағдарлама арқылы кездейсоқ таңдаумен үш топқа бөлініп отырады. Үй	Сабаққа дайындықты бақылау. Өзектендіру сұрақтарына ауызша жауаптар. ***Дескриптор:*** ▪ Жүруі	Тақта, дәптерлер https://randomus.ru/split

	тексеру №6 49 - бет Оқушылардың дәптерлерінен ия болмаса тақтаға жаздырту арқылы үй тапсырмасын тексеріп шығады. ➢ **Миға шабуыл: «Суретті сөйлет»**  	тапсырмасын тексертеді, қателерін түзейді, сұрақтарға жауап береді. Сурет бойынша өз ойларын білдіреді, талқылауға қатысады. Өткен тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Жаңа сабақтың тақырыбын болжайды.	мүмкін реакция теңдеулерін жазады – 1 балл ▪ Реакция лардың жүру жағдайларын көрсетеді – 1 балл Мұғалімнің ауызша кері байланысы	Интерактивті тақта
Сабақтың ортасы (35 минут)	➢ **Анимациялық ертегі: «Белсенділік шайқасы»** Мұғалім ертегіні интерактивті тақтадан көрсетеді. Жетелеуші сұрақтар арқылы металдардың белсенділік қатары туралы талқылау жүргізеді. ✓ Натрий, калий, кальций – белсенді металдар ✓ Алюминий оксидтік қабықшамен қапталған. ✓ Магний, темір белсенділігі орташа, қыздырғанда реакцияға түседі. ✓ Мыс, күміс, алтын белсенділігі төмен металдар. ➢ **Топтық жұмыс: «Практикалық жұмыс №1» Металдар**	Түсіндірмелерді тыңдайды, негізгі ұғымдарды жазады, сұрақтар қояды, талқылауға қатысады. Анимациялық ертегі арқылы металдардың белсенділік қатарын қайталайды, толықтырады. Оқушылар	Мұғалімнің ауызша кері байланысы ***Дескриптор*** ▪ Практи калық жұмыс барысын толтырады – 1 балл	Оқулық Презентация Анимациялық ертегі видеосы Қажетті құрал – жабдықтар мен реактивтер

	белсенділігін салыстыру I топ: Күміс нитраты бар сынауыққа мыс сымын салады II топ: Мыс (II) сульфаты бар сынауыққа темір жаңқаларын салады III топ: Алюминий нитраты бар сынауыққа мыс сымын салады **Тапсырмалар:** 1) Сынауықта қандай заттар түзілді? Бұл өзгерістерден металдар белсенділігі жайлы қандай заңдылық байқалады? 2) Тиісті реакция теңдеулерін жазыңдар. ➢ **Жұптық жұмыс: "Металл VS Тұз" — карточкалық ойын** Әр жұпқа металдар және тұз карточкаларын үлестіріп береді. 1) Белсенділік қатарын қолданып, металдарды белсенділігінің кему ретімен орналастырыңдар 2) Берілген тұз ерітіндісімен орынбасу реакцияларының жүру – жүрмеуін анықтаңдар 2) Мүмкін болатын реакция теңдеулерін құрастырып, теңестіріңдер	топпен практикалық жұмысты орындайды, байқалған өзгерістерді сипаттайды, реакция теңдеулерін жазады, қорытынды жасайды. Әр топ өзінің орындаған тәжірибесін өзге топтарға түсіндіріп, қорытынды шешім шығарады. Металдардың белсенділік қатарына сүйеніп, тұздармен әрекеттесетін металдарды болжайды, реакция теңдеулерін жазады. Оқушылар кезекпен реакция жұбын құрастырып, жүру-жүрмеуін болжайды	▪ Реакция лардағы байқалған өзгерістерді сипаттайды – 1 балл ▪ Тиісті реакция теңдеулерін құрастырады – 1 балл ▪ Металд ар белсенділігі бойынша тәжірибе нәтижесіне негізделіп қорытынды жасайды – 1 балл ***Дескриптор*** ▪ Металд арды белсенділігіні ң кему ретімен орналастырад ы – 1 балл ▪ Тұз ерітіндісімен орынбасу реакциясына түсетін металдарды анықтап, реакция теңдеулерін құрастырады – 1 балл	Металдар карточкалары Тұздар карточкалары https://view.genially.com/68eacf815940cb38ac0e5379/interactive-content-metaldar-belsendiligi

	1 – жұп: Ba, Al, Cu, $CoCl_2$ 2 – жұп: K, Mn, Hg, $CuSO_4$ 3 – жұп: Li, Zn, Ag, $FeCl_3$ 4 – жұп: Ca, Cr, Pt, $AgNO_3$ 5 – жұп: Na, Fe, Au, $MgSO_4$ 6 – жұп: Mg, Co, Cu, $CaCO_3$ ➢ **Жеке жұмыс: «Интерактивті тест»** Let's Start! ➢ **Қосымша тапсырмалар** 1. $Fe + CuSO_4 \rightarrow ?$ 2. $Zn + HCl \rightarrow ?$ 3. $Cu + AgNO_3 \rightarrow ?$ 4. $Ag + FeCl_3 \rightarrow ?$ 5. $Mg + Pb(NO_3)_2 \rightarrow ?$	Смартфон арқылы жеке интерактивті тест тапсырмасын орындайды. Реакция теңдеулерін аяқтап, теңестіреді. Химиялық реакцияның типін анықтайды.	***Дескриптор*** ▪ Бір немесе екі қатесі болса – 2 балл ▪ Үш немесе төрт қатесі болса – 1 балл ▪ Бестен көп қатесі болса – 0 балл	
Сабақтың соңы (5 минут)	➢ **Кері байланыс: «Сөздер бұлты»** Сабақтағы ең есте қалған сәтті бір сөзбен сипаттаңыз. Оқушыларға жеке чат-көмекші ұсынылады: https://poe.com/AiZh-8	Берілген QR код арқылы платформаға өтіп, сабақтағы ең есте қалған сәтті немесе ұғымды жазады, бірнеше сөздер жазуы мүмкін.	10 балдық жүйе бойынша қорытынды бағасын шығарады.	https://app.wooclap.com/events/RDFTDF/live-session
Үй тапсырмасы	№9 52 - бет	Үй тапсырмасын орындайды	Үй жұмысын бағалау критерийлері	Оқу материалдары, интернет ресурстары

ҚЫЗЫҚТЫ ЛОГИКА ӘЛЕМІ

Тасбулатова Акнур Нурлановна
Ақтөбе облыстық арнайы мектебі КММ-нің мұғалім-дефектологы

Мақсаты: Заттарды топтауға және ажыратуға, геометриялық фигуралар мен олардың белгілері туралы білімдерін толықтыру. Сандар құрамын бекіту, саусақ қимылын дамыту, логикалық тапсырмалар арқылы ақыл-ойын,зейінін дамыту. Қиялдарын дамыту,ойын тапсырмаларға деген қызығушылықтарын арттыру. Балаларды шапшаңдыққа,ептілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: алаңқай суреті, логикалық тапсырмалар, лабиринттер,санағыш таяқшалар, «Танграм» ойыны, сиқырлы қорап.

Іс-әрекет кезеңі	**Тәрбиешінің іс-әрекеті**	**Балалардың іс-әрекеті**
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Қол ұстасып бәріміз, Жылылықты сезейік. Шуақ шашқан күндей боп, Күлімсіреп жүрейік. Алақанды ашайық, Күннен жылу алайық Жиналған жылы шуақты Бір-бірімізге сыйлайық.	Балалар шаттық шеңберіне тұрады. Амандасады, жылы сөздер айтады.
Ұйымдастырушылық- ізденіс	Балалар ,бүгін мен сендерді алаңқайға саяхатқа шақырамын. Қандай көлік түрлерін білесіңдер? Немен барамыз? (пойыздың дауысы естіледі) Ендеше балалар біз саяхатқа пойызбен аттанамыз. Қауіпсіздік ережелерін еске түсіреміз. Мінеки балалар біз алаңқайға келдік. Қараңдаршы,алаңқай қандай әдемі, ауасы қандай тамаша! Д\о: «Бөліктерді құрастыр» (Көктем мезгілі) Тыныс алу жаттығуы: «Таза ауамен дем аламыз» «Гүл иіскейміз» Жарайсыңдар,балалар. Әрі қарай керемет көңіл-күймен сабағымызды жалғастырайық. Мен сіздерге көптеген тапсырмалар ала келдім. 1-тапсырма:«Айырмашылығын тап» (балаларға карточка таратып беріледі)	Ойланады, жауап береді. Келіседі,қуанады. Саяхатқа аттанады. Қауіпсіздік ережелерін айтады. Ойланып,пазл құрастырады. Көктем мезгілін атайды. Тыныс алу жаттығуын жасайды. Балалар келіседі.

	2-тапсырма: «Көлеңкесін тап» жалпы атауын ата. **Есептер шеруі:** 3-тапсырма: «Тасбақаның тапсырмалары» Тасбақаның үстіндегі есептерді шығарып, амалдарды орындайды. Балалар біздің алда әлі көптеген тапсырмаларымыз бар. Сондықтан сәл миымызды тынықтырып алайық. Ол үшін бәріміз бір қатарға тұрайық. **Нейрожаттығу.** Мынау не? (асықты көрсетемін) Онда не көрсетілген? Біз асықты қайда сақтаймыз? 3-тапсырма: «Қоржынға асық жина» 4 – тапсырма: «Маймылға банан жинауға көмектес» Рахат пен Фархатқа: «Қызықты мозайка» **Сергіту сәті**: «Көңілді күн» Аспанға қарап күн көрдім, Жерге қарап гүл көрдім Оңға,солға бұрылып, Егеменді ел көрдім. 5-тапсырма : «Танграмм» ойыны Мінеки балалар біздер барлық тапсырмаларды бірге орындадық.	Суреттерді мұқият қарап, айырмашылығын тауып,көрсетеді. Берілген есептерді оқып, амалдарды орындайды. Тақтамен жұмыс жасайды. Балалар ойланып, мұқият тапсырманы орындайды. Заттарды атап,топтастырады. Суреттерді санмен сәйкестендіреді, жазады. Балалар көңілді мозайкалар құрастырады. Сергіту сәтін көңілді орындайды. Берілген геометриялық пішіндерден әр түрлі бейнелер құрастырады.
Рефлекстік -түзету	Балалар біздің мектепке қайтатын уақытымыз болыпты. Қанеки пойызға орналасып, мектепке қайтайық. - Сонымен балалар бүгін біздер қайда бардық? - Қандай тапсырмаларды орындадық? Жарайсыңдар балалар,сендер барлық тапсырмаларды орындадыңдар.	-жауаптары, -шартты қабылдайды, -ойланады, -талпынады, -жауап береді.

Күтілетін нәтиеже:
Ұғынады: сандарды ,пішіндерді ретімен қоюға,логикалық есептерді шешуге тырысады;
Түсінеді: қызықты тапсырмаларды орындау жолдарын;
Қолданады: сызба тапсырмаларды, «Танграмм» ойыны модульдерін қолдана біледі;

6«Б» сыныбында өткізілген «Қызықты логика әлемі» жобасы бойынша «Логиктармен саяхат» атты ашық сабағына тәрбиешінің өзіндік талдауы

1. ***Сабақтың мақсаты қандай? Осы мақсаттарды қою барысында оқушылардың шынайы мүмкіндіктері мен талаптары ескерілді ме?***

3) ***Білімділік:*** Заттарды топтауға және ажыратуға, геометриялық фигуралар мен олардың белгілері туралы білімдерін толықтыру

4) ***Дамытушылық:*** Сандар құрамын бекіту, саусақ қимылын дамыту, логикалық тапсырмалар арқылы ақыл-ойын,зейінін дамыту. Қиялдарын дамыту,ойын тапсырмаларға деген қызығушылықтарын арттыру.

2. ***Тәрбиелік:*** Өзіне қызмет етуге қалыптастыру,достарымен тату болып,шапшаң тапсырма орындауға тәрбиелеу.

3. ***Бұл сабақтың тақырыпта,бөлімде алатын орны қандай?***
Сабақтың ақыл-ойында кемістігі бар оқушылар үшін ақыл-ойын,зейінін, адамгершілік құндылықтарын,денсаулығын дамытуда орны ерекше. Айналасындағы болмысты жалпы қасиеттерімен бірге қабылдауларына қолайлы жағдайлар жасауда, психикалық дамуын ынталандыруға, түрлі заттар және материалдармен мақсатты бағытта ерікті іс-әрекеттерін қалыптастыруда алар орны ерекше.

4. ***Шешілетін міндеттер арасындағы байланыс болды ма? Негізгі міндеттер қандай болды? Тапсырмаларда жеке оқушылардың ерекшеліктері қалай ескерілді?***
Сабақтың шешілетін мақсаттары арасында байланыс болды,себебі тақырып толық ашылып түсіндірілді, тапсырмалар мүмкіндіктеріне сәйкес берілді.

5. ***Күтілетін нәтижелер қойылған мақсаттарға сәйкес келе ме?***
Ұғынады: сандарды ,пішіндерді ретімен қоюға,логикалық есептерді шешуге тырысады;
Түсінеді: қызықты тапсырмаларды орындау жолдарын;
Қолданады: сызба тапсырмаларды, «Танграм» ойыны модульдерін қолдана біледі;

6. ***Сабақ кезеңдері арасындағы бөлінген уақыт ұтымды болды ма?***
Уақыт ұтымды әрі тиімді бөлінген деп есептеймін.

7. ***Сабақ мазмұнын ашу үшін түзету қызметінің түрлерінің,формаларының, әдістерінің қандай үйлесімділігі таңдалынды?***
Әдістемелік әдіс-тәсілдер: әңгімелеу, түсіндіру,сұрақ-жауап..

8. ***Дифференциалды және жеке тәсіл қажет болды ма? Ол қалай жүзеге асты?***
Жеке жұмыстар: тілді жетік түсінбейтін бала аңғарымдылығын арттыру, жай қимылдайтын,оқи алмайтын,ұялшақ балаларға көмек беру.

9. ***Оқушылар сабақтың әр кезеңінде белсенділік танытты ма? Кері байланыс қалай берілді?***
Әр балаға жиі мадақтаулар мен қолдаулар көрсетілді.

10. ***Қорғаушы педагогикалық режимнің талаптары сақталды ма?***
Қорғаушы педагогикалық режим сақталды деп есептеймін.

11. ***Сабақ барысында оқушылардың жұмысқа қабілеттілігі не арқылы қамтамасыз етілді?***
Тапсырмаларды түрлендіру арқылы.

12. ***Сабақ мазмұнына денсаулық пен салауатты өмір салтына байланысты сұрақтарды енгізу қарастырылған ба?***
Ия,себебі салауатты өмір салтын ұстану туралы сұрақ-жауап жүргізілді.

БІЛІМ БЕРУ ІСІН БАСҚАРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУ ӘДІСТЕРІ

Тургумбаева Акмарал Маратовна
Ақтөбе облысы Хромтау ауданы «Хромтау №7 мектеп – гимназия» КММ-нің директоры

Білім беру мекемесін басқару ұжымға, оның жеке бөліктеріне, қызметкерлер мен оқушыларға ықпал ету әдістері мен тәсілдерін анықтаумен байланысты. Басқару әдіснамасы басқару әдістерін зерттеуді қарастырады. Әдіс (грек тілінен аударғанда «methodos»- жол) - мақсатқа жету жолы деген ұғымды білдіреді. Басқару әдістерінің көмегімен басқарушылық қызметтің негізгі мазмұны жүзеге асырылады. Басқару әдістерінің жеке мәні мен өзіндік даму жолдары бар.

Басқару әдістері –бір жағынан, басқару функцияларын жүзеге асыру үдерісі, ал екінші жағынан, өз жұмысын жандандыру және оны шығармашылық, мүдделі, белсенді сипатқа ие ету мақсатында ұйым қызметкерлеріне әсер ету процесі.В. Веснин басқару әдістері басқару стилдерін қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі, соның нәтижесінде басшы мен қызметкерлер арасында өзара байланыс қалыптасатынын және басқару стиліне негіз салатын орындаушылардың қызметін ұйымдастыру әдістері екенін айтады. Басқару әдістері сипатына қарай мынадай топтарға бөлінеді:әлеуметтік-психологиялық, ұйымдастыру және әкімшілік әдістер, экономикалық әдістер.

1) Әлеуметтік-психологиялық басқару әдістері - адамның және ұжымның мінез-құлқына ықпал ету жолдары, ұйымның күйі мен көңіл-күйі туралы, жоғары моральдық мәдениет негізінде ұйымда жағымды климатты жандандыру, адам мен ұжымға терең құрмет көрсету тәсілдерін қарастырады.Әлеуметтік-психологиялық әдістер жақсылық және қатыгездік,

өмірдің мәні, қоғамдағы моральдық қағидаттар, жеке адаммен қарым-қатынас және т.б. сияқты әлеуметтік және жеке маңызды моральдық құндылықтар бойынша қоғамдық пікір қалыптастыру мен дамытуға негізделген. Олар жеке тұлғаларға әсер етудің нақты жолдарының еңбек ұжымында туындайтын қатынастар мен байланыстарын қарастырады.

Әлеуметтік-психологиялық әдістер – білім беру мен тәрбие құралы ретінде оқыту мақсатына жетуге бағытталған педагогтар мен оқушылар іс әрекетінің өзара байланысын, тиімді қарым-қатынасын анықтау тәсілдері, педагогикалық ұжым мүшелерінің жауапкершілігін көтеру және белгіленген міндеттерді орындауға дайындау, ұйымдастыру мақсатында қолданылады.

Әлеуметтік әдістер қызметкердің ұжымдағы орны мен рөлін, бейресми көшбасшыларды анықтау және қолдау көрсету, еңбектің соңғы нәтижесіне жету үшін қызметкерлерді ынталандыру, тиімді қарым-қатынасты қамтамасыз ету және топтағы адамдар арасындағы қақтығыстарды болдырмауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік басқару әдістерінің ішіне: әлеуметтік жоспарлау, әлеуметтік зерттеулер, жеке қасиеттерін бағалау, мораль, серіктестік, бәсекелестік, жанжалды жағдайларды басқару кіреді.

2) Басқарудағы ұйымдастыру және әкімшілік әдістер.Басқару субьектілерінің мемлекеттік, жарлықтар, заңдар, ережелер, бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулықтар негізінде обьектілерге ықпал ету тәсілдерін анықтайды, әр басшы мен атқарушылардың міндеттерін, құқықтарын, жауапкершіліктерін тағайындайды. Ұйымдастыру және әкімшілік әдістер басқару мен басқарудың барлық

деңгейлеріндегі адамдардың құқықтары мен

міндеттеріне, басшының өз билігін жүргізуіне, бағыныштылардың жауапкершілігіне және ұйымдастырушылық қатынастар жүйесін құруға негізделген. Мұндай әдістер үш топқа бөлінеді:

1. Ұйымдастыру тұрақтандыру - адамдар арасында басқару жүйелерінде ұзақ мерзімді қарым-қатынас орнату (ұйымды басқару тұжырымдамасы, басқару құрылымының құрылымы, қызметкерлер, нұсқаулық, рационализация, реттеу, бақылау және қадағалау).

2. Ұйымдастырушылық-әкімшілік – адамдар мен бөлімдердің бірлескен қызметін жедел басқаруды қамтамасыз етеді. (бұл әдістер келісімшарттар, бұйрықтар, нұсқаулар, шешімдер түрінде жүзеге асырылады).

3. Ұйымдастыру және тәртіптік - ұйымдастырушылық қатынастар мен қарым-қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ету, қызметкерлердің міндеттерді орындау үшін жауапкершілігі.

Ұйымдастыру әсерлері қызметкерлердің қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар: ұйымның жарғысы, бөлімшелердің ережелері, ұжымдық шарт, лауазымдық нұсқаулықтар, ішкі ережелерге негізделеді. Бұл құжаттар ұйым басшысының міндетті бұйрығымен жүзеге асырылады.

Бұл топқа жататын ***әдістер***: *директива* (өткізілетін іс-шаралардың мақсаты, міндеттері, тәртібі, реті және орындалу мерзімі көрсетілетін, жазбаша түрдегі қызметтік құжат); тәртіпті белгілеу, міндеттерді бөлу, реттеу, нұсқау беру, бұйрық, қаулы, жалпыға бірдей талап қою, жауапкершілік жүктеу, тапсырмалар беру және оны орындау критерийлерін анықтау. *Бұйрық* - бағыныштыларды өз уақытында қабылданған шешімдерді нақты орындау үшін міндеттейді. *Тапсырыстар* ұйым басшысының атынан беріледі. *Жарлық* бұйрыққа қарағанда ұйымның барлық функцияларын қамтымайды, ол басшылықтың және құрылымдық бөлімшенің нақты функциялары шеңберінде орындау үшін міндетті болып табылады. Жарлықтарды, әдетте, мектеп басшысының орынбасары атынан беріледі.

Нұсқаулықтар мен нұсқаулар басқару процесін жедел түрде реттеуге және қызметкерлердің шектеулі санына бағытталған. *Тәртіптік жауапкершілік пен айыппұлдар.* Тәртіп Еңбек кодексіне, басқа заңдарға, ұжымдық шартқа, келісімдерге, еңбек шартына және ұйымның жергілікті нормативтік актілеріне сәйкес айқындалған тәртіп ережелеріне бағынатын барлық қызметкерлер үшін міндетті болып табылады. Жұмыс беруші қызметкерлерге еңбек тәртібін сақтауға қажетті жағдайларды жасауға міндетті. Мектептің жұмыс тәртібі ішкі еңбек нормаларының ережелерімен анықталады. Тәртіптік құқық бұзушылық жасағаны үшін, яғни, жұмыс берушінің өз міндеттеріне жүктелген кінәсінен қызметкер орындамаған немесе тиісінше орындамағаны үшін жұмыс беруші келесі тәртіптік жазаларды қолдануға құқылы: ескерту, сөгіс, тиісті негіздер бойынша жұмыстан босату. Бұл әдістердің негізгі *механизмдері*: ықпал ету, жауапкершілік, талап қою. Аталған әдістер нақты атқарушылардың, орындау мерзімін көрсетеді және орындау талап етіледі. Ұйымдастырушылық- реттеушілік әдістерді қолдану білім беру мекемесі қызметінің жағдайына, басшының кәсіби құзыреттілігіне байланысты.

Экономикалық әдістер – педагог мамандар мен білім алушылардың еңбектерін бағалауға негізделген, іс әрекет нәтижелерін материалдық ынталандыру тәсілдері, экономикалық ынталар мен жетістіктер жиынтығы, жанама әсер етеді, қажетті бағытта қызметкерлердің қызметін ұйымдастыру.

Экономикалық әдіс- ұйымның қызмет етуі мен дамуына жағымды жағдайды

құруға мақсатты түрде ықпал ететін құралдар мен тәсілдердің жиынтығы. Бұл топқа жататын *әдістер*: экономикалық есеп, жоспарлау, болжау, экономикалық талдау, экономикалық негіздеме, қаржыландыру, экономикалық ынталандыру: сыйақы, еңбекақы, марапаттау, материалды көмек. Ал міндеттемелерді бұзушыларға айыппұл әдістері (қызмет лауазымын төмендету, жұмыстан босату т.б.) қолданылады. *Қорытынды нәтиже үшін марапаттау әдісі* топтың мүдделерін ынталандырады, ұжымдастыруды көтермелейді және жекелеген құрылымдық бөлімшелердің белгілі бір нәтижелерге қол жеткізу үшін жалақы қорынан төленеді: еңбек өнімділігін арттыру; өнімдердің, жұмыстардың және қызметтердің сапасын арттыру; ресурстарды үнемдеу және т.б. Басқару әдістері бір-бірімен тығыз байланысты. Мысалы, қызметкердің лауазымы өсетін болса, соған сай оның еңбекақысы да өседі.Басқарудың барлық әдістері бір-бірінен оқшауланбайды, өйткені олар белгілі бір мақсатқа жету үшін басқару жүйесіне ықпал ету жолдарын білдіреді. Белгілі мақсаттарды, сондай-ақ басқару функцияларын жүзеге асыру үшін жоғарыда аталған басқару әдістері қолданылады.

Басқаруды ұйымдастырудың салыстырмалық сипаты

Оқу мекемелерін басқаруда басты рөлді мектеп директоры, ал оқу-тәрбие процесін басқаруды директор және оның орынбасарлары атқарады. Директордың функционалдық міндеттері жалпы білім беретін мекемелердің типтік қағидаларында көрсетіледі.

Мектептегі жұмыстың жекелеген бағыттары бойынша жұмыс директордың орынбасарына жүктеледі. Бұлар оқу-тәрбие жұмысы орынбасары, сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастырушы, профильдік сыныптар немесе жекелеген пәндерді тереңдете оқыту сыныптары бойынша орынбасары, шаруашылық жөніндегі директордың орынбасары болып бөлінеді. Соңғы жылдары мектептерде ғылыми жұмыстар бойынша директордың орынбасары, әлуметтік-педагогикалық реабелитация жөніндегі директордың орынбасары, коммерция бойынша орынбасарлары міндетті қызметті қызметтерін атқарушылар да тағайындалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Педагогический менеджмент и управление развитием образования/ Баймолдаев Т. М., Безруков В. И, Носков И. А, Соловова Н. А. 2-е издание.-

Алматы, 2008.-460 стр.

2. Құлыбаева Д. Халықаралық типтегі мектептердің білім беру жүйесін басқарудың әдіснамалық негіздері.- Алматы, «Эдельвейс», 2010. -458 б.

3. Конаржевский Ю.А. Менеджмент и внутришкольное управление. М.: Центр "Педагогический поиск", 2000.- 224 стр.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ.

Тыныштық Асел Мадиқызы
Ақтөбе обылыс Байғанин ауданы
Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы
орта мектеп-гимназиясының
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Андатпа. Мақалада дене шынықтыру сабағы арқылы оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы жан-жақты қарастырылады. Қазіргі қоғамдағы қозғалыс белсенділігінің төмендеуі, ақпараттық технологиялардың әсері және денсаулыққа кері факторлар жағдайында дене шынықтыру пәнінің білім беру жүйесіндегі рөлі айқындалады. Автор дене шынықтыру сабағының оқушылардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуына ықпалын сипаттай отырып, салауатты өмір салты ұғымының мазмұнын ашады. Мақалада заманауи педагогикалық тәсілдер, атап айтқанда фитнес элементтері, ұлттық спорт түрлері, ойын технологиялары және денсаулық сақтау технологияларын қолданудың тиімділігі негізделген. Сонымен қатар, қозғалыс белсенділігінің оқушылардың оқу мотивациясы мен танымдық қабілеттеріне әсері талданып, дене шынықтыру пәнінің тәрбиелік және сауықтыру әлеуеті көрсетіледі. Мақала дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне, әдіскерлерге және білім беру саласының мамандарына арналған.

Кілт сөздер: дене шынықтыру сабағы, салауатты өмір салты, қозғалыс белсенділігі, ұлттық спорт түрлері, денсаулық сақтау технологиялары.

Қазіргі қоғамда оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайту – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, қозғалыс белсенділігінің азаюы, дұрыс тамақтанбау және күйзеліс факторлары жасөспірімдер денсаулығына кері әсерін тигізуде. Осы орайда дене шынықтыру пәні оқушылардың физикалық дамуын қамтамасыз етумен қатар, салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі құралы болып табылады.

Дене шынықтыру сабағы – оқушыларды қозғалысқа баулитын, дене қабілеттерін дамытатын және тұлғаның рухани-әлеуметтік қасиеттерін қалыптастыратын маңызды пән. Сондықтан бұл пәннің мазмұнын жаңаша ұйымдастыру, оның тәрбиелік және сауықтыру мүмкіндіктерін тиімді пайдалану өзекті мәселе болып саналады.

Дене шынықтыру пәнінің білім беру жүйесіндегі орны. Дене шынықтыру – жеке тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған пән. Ол оқушылардың:

1. Денсаулық деңгейін арттыруға;
2. Күш, жылдамдық, ептілік, төзімділік сияқты физикалық қасиеттерін дамытуға;
3. Тәртіптілік, жауапкершілік, табандылық секілді тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар дене шынықтыру сабағы оқушылардың психологиялық күйін тұрақтандырып, оқу жүктемесінен туындайтын шаршауды азайтады.

Салауатты өмір салты ұғымы және оның құрамдас бөліктері. Салауатты өмір салты – адамның физикалық, психологиялық және әлеуметтік денсаулығын сақтауға бағытталғн дағдылар жиынтығы. Оның негізгі компоненттері:

1. Күн тәртібін сақтау;
2. Тұрақты дене белсенділігі;
3. Дұрыс және теңгерімді тамақтану;
4. Зиянды әдеттерден бас тарту;
5. Жеке бас гигиенасын сақтау.

Дене шынықтыру пәні осы компоненттердің барлығын кешенді түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Дене шынықтыру сабақтары арқылы денсаулықты нығайту. Дене жаттығулары ағзаның барлық жүйелеріне оң әсер етеді:

1. Жүрек-қантамыр жүйесін нығайтады;
2. Тыныс алу жүйесінің жұмысын жақсартады;
3. Бұлшық ет пен сүйек жүйесін дамытады;
4. Иммунитетті күшейтеді.

Сабақ барысында дұрыс таңдалған жаттығулар оқушылардың жас ерекшелігі мен физиологиялық мүмкіндіктеріне сай болуы тиіс. Бұл жарақаттың алдын алып, дене дайындығын тиімді арттыруға көмектеседі.

Қозғалыс белсенділігі және оқушылардың психологиялық дамуы. Қозғалыс белсенділігі тек физикалық дамуға ғана емес, оқушылардың психологиялық жағдайына да әсер етеді. Дене шынықтыру сабақтары:

1. Күйзелісті төмендетеді;
2. Эмоциялық тұрақтылықты арттырады;
3. Өзіне деген сенімділікті қалыптастырады;
4. Ұжымда қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады.

Командалық ойындар (футбол, волейбол, баскетбол) оқушыларды бірлікке, ынтымақтастыққа және өзара көмекке тәрбиелейді.

Қазіргі заманғы дене шынықтыру сабағындағы заманауи тәсілдер. Қазіргі дене шынықтыру сабағы дәстүрлі жаттығулармен ғана шектелмей, оқушылардың денсаулығын нығайтуға, қозғалыс белсенділігін арттыруға және сабаққа қызығушылығын дамытуға бағытталған заманауи педагогикалық тәсілдерге негізделеді. Мұндай тәсілдер оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етеді.

Фитнес элементтерін қолдану. Фитнес элементтері – оқушылардың жалпы физикалық дайындығын арттыруға бағытталған жаттығулар кешені. Дене шынықтыру сабағында аэробика, степ-аэробика, йога, пилатес, стретчинг, функционалдық жаттығулар сияқты фитнес түрлері кеңінен қолданылады. Бұл жаттығулар бұлшық еттерді нығайтуға, икемділік пен төзімділікті дамытуға, тыныс алу мен жүрек-қантамыр жүйесінің жұмысын жақсартуға ықпал етеді. Сонымен қатар, фитнес элементтері сабақтың мазмұнын әртараптандырып, оқушылардың дене шынықтыруға деген қызығушылығын арттырады.

Ұлттық спорт түрлерін енгізу. Ұлттық спорт түрлерін дене шынықтыру сабағына енгізу – оқушыларды ұлттық құндылықтарға баулудың тиімді жолы. Қазақтың дәстүрлі спорт ойындары мен жарыстары, атап айтқанда, асық ату, тоғызқұмалақ, арқан тарту, аударыспақ, қазақша күрес элементтері оқушылардың күшін, ептілігін, жылдамдығын және ойлау қабілетін дамытады.

Бұл тәсіл оқушылардың патриоттық сезімін қалыптастырып, ұлттық мәдениетке деген құрметін арттырады, сонымен қатар дене шынықтыру сабағының тәрбиелік мәнін күшейтеді.

CLIL әдісін табысты қолдану мұғалімнің кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты. Мұғалім оқу материалын дұрыс жоспарлап, тілдік деңгейге сай бейімдеуі қажет. Сонымен қатар қолайлы психологиялық орта қалыптастыру да маңызды.

Мұғалімнің негізгі міндеттері:

• оқу мақсаттарын нақты анықтау;

• тілдік қолдауды қамтамасыз ету;

• оқушылардың қателесуіне түсіністікпен қарау;

• ынталандырушы бағалау әдістерін қолдану.

CLIL әдісін енгізудегі қиындықтар және оларды шешу жолдары

CLIL әдісін енгізу барысында бірқатар қиындықтар туындауы мүмкін. Атап айтқанда, оқушылардың тілдік деңгейінің әркелкілігі, оқу материалдарының жеткіліксіздігі және мұғалімнің тілдік дайындығы.

Бұл мәселелерді шешу үшін:

• тапсырмаларды саралау;

• визуалды материалдарды кеңінен қолдану;

• мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру қажет.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, CLIL әдісі химия пәнін оқытудың тиімді заманауи тәсілі болып табылады. Бұл әдіс оқушылардың пәндік және тілдік құзыреттілігін қатар дамытып, білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Сондықтан CLIL технологиясын химия сабақтарында жүйелі түрде қолдану білім беру үдерісінің тиімділігін арттырады.

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА КРЕАТИВТІ ОЙЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Тулебаева Аяулым Туребековна
Жамбыл облысы, Тараз қаласы
«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Тараз қаласының білім бөлімі
№34 орта мектебі» КММ

Қазіргі жаһандану жағдайында әлемдік бәсекелестіктің күшеюі білім беру саласына жаңа талаптар қойып отыр. Қазақстанда жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағытталып, құзыреттілік ұстанымына негізделген. Бұл үрдіс еліміздің білім беру жүйесінің дамыған мемлекеттер моделіне сәйкес келіп, халықаралық деңгейде танылуына жол ашуда.

Сонымен қатар, 2012–2021 жылдарға арналған оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі Ұлттық іс-қимыл жоспары мен PISA халықаралық зерттеулерінің талаптары білім мазмұнын жаңаша қарастыру қажеттігін айқындады. Бұл жағдай география пәнінде оқытудың тиімді әдістерін қолдануға ерекше мән беруді талап етеді.

PISA (Programme for International Student Assessment) халықаралық зерттеуінің басты мақсаты – 15 жастағы оқушылардың математикалық, жаратылыстану және оқу сауаттылығын бағалау. Бұл зерттеу тек оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін емес, алған білімді өмірлік жағдаяттарда қолдану қабілетін, шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

География сабағында креативті ойлау тапсырмаларын қолдану арқылы оқушылар:

- қоршаған ортаны кеңістіктік тұрғыда түсінуге;
- географиялық құбылыстар мен үдерістерді талдауға;
- адам әрекетінің табиғатқа әсерін бағалауға;
- теориялық білімдерін нақты өмірлік жағдаяттармен байланыстыруға үйренеді.

Креативті ойлау тапсырмалары оқушыны дайын ақпаратты қабылдаушы емес, мәселені шешуші, зерттеуші тұлға ретінде қалыптастырады. Мұндай тапсырмалар көбінесе өмірлік жағдайларға негізделіп, пәндік мазмұнды сол контекст арқылы ашуға бағытталады.

PISA форматындағы тапсырмаларды құрастырудағы негізгі тәсілдер

PISA зерттеулеріне сәйкес тест тапсырмаларын құру барысында төмендегі мәселелерге назар аудару қажет:

1. Блум таксономиясының 6 деңгейін пайдалану, әсіресе синтез, талдау, бағалау дағдыларын дамытуға басымдық беру.
2. Өмірлік жағдаятқа негізделген тапсырмалар құрастыру арқылы білімді практикада қолдануға үйрету.
3. Сабақ құрылымын өзгерту, белсенді оқыту стратегияларын пайдалану және әр 10 минут сайын жағдаятты ауыстырып отыру.
4. Тапсырма алгоритмін алдын ала түсіндіру, оқушының әрекет ретін айқындау.
5. Эксперименттік және зертханалық жұмыстар арқылы оқушыны өзін-өзі бағалауға, өз жұмысының дұрыстығын тексеруге үйрету.

Бұл әдістер оқушының логикалық ойлауын, сыни көзқарасын, зерттеушілік дағдыларын қалыптастырып, функционалдық сауаттылығын арттырады.

Құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың тиімді жолдарының бірі – география сабақтарында креативті ойлау тапсырмаларын жүйелі түрде қолдану. Мұндай тапсырмалар оқушылардың

танымдық қызығушылығын арттырып, географиялық білімді әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдана алу қабілетін қалыптастырады.

Сонымен қатар, бұл жұмыс мұғалімнен жоғары кәсіби біліктілікті, шығармашылық ізденісті талап етеді. Нәтижесінде, география пәні арқылы оқушыларды бәсекеге қабілетті, функционалдық сауатты, өздігінен шешім қабылдай алатын тұлға ретінде тәрбиелеуге толық мүмкіндік туады.

ЖАЗЫЛЫМ МЕН ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫСЫН МЕҢГЕРТУДІҢ ТҮРЛІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ (7-8-СЫНЫПТАР)

(Авторлық бағдарламаны тәжірибеде қолдану және зерттеу нәтижелері)

Умбетаева Гулмира Затиллаевна

Түркістан облысының білім басқармасының Жетісай ауданының білім бөлімінің
«№ 44 «Жаңа дала» жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің
ұазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Аңдатпа. Бұл мақалада 7-8-сынып оқушыларына арналған жазылым және тыңдалым дағдыларын дамытуға бағытталған авторлық бағдарлама тәжірибеде қолданылып, оның нәтижелері талданады. Бағдарлама жобалық жұмыс, интербелсенді оқыту, коммуникативтік әдістер және цифрлық білім беру ресурстарын кіріктіру негізінде құрылған. Авторлық әдістемені мектеп жағдайында қолдану барысында оқушылардың мәтін құрау, ойды жүйелі жеткізу, ақпаратты тыңдап түсіну және талдау дағдыларының айтарлықтай артқаны байқалды. Зерттеу нәтижелері жазылым мен тыңдалым әрекеттерін интеграциялап оқытудың оқушының тілдік құзыреттілігін дамытуға оң ықпал ететінін дәлелдейді.

Түйінді сөздер: жазылым, тыңдалым, функционалдық сауаттылық, авторлық бағдарлама, әдістемелік тәжірибе, тілдік құзыреттілік, коммуникативтік әдіс.

Кіріспе

Қазіргі білім берудің басты міндеттерінің бірі – оқушылардың тілдік және коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту. XXI ғасыр дағдыларына сәйкес тұлға тек ақпаратты қабылдаушы емес, оны талдай алатын, пікір білдіретін, дәлелдей білетін белсенді қатысушы ретінде қалыптасуы тиіс. Бұл тұрғыда жазылым мен тыңдалым әрекеттерін жүйелі және мақсатты дамыту – тілдік білім мазмұнының негізгі бағыты болып табылады.

Жазылым дағдысы – оқушының ойды құрылымдап, грамматикалық және стилистикалық нормаға сай жеткізе алу қабілеті болса, тыңдалым – ақпаратты қабылдап, мағынасын түсіну, негізгі ойды ажырату, бағалау және интерпретациялау үдерісі. Бұл дағдылардың дамуы оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен академиялық жетістігіне тікелей әсер етеді.

Отандық және шетелдік зерттеулерде (Д.Байрон, Л.Выготский, J.Harmer, C.Nuttall және т.б.) тілдік әрекет түрлерін интеграциялап оқыту білім сапасын арттырудың тиімді тетігі ретінде қарастырылады. Қазақстандық педагог-зерттеушілер еңбектерінде де жазылым мен тыңдалым дағдыларын дамыту үшін дамыта оқыту, жобалық және саралап оқыту технологияларын қолданудың маңызы атап өтіледі.

Алайда мектеп тәжірибесінде жазылым тапсырмалары көбіне тек

орфографиялық дағдыларды, ал тыңдалым тапсырмалары мәтін мазмұнын формалды қайталауға бағытталатыны байқалады. Осыған байланысты тілдік әрекеттерді шынайы коммуникативтік жағдаяттарда қолдануға мүмкіндік беретін әдістемелік үлгілерді әзірлеу өзекті болып отыр.

Осы мақалада 7-8-сынып оқушыларына арналған «Жазылым мен тыңдалым дағдыларын дамыту» атты авторлық бағдарлама мазмұны, оны тәжірибеде қолдану ерекшеліктері және зерттеу нәтижелері ұсынылады.

Бағдарламаның негізгі **мақсаты** – оқушылардың тілдік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, ақпаратты тыңдап түсіну және оны жазба түрде сауатты жеткізе алу дағдыларын дамыту [1].

Әдістеме

Авторлық бағдарлама коммуникативтік және конструктивистік оқыту теорияларына негізделіп құрастырылды. Бағдарламаның негізгі әдіснамалық ұстанымдары:

1. интеграциялылық – тыңдалым мен жазылым әрекеттерін бірлескен оқу тапсырмаларында ұштастыру;

2. оқушы белсенділігі – оқушыны білім алудың субъектісі ретінде қарастыру;

3. рефлексия – нәтижені бағалау, өзіндік талдау жүргізу;

4. саралау – оқушылардың жеке ерек

5. шеліктерін ескеру.

Бағдарлама құрылымы

Сабақ бағыты	Негізгі әрекет	Үлгі тапсырмалар
Тыңдалым мәтінімен жұмыс	Негізгі ойды анықтау	Аудио-әңгіме, подкаст тыңдау
Жазылым әрекеті	Мәтін құрастыру	пікір эссе, рецензия, қысқаша конспект
Рефлексия	Бағалау және талдау	кері байланыс парағы

Кесте 1 – Бағдарлама құрылымының үлгісі

Бағдарламада төмендегідей әдіс-тәсілдер қолданылды:

- **Case-әдісі** (жағдаяттық талдау);
- **Жобалық жұмыс** (топтық жазбаша жоба);
- **«Тыңда – талда – жаз» технологиясы**;
- **Mind-map стратегиясы**;
- **Цифрлық платформалар** (Bilimland, Quizlet, Padlet).

Негізгі сабақ алгоритмі

1. алдын ала тыңдалым тапсырмасы;
2. мәтінді тыңдау;
3. мазмұнды талдау және пікір алмасу;
4. жазылым тапсырмасы;
5. рефлексия.

Тыңдалым мәтіндері деңгейге сай іріктеліп, A2-B1 шкаласы бойынша сараланды.

Тапсырмалар Bloom таксономиясы негізінде құрылды: **түсіну → қолдану → талдау → бағалау.**

Бағалау түрлері:

- қалыптастырушы бағалау
- өзін-өзі бағалау парағы
- топтық өзара бағалау [2].

Практикада қолдану

Авторлық бағдарлама 2024-2025 оқу жылында 7-сыныптың екі, 8-сыныптың бір параллель сыныбында тәжірибелік-эксперименттік жұмыс ретінде сынақтан өткізілді. Зерттеуге барлығы 78 оқушы қатысты. Сыныптар шартты түрде тәжірибелік және бақылау топтарына бөлінді. Тәжірибелік топта авторлық бағдарламаның әдістемелік модульдері жүйелі түрде енгізілсе, бақылау топтарында дәстүрлі оқыту тәсілдері сақталды. Эксперимент барысында сабақ кестесі, оқу жүктемесі және оқу бағдарламасының базалық мазмұны өзгертілмей, тек оқыту технологиялары мен тапсырма форматы жаңартылды.

Эксперимент үш кезеңнен тұрды: бастапқы диагностика, аралық мониторинг және қорытынды бағалау. Бастапқы диагностика кезеңінде оқушылардың тыңдалым және жазылым дағдыларының

бастапқы деңгейі арнайы құрастырылған диагностикалық тапсырмалар арқылы анықталды. Аралық мониторинг кезеңінде оқушылардың ілгерілеу динамикасы қадағаланып, қалыптастырушы бағалау, бақылау жұмыстары, рефлексиялық жазбалар және портфолио материалдары талданды. Қорытынды бағалау кезеңінде тыңдалым мен жазылым құзыреттіліктері қайта тексеріліп, бастапқы нәтижелермен салыстырмалы талдау жүргізілді.

Эксперименттік жұмыс барысында оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі, тапсырманы орындау уақыты, рефлексивтік жауаптары, топтық және дербес жұмыс дағдылары да қосымша зерттеу индикаторлары ретінде қарастырылды. Зерттеу нәтижелері сандық (пайыздық көрсеткіштер, диаграммалар) және сапалық (оқушы жұмыстарының мазмұндық талдауы, мұғалім бақылау жазбалары) талдау әдістері арқылы өңделді.

Бастапқы диагностика нәтижесі

Дағды түрі	Орташа нәтиже (%)
Тыңдалым	54%
Жазылым	48%

Кесте 2 – Бастапқы диагностика нәтижелері

Сабақ барысында төмендегідей тапсырмалар тиімді болды:

❖ подкаст тыңдап, оқиға желісі бойынша **Times-line жазу**;

❖ бейнефрагменттен кейін **кейіпкер атынан хат жазу**;

❖ «микроэссе», «рефлексиялық күнделік» тәсілдері;

❖ «қателері бар мәтінді редакциялау».

Оқушылар жұмыстарының сапалық талдауы

Талдау нәтижесі көрсеткендей:

❖ мәтін құрылымы жақсарды;

❖ логикалық байланыстар артты;

❖ емле-пунктуация қателері азайды;

❖ пікір білдіру дағдысы дамыды.

Қорытынды нәтижелер

Дағды түрі	Бастапқы	Қорытынды
Тыңдалым	54%	78%
Жазылым	48%	82%

Кесте 3 – Қорытынды көрсеткіштер




Диаграмма 1 – Нәтижелер динамикасының диаграммасы

Бағдарлама артықшылықтары:
✓ оқушы белсенділігі артады;
✓ тілдік қарым-қатынас табиғи қалыпта дамиды;
✓ цифрлық құралдар мотивацияны күшейтеді.
Кемшіліктері:
✓ тыңдалымға сапалы аудиоматериал іріктеуді қажет етеді;
✓ уақыттық ресурс көп талап етеді;
✓ саралау үшін қосымша материал қажет.

Ұсыныстар

Әдістемені оқу тәжірибесіне енгізуде төмендегі ұсыныстар тиімді деп есептеледі:
1. Тыңдалым мәтіндерін күрделілігі бойынша саралап, әр деңгейге бейімдеу.
2. Жазылым тапсырмаларын тексеруде **критерийлік бағалау** жүйесін қолдану.
3. Оқушыларға үздік жұмыстарын **портфолио форматында** жинақтауды ұсыну.
4. Цифрлық платформаларды шамадан тыс қолданбай, **тепе-теңдік сақтау**.
5. Тыңдалым тапсырмаларынан кейін міндетті түрде **рефлексиялық жазылым** орындату.

Педагогтерге ұсыныс – бағдарламаны пән мазмұнына механикалық енгізуден гөрі, сынып ерекшелігі мен оқу деңгейіне қарай бейімдеу. Әдістемені ауыл және шағын жинақты мектептерде қолдану үшін офлайн-нұсқа әзірлеу де тиімді болмақ [3].

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері 7-8-сынып оқушыларының жазылым мен тыңдалым дағдыларын интеграциялап дамыту оқу мотивациясын арттырып, тілдік құзыреттілікті қалыптастыруға елеулі ықпал ететінін көрсетті. Авторлық бағдарлама оқу процесіне жаңаша қарым-қатынас енгізіп, оқушыны белсенді білім алушы ретінде тануға мүмкіндік береді.

Практикалық нәтиже ретінде оқушылардың мәтінді түсіну, ойды жүйелеу, ақпаратты талдау және жазбаша жеткізу дағдыларының сапалы түрде артқаны анықталды. Бағдарлама мектеп тәжірибесінде қолдануға қолайлы және педагогтерге әдістемелік құрал ретінде ұсынылуы мүмкін.

Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған мәліметтер жазылым мен тыңдалым тапсырмаларын шынайы қарым-қатынас жағдайларына бағыттау оқушылардың өмірлік дағдыларын, сын тұрғысынан ойлау қабілетін және пікірін дәлелдеп жеткізу мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетті. Бұл өз кезегінде тұлғалық дамуға, оқу жетістігінің тұрақты өсуіне және оқушының оқу үдерісіндегі белсенді субъект ретіндегі рөлін нығайтуға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері авторлық бағдарламаны тек тіл пәндерінде ғана емес, жаратылыстану-математикалық бағыттағы сабақтарда да қолдануға болатынын айғақтайды. Тыңдалым мен жазылым дағдыларын пәнаралық байланыс негізінде дамыту – оқушылардың академиялық сауаттылығын арттырумен қатар, функционалдық және әмбебап құзыреттерін жетілдіруге жағдай жасайды. Бұл тәсіл қазіргі білім беру жүйесінің жаңартылған мазмұны мен халықаралық талаптарына толық сәйкес келеді.

Қолданылған деректер тізімі:

1. Ахметова Г.К. Мектеп оқушыларының жазылым дағдысын дамыту технологиялары: оқу-әдістемелік құрал. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. - 204 б.
2. Құдайбергенова Д.С. Заманауи білім беруде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру: монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 312 б.
3. Жұбанова Ж. Тілді оқытудағы коммуникативтік тәсіл: әдістемелік құрал. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 186 б.
4. Қоңырбаева А.М. Тыңдалым және айтылым дағдыларын дамыту әдістері: орта мектепке арналған әдістемелік құрал. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2021. - 224 б.
5. Оразалиева Л.Б. Жазылым дағдысын қалыптастырудың педагогикалық негіздері: оқу құралы. – Алматы: Рауан, 2020. - 280 б.

РЕБЕНОК С АУТИЗМОМ В ОБЫЧНОЙ ШКОЛЕ

Утегенова Алия Махсатовна
г.Актобе Саздинская средняя школа
учитель географии

В Казахстане инклюзивное образование для детей с аутизмом во всех общеобразовательных школах официально началось в 2021 году с введением должности педагога-ассистента. По словам председателя Комитета дошкольного и среднего образования МОНРК, педагог-ассистент не заменяет учителя, а помогает детям адаптироваться к учебному процессу и направляет их. Это особенно важно в инклюзивном образовании, где требуется индивидуальный подход к детям с особыми образовательными потребностями.

Предпосылки и перемены - ранее дети с расстройствами аутистического спектра (РАС) обучались на дому или в специализированных школах. В некоторых регионах их даже считали «необучаемыми», что лишало возможности социализации и выявления сильных сторон. Переход к инклюзивному образованию – важный шаг вперед.

Эмоциональная поддержка и предсказуемость - при поступлении в школу ребенок с аутизмом особенно нуждается в эмоциональном контакте. Важна четкая и структурированная организация школьной жизни: расписание уроков, перемен и других активностей. Предсказуемость помогает ребенку осознать происходящее и использовать установленные правила в своем поведении. Любые неожиданные изменения (отмена или замена урока, перестановка в расписании)могут вызывать дискомфорт и изменения в поведении. Как показывает практика, большинство поведенческих сложностей связано с общей напряженностью: шумом в классе или конфликтами с другими учениками.

Основная задача педагога-ассистента – помочь ребенку адаптироваться к школьной среде, постепенно усложняя и развивая привычный порядок взаимодействия, вводя новые вариации. Важно, чтобы педагог-ассистент, учитель, логопед, дефектолог и психолог работали в команде, своевременно оказывая ребенку дополнительную индивидуальную помощь. Это необходимо для определения подходящего режима освоения учебных навыков. *Опыт успеха – важная предпосылка преодоления трудностей.*

Большинству детей с аутизмом требуется помощь в развитии представлений о себе и окружающем мире, в понимании других людей, в овладении навыками коммуникации и взаимодействия, а также в преодолении бытовой неприспособленности и социальной наивности. Важно помнить, что такие дети могут быстро усваивать сложную информацию, но при этом нуждаются в дополнительной поддержке в понимании простых, обыденных вещей. В таких ситуациях помощь школьного психолога может быть более эффективной, чем поддержка ассистента "со стороны".

Поскольку детям с аутизмом часто бывает трудно переносить знания и навыки из специальных занятий в реальную жизнь, особенно важна помощь, оказываемая "на месте", во время школьных занятий.

Организация обучения: практические аспекты

К школьному возрасту многие дети с аутизмом уже обладают определенными школьными навыками: знают буквы и цифры, умеют читать, а некоторые – писать и считать. У них может быть хороший словарный запас и обширные знания в областях, которые им интересны.

Важно, чтобы учителя не боялись работать с такими детьми. При терпении и понимании многие трудности со временем

сглаживаются. Главное – предоставить ребенку реальный опыт обучения вместе с другими детьми.

С какими трудностями может столкнуться учитель?

- Ребенок может вести себя как более младший: с трудом сидеть за партой, вставать, ходить по классу.
- Может казаться, что ребенок не обращает внимания на речь учителя или его инструкции. На самом деле, он воспринимает происходящее, но не всегда может сразу сконцентрироваться и отреагировать.
- Ребенок может выполнять задания медленно и неловко.

Важно помнить, что не стоит торопиться привести ребенка в соответствие с общепринятыми нормами поведения. Спешка может привести к тому, что ребенок замкнется или, наоборот, начнет активно протестовать. **Перевозбуждение, смех или плач часто связаны с перегрузкой впечатлениями.**

Учителям необходима на начальном этапе поддержка педагога-ассистента, а также совместный анализ возникающих проблем для понимания причин "неправильного" поведения ребенка. Дети с аутизмом характеризуются психической незрелостью, утомляемостью, возбудимостью и зависимостью от физического состояния и погодных условий. С возрастом эти трудности обычно уменьшаются.

В начале обучения новизна обстановки может являться сильным стрессовым фактором. Особенно сложно ребенку адаптироваться к обществу других детей. Он может легко возбуждаться, радоваться шалостям одноклассников и пытаться их повторять. Важно помнить, что это первые попытки быть "как все", и их нельзя игнорировать.

При этом важно сохранить нормальные условия обучения для других детей. Ассистент может помочь, постепенно подключая ребенка к общим занятиям, начиная с тех, к которым он уже подготовлен индивидуально. Присутствие ассистента (или даже соседа по парте) может помочь ребенку организовать себя.

Постепенно дети с аутизмом усваивают правила поведения на уроке, и это помогает им избегать срывов. Важно, чтобы учитель осознавал важность четкой организации пространства класса, установления ритуалов общения с учениками и предсказуемого порядка урока.

Советы учителям:

- Обеспечьте четкую и предсказуемую структуру урока.
- Избегайте внезапных изменений и провокаций.
- Уберите из поля зрения ребенка предметы, которые могут его отвлечь (книги, игрушки и т.д.).
- Помните, что ребенок может усваивать материал даже тогда, когда кажется рассеянным.

Если учитель будет знать, что происходит с ребенком дома, то сможет лучше оценить его заинтересованность в учебе.

Работа с детьми с аутизмом требует терпения, понимания и командной работы. Педагоги, психологи и родители должны сотрудничать, чтобы создать для ребенка комфортную и поддерживающую среду, в которой он сможет раскрыть свой потенциал.

Рекомендуемая литература и нормативные акты

1. **Закон Республики Казахстан «Об образовании»** (с изменениями и дополнениями по вопросам инклюзивного образования).
2. **Инструктивно-методическое письмо** «Об особенностях образовательного процесса в общеобразовательных школах Республики Казахстан» (актуальный учебный год).
3. **Сулейменова Р. А.** *Основы инклюзивного образования: Учебное пособие.* — Алматы: ННПЦ КП, 2019.
4. **Гилберг К., Питерс Т.** *Аутизм: медицинские и педагогические аспекты обучения и воспитания.* — М.: Владос, 2005.

5. **Морозов С. А.** *Комплексное сопровождение детей с расстройствами аутистического спектра.* — М.: Просвещение, 2015.
6. **Никольская О. С., Баенская Е. Р., Либлинг М. М.** *Аутичный ребенок. Пути помощи.* — М.: Теревинф, 2016.
7. **Омирбекова Ж. К.** *Развитие инклюзивного образования в Казахстане: проблемы и перспективы.* // Вестник КазНПУ им. Абая, 2021.

«MENTOR» ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНАН «ҮЗДІК ҚАЛАМ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫНЫҢ

ТАЛАПТАР/ШАРТТАР:

- Авторлар қолжазбаларды мұқият тексеріп, түзетуі тиіс;
- автордың аты-жөнін (толық), ғылыми дәрежесін, атағын, қызметін, мекеменің толық
- атауын көрсету қажет;
- мақалаға оның мәні мен идеясын айқындайтын сюжетті фотосуреттерді тіркеп
жіберуге болады (сканирленген фотосуреттердің өлшемі 10х15 мм, 300 ppi кем емес);
- пайдаланған кестелер, диаграммалар, графиктерді, пайдаланылған бағдарламалардың
- (Word, Excel, PowerPoint және т.б.) бастапқы пішімінде материалға қоса тіркеу қажет;
- мақала көлемі атауы мен әдебиеттер тізімін қоса санда 3 беттен аспауы қажет;
- мақаланы төмендегідей талаптарға сәйкес ресімдеу керек: Microsoft Word, кегль – 12
- пункт, гарнитурасы - Times New Roman, парақ пішімі - А4, жиектері - 2 см, жоларалық
- интервал – жалаң, бірінші жол – 1, 25 см бос жер, азат жолға дейінгі және кейінгі интервал - 0 см.

ТРЕБОВАНИЯ/УСЛОВИЯ:

- Рукописи должны быть тщательно выверены и отредактированы авторами:
- необходимо указывать: фамилию, имя и отчество автора (полностью), учёную
- степень, звание, должность, полное название учреждения;
- фото автора статьи обязательно и должно иметь размеры не менее 4950х3510
- пикселей (не менее 6х12 мм, 300 ppi), фото в статью не помещать;
- желательно сопроводить статью сюжетными фотографиями, которые будут отражать
- суть и идею статьи (размер отсканированных фото не менее 10х15 мм, 300 ppi);
- используемые таблицы, диаграммы, графики должны прилагаться к материалам в
- исходном формате используемых программ (Word, Excel, PowerPoint и др.);
- аннотация должна содержать только главную информацию статьи, не превышать
- объем 6 строк, выполняться на двух языках, отличающихся от языка статьи (пример: если
- статья написана на русском языке, то аннотация пишется на английском и казахском);
- максимальный объем статьи не более 3 страниц, включая название, список
- литературы;
- статью оформлять в соответствие с требованиями: Microsoft Word, кегль – 14
- пунктов, гарнитура - Times New Roman, формат листа - А4, поля - 2 см, междустрочный
- интервал – одинарный, первая строка – отступ на 1, 25 см, интервал перед и после абзаца – 0 см.
-

Эл. почта: kalam2025@mail.ru